

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы**



**«КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ІСТЕРІ ЖӨНІНДЕГІ  
КОМИССИЯЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ: ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТІН  
ЖЕТІЛДІРУДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ»**

Нұр-Сұлтан  
2022

Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2022 жылғы 25 мамырдағы №6 хаттама)

**«Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі комиссиялардың қызметі: құқық қорғау қызметін жетілдірудің әлеуметтік-педагогикалық шарттары».** Әдістемелік ұсыным. Нұр-Сұлтан: Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2022. – 112 б.

Әдістемелік ұсынымда түрлі деңгейдегі кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі комиссия тәжірибесі сипатталған және ведомстволық комиссия туралы, ережелерге сәйкес кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі комиссия отырысының назарына алынатын негізгі құжаттардың үлгілері берілген. Әдістемелік ұсынымды барлық деңгейдегі кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия мүшелері, хатшылары, әлеуметтік педагогтар, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі мектеп инспекторлары, педагог психологтардың мектеп жасындағы балалармен жұмысы барысында қолдануға болады.

© Б. Алтынсарин атындағы  
Ұлттық білім академиясы, 2022

## Кіріспе

Әдістемелік ұсыным арқауына кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссиялардың қызметі, құқық қорғау қызметін жетілдірудегі әлеуметтік-педагогикалық шарттары өзек етілген. Яғни, бұл нұсқаулық ұсыным жұмысында кәмелетке толмағандардың қылмыс жасауының, құқық бұзушылықтарының және қараусыз қалуының алдын алу, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау аспектілері негізі себептері мен жағдайлары, Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша құқықтық мәртебесі, кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтары профилактикасының құқықтық және әлеуметтік педагогикалық аспектілері, оларды ұйымдастыру шаралары егжей-тегжейіне дейін қарастырылған.

**Әдістемелік ұсыным тақырыбының өзектілігі** Кәмелетке толмағандар ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі Комиссиялар (КІК) қызметінің негізгі бағыттары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының тапсырмасы бойынша «Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссиялардың қызметі жөніндегі құқық қорғау қызметін жетілдірудегі әлеуметтік-педагогикалық шарттары» ғылыми-әдістемелік ұсынымдарын әзірлеу болып табылады.

**Әдістемелік ұсыным тиімділігі** кәмелетке толмаған жасөспірімдердің құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау саласындағы мемлекеттік органдар мен мекемелердің қызметін үйлестірудегі шешімі табылмаған өзекті мәселелердің нормативтік құқықтық базаға өзгерістер енгізу арқылы шешілуі және сол өзгерістердің ведомствоаралық комиссия қызметінің сапасын артуына аса қажет.

**Әдістемелік ұсынымның мақсаты:** Комиссия отырысында өзекті мәселелердің шешілуі мақсатында ведомствоаралық комиссия мүшелерінің ынтымақтастығы мен жұмыс барысындағы алгоритмді жетілдіру және сапасын арттыру.

**Әдістемелік ұсынымның міндеті:**

1. Балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау саласындағы мәселелер, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар, қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу, оларды әлеуметтік оңалту бойынша бағдарламаларды жасау.

2. Кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мен қалпына келтіру, кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз, панасыз қалуына, құқық бұзушылықтары мен қоғамға жат қылықтарына себеп болатын жағдайлар мен оның себептерін анықтау мен жою жөніндегі шараларды жүзеге асыру.

**Күтілетін нәтиже:** комиссия құзырына кіретін мәселелер бойынша кепілдемелер, ұсыныстар жасалады, комиссия қызметінің бағыты, оларға әдістемелік көмек көрсетіледі, кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыру және қорғауға ықпал етіледі.

## 1. Ағымдағы жағдайды талдау

Мемлекеттік әлеуметтік саясаттың басым бағыттарының бірі бала құқығын қорғауды қамтамасыз ету. Қазақстан Республикасының Конституциясында, халықаралық шарттар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерде бекітіліп берілген әлеуметтік-экономикалық, саяси, жеке құқықтары мен бостандықтарының бүкіл толықтығын тануды.

Кәмелетке толмағандардың құқықтарын сақтауды қамтамасыз ету оларды құқықтық қорғаумен тікелей байланысты. Құқықтық қорғау деп қоғамдық қатынастарға қатысушылар ретінде кәмелетке толмағандардың құқықтық мәртебесін белгілейтін (құқығы, міндеттері, құқықтары мен міндеттерін сақтау кепілдігі) және кәмелетке толмағандармен жұмыс істеу жөніндегі органдар жүйесінің қызметін ұйымдастыру негіздерін бекітетін нормативтік құқықтық актілер жиынтығы түсіндіріледі [1].

Құқықтық қорғау кәмелетке толмағандардың тыныс-тіршілігінің барлық саласын: тәрбиені, білім беруді, денсаулық сақтауды, еңбекті, әлеуметтік қамсыздандыруды, бос уақытты өткізуді қамтиды.

Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы 6-бапқа сәйкес, балалар мүддесін көздейтін мемлекеттік саясаттың мақсаты:

1. Қазақстан Республикасының балалар мүддесін көздейтін мемлекеттік саясатының мақсаттары:

1) балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітушілікке жол бермеу;

2) балалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің негізгі кепілдіктерін нығайту, сондай-ақ құқықтары бұзылған жағдайларда оларды қалпына келтіру;

3) бала құқықтары кепілдіктерінің құқықтық негіздерін қалыптастыру, баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі тиісті органдар мен ұйымдар құру;

4) балалардың дене бітімі, интеллектуалдық, рухани және имандылық тұрғысынан дамуына, олардың бойында елжандылық, азаматтық және бейбітшіл сезімдерді тәрбиелеуге, сондай-ақ баланың жеке адами тұлғасының қоғам мүддесі, мемлекет халықтарының дәстүрлері, ұлттық және әлемдік мәдениет жетістіктеріне қол жеткізуі үшін мүмкіндіктерін ашуға жәрдемдесу;

5) кәмелетке толмағандардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін қалыптастыру жөніндегі нысаналы жұмысты қамтамасыз ету;

6) балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғауды қамтамасыз ету болып табылады.

2. Балалар мүддесін көздейтін мемлекеттік саясат мемлекеттік органдар қызметінің басым саласы болып табылады және:

1) баланың құқықтарын заң тұрғысынан қамтамасыз етуге;

2) балаларға толымды тәрбие беруді, олардың құқықтарын қорғауды оларды қоғамда толымды өмір сүруге дайындауды қамтамасыз ету мақсатында отбасын мемлекеттік қолдауға;

3) аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып, балалардың өмірін жақсартуға бағытталған мемлекеттік ең төменгі әлеуметтік стандарттарды белгілеуге және сақтауға;

4) баланың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзғаны, оған зиян келтіргені үшін лауазымды тұлғалардың, азаматтардың жауаптылығына;

5) баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын қоғамдық бірлестіктер мен өзге де ұйымдарды мемлекеттік қолдауға негізделген.

### **Қазақстандағы балалардың құқықтарын қорғау инфрақұрылымы**

Тәуелсіздікке қол жеткізген жылдар ішінде Қазақстанда балалар құқықтарын қорғау жөніндегі ұйымдардың дамыған желісі құрылды. Елімізде балалар мүддесін қорғаумен тоғыз мемлекеттік орган айналысады:

1. Білім және ғылым министрлігі (ҚР БҒМ );
2. Әділет министрлігі;
3. Ішкі істер министрлігі (ҚРІІМ);
4. Денсаулық сақтау министрлігі;
5. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;
8. Бас прокуратурасы;
9. Жоғарғы соты;

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бала құқығы жөніндегі комитетінің 33-ші арнайы сессиясының ұсыныстары негізінде 2006 жылдың қаңтар айында балалардың құқықтары мен заңды мүддесін қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік саясатты жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің **Балалардың құқықтарын қорғау комитеті құрылды.**

2001 жылы елдің барлық облыстарында облыстық, қалалық және аудандық деңгейлерде кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі комиссия желісі құрылған болатын, 2005 жылы **Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия** (КІК немесе комиссиялар) болып өзгертілді. 2001 жылы 11 маусымда Үкіметі №789 «Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия туралы тұрпаттық ережені бекіту туралы» Қаулы (ары қарай – КІК Ережесі) қабылданды.

Ал 2020 жылдың 30 желтоқсанда бұрын құрылған Кәмелетке толмағандар ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялар Қазақстан Республикасы Үкіметінің **«Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру туралы» №950 Қаулысын** қабылдаумен толықтырылды (ВАК). Осы ереженің негізінде «Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы ереже» (бұдан әрі мәтін бойынша - ВАК ережесі) қабылданды.

Үкімет жанындағы Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссия (ВАК) кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтардың алдын алу мен қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын ала ескерту, балалардың құқықтары мен заңды

мүдделерін қорғау саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыруды қамтамасыз ету бойынша ұсыныстарды жасау үшін құрылды.

Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 сәуірдегі № 272-IV «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық бұзушылық профилактикасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы қабылданды, ол Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, қадағалаусыз және панасыз қалудың жеке профилактикасы шаралары олардың тарапынан жаңа құқық бұзушылық жасаудың алдын алу, сондай-ақ оларды жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды жою мақсатында кәмелетке толмағандардың құқықтық санасына және мінез-құлқына мақсатты түрде жүйелі әсер ету үшін қолданылады.

«Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуын алдын ала ескерту туралы» Заңның 13 бабының негізінде арнаулы білім беру ұйымдары туралы Ереже Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 23 наурызда №3510 тіркелген Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің м.а. 2005 жылғы 27 қаңтардағы №42 бұйрығымен бекітілді. Осы құжатқа сәйкес келесі елді мекендерде девиантты мінез-құлықты балаларға арналған сегіз арнаулы білім беру ұйымдары құрылды: Алматы қ., Атырау қ., Ақтау қ., Керней қ. (Қарағанды облысы), Қызылорда облысы, Серебрянск қ. (ШҚО), Павлодар қ., Кентау қ. (ОҚО). Жамбыл облысы (Тараз қ.)

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1098 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 29 қаңтарда № 12953 болып тіркелді. Осыған орай, Ішкі істер органдарының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларының қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекітілді.

Мектеп инспекторы қызметіне педагогикалық, психологиялық және заңгерлік білімі бар, алдын ала үш айлық дайындық-нұсқамадан өткен жас адамдар қабылданады. Мектеп инспекторларының қызметі оқушылар арасындағы қылмыстылықты едәуір төмендетуге ықпал етті.

Қазақстан Республикасында 2001 жылдан бастап кәмелетке толмағандармен жұмыс әдісін өзгерту мақсатында қылмыстық әділ сот жүйесінде «Қазақстандағы ювеналдық әділет» жобасы бойынша жұмыс жүргізіліп келеді, оныңмақсаттары, міндеттерімен ұстанымдары анықталды.

2007 жылғы 30 наурызда Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Құқықтық саясат жөніндегі Кеңес отырысында Қазақстандағы ювеналдық әділет жүйелерін құру туралы мәселе қарастырылды, онда жалпы ювеналдық әділетті құруда ұсынылатын негізгі тәсілдерге қолдау көрсетілген және мүдделі мемлекеттік органдарға мамандандырылған ювеналдық әділет қызметтерінің үлгілерін жасауды аяқтау ұсынылды.

2008 жылғы 19 тамызда Қазақстан Республикасы Президентінің «2009-2011 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында ювеналдық әділет жүйелерін дамыту Тұжырымдамалары туралы» № 646 Жарлығына қол қойылды. Қазақстандағы ювеналдық әділет келесі мамандандырылған қызметтерден тұрады: ювеналдық полиция, ювеналдық прокуратуралар, ювеналдық соттар,

ювеналдық адвокатуралар, ювеналдық қылмыстықатқарушы инспекциялар, әлеуметтік психологтар мен балалар құқығын қорғау бойынша аймақтық органдар.

Ювеналдық әділеттің құрылымды тұжырымдамасын, соның ішінде әлеуметтік қызмет мекемелерін дамыту арқылы қабылдау, қоғамдағы тұрақтылықты нығайтуға, кәмелетке толмағандар ортасындағы шиеленістерді төмендетуге және қоғамда болып жатқан үрдістерге белсенді ықпал етуге мүмкіндік береді.

ҚР ювеналдық әділет жүйесін дамыту тұжырымдамасы 2008 жылы 18 қарашада Қазақстан Республикасы Үкіметінің «2009-2011 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында ювеналдық әділет жүйесін дамыту тұжырымдамасын жүзеге асыру бойынша шаралар Жоспарын бекіту туралы» №1067 Қаулысымен толықтырылды.

Үкіметтік емес ұйымдардың жұмысына жасалған талдау, көптеген ҮЕҰ жұмысы балалар мен әйелдерге көрсетілетін зорлықтан қорғауға бағытталғанын көрсетеді. ҮЕҰ негізгі жұмысы түрлі ақпараттық материалдарды тарату, шығару, заңдық және психологиялық кеңес беру, телефон арқылы кеңес беру, түрлі тақырыптарда білім беру, тренингтік семинарлар, дөңгелек үстелдер ұйымдастырумен байланысты. ҮЕҰ қызметін қаржыландыру қызметін тұрақты және көп жылдық қаржыландыру ұстанымында мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылуын қайта қарастыру олардың кадрлық әлеуетін күшейтеді.

## **2. Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялардың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық құжаттар талдамасы**

Балалар құқығы жөніндегі сараптамалық қоғамдастық балалар қоғамдағы ең әлсіз топ саналады және олардың толыққанды дамуы үшін неғұрлым қолайлы жағдай жасайтын арнайы заңдық және әлеуметтік механизмдерді ұдайы қажет ететінін растайды. Олардың қатарына кәмелеттік жасқа толмаған тұлғалардың құқықтары, еркіндіктері мен заңды мүдделерін дұрыс қамтамасыз етудің негізін, тәртібі мен тәсілдерін жекежеке реттейтін халықаралық құқықтық актілер жиынтығы жатады.

1989 жылы 20 қарашада қабылданған «Бала құқықтары туралы» Конвенция, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы «Бала құқықтары туралы Конвенцияларды бекіту туралы» Қаулысымен бекітілген. Бұл – Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі бекітілген алғашқы халықаралық құжаттардың бірі.

2002 жылдың 8 тамызында «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» Заң қабылданды, бұл заңға Конвенцияның негізгі ережелері, сондай-ақ қолданыстағы заңнама құрамында бар ережелер кірді. Жаңа енгізілімдер қосымша пайдалану үшін жаңа заңнамалық актілерді қабылдауды талап етті. Қазақстан қосымша халықаралық құжаттарды ратификациялады:

Бала еңбегінің аса нашар түрлерін жою жөніндегі шұғыл шаралар мен тыйым салу туралы Конвенция, Женева, 1999 жыл 17 маусым. (Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 26 желтоқсандағы Заңымен ратификациялаған);

Балаларды саудалау, балалар жезөкшелігі мен балалардың арнайы шығармаларына қатысты баланың құқықтары туралы Конвенцияға факультативтік хаттама, Нью-Йорк, 2000 жыл 6 қыркүйек, (Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 4 шілдедегі Заңымен ратификациялаған);

Балалардың қарулы жанжалдарға қатысуына қатысты баланың құқықтары туралы Конвенцияға факультативтік хаттама, Нью-Йорк, 6 қыркүйек 2000 ж. (Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 4 шілдедегі Заңымен ратификациялаған);

Мәжбүрлі немесе міндетті еңбек туралы Конвенция, Женева, 1930 жылғы 28 маусым (Қазақстан Республикасының 14.12.2000 ж. Заңымен ратификацияланған);

Жұмысқа қабылдауға арналған ең төменгі жас туралы Конвенция, Женева, 1973 жылғы 6 маусым (Қазақстан Республикасының 14.12.2000 ж. Заңымен ратификацияланған);

Әйелдерді кемсітудің барлық түрлерін жою туралы Конвенция, 1979 жылғы 18 желтоқсан (ҚР 29.06.1998 ж. қосылу туралы Заңы). 1994 жылы БҰҰ «Бала құқықтары туралы» Конвенциясы ратификацияланған сәттен бастап, Қазақстан Үкіметі балаларды қорғауға арналған халықаралық құқықтың негізгі ережелерін қолданыстағы заңнамаға имплементациялау бойынша жеткілікті жұмыс жүргізілді.

Баланың құқықтық мәртебесі мемлекеттік маңызы бар мәселелер қатарына



жатады, бұл Қазақстан Республикасының Конституциясының 27-бабында көрсетілген, онда неке мен отбасы, аналық, әкелік және балалық шақ мемлекеттің қорғауында болатындығы туралы айтылған.

Қазақстан Республикасының Конституциясы – 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды.

Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі – ҚР 1994 жылғы 27 желтоқсандағы №268-ХІІІ Кодексі

Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (Ерекше бөлім) – ҚР 1999 жылғы 1 шілдедегі №409 Кодексі Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы – ҚР 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 Заңы

Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны ратификациялау туралы – ҚР 2015 жылғы 20 ақпандағы №288-V ҚРЗ Заңы

Балаларға білім беру

Білім туралы – ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-ІІІ Заңы

Балалардың денсаулығы

Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы – ҚР 2020 жылғы 7 шілдедегі №360-VІ ҚРЗ Кодексі

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесі – ҚР Үкіметінің 2020 жылғы 16 қазандағы №672 қаулысымен

Қазақстан Республикасының азаматтарын бюджет қаражаты есебінен шетелге емделуге жіберу қағидалары – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №ҚР ДСМ-46/2020 бұйрығымен өзгертілді

Қазақстан Республикасының қайырымдылық қорлары

Балаларды әлеуметтік қорғау

Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы – ҚР 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV Кодексі

Балалардың қорғанысы мен амандығына қатысты, әсіресе олардың ұлттық және халықаралық деңгейде асырап алуы кезіндегі әлеуметтік және құқықтық принциптер туралы декларация – БҰҰ Бас Ассамблеясының 1986 ж. 3 желтоқсандағы №41/85

Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы – ҚР 2000 жылғы 13 желтоқсандағы №113- II Заңы

Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы – ҚР 2002 жылғы 11 шілдедегі №343 Заңы

«Жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, отбасына тәрбиелеуге (асырап алуға, қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа, патронатқа) берілген балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету» ең төмен әлеуметтік стандарты – ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 10 қыркүйектегі №557 бұйрығы

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардың бала асырап алу жөніндегі мемлекеттік емес агенттіктермен Қазақстан Республикасы азаматтарының отбасыларына жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру

мәселелерінде өзара іс-қимылы бойынша нұсқаулық – ҚР Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 21 тамыздағы №373 бұйрығы

Тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері және баланың құқықтарын қорғау саласындағы бақылау парақтары – ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №708 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 30 желтоқсандағы №832 бірлескен бұйрығы

Туғаннан бастап үш жасқа дейінгі жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, туғаннан бастап төрт жасқа дейінгі, психикасының және дене бітімінің дамуында кемістігі бар балаларға арналған, баладан бас тарту қаупі бар отбасыларды психологиялық-педагогикалық қолдауды жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі туралы ереже – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 27 желтоқсандағы №1008 бұйрығы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитеті туралы ереже – ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 7 маусымдағы №132-к бұйрығы

Қорғаншыларға немесе қамқоршыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақы тағайындау қағидаларын және оны төлеу мөлшерін бекіту туралы ережелер – ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы №383 Қаулысы

Білім беру және балалардың құқықтарын қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттары – ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 19 қаңтардағы №17 бұйрығы

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидалары – ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 18 маусымдағы №229 бұйрығы

Жетім балаларды және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды есепке алуды ұйымдастыру және олар туралы ақпаратқа қол жеткізу қағидалары – ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы №16 бұйрығы

Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдар қызметінің қағидалары – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2018 жылғы 29 тамыздағы №379 бұйрығы

Тұрғын үйге қатысты мәселелер

Тұрғын үй қатынастары туралы – ҚР 1997 жылғы 16 сәуірдегі №94 Заңы

Жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйін сақтау қағидалары – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 қарашадағы №1271 қаулысы

Құқық қорғау қызметі

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі – ҚР 2014 жылғы 3 шілдедегі №226-V ҚРЗ Кодексі

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі – ҚР і 2014 жылғы 4 шілдедегі №231-V ҚРЗ Кодексі
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі – ҚР 2014 жылғы 5 шілдедегі №234-V ҚРЗ Кодексі
3. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы – ҚР 2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V ҚРЗ Кодексі
4. Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы – ҚР 2014 жылғы 23 сәуірдегі №199-V ҚРЗ Заңы
5. Прокуратура туралы– ҚР 2017 жылғы 30 маусымдағы №81-VI ҚРЗ Заңы
6. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы – ҚР 2004 жылғы 9 шілдедегі №591 Заңы
7. Біріккен Ұлттар Ұйымының Кәмелетке толмағандарға сот төрелігін орындауға қатысты минималды стандартты ережелер («Пекин ережелері») – 40/33 БҰҰ-ның Бас Ассамблея Бұрыштамасымен 1985 ж. 10 желтоқсанында қабылданған.

### **Балалардың құқықтарын қорғау және оны ілгері жылжыту саласындағы негізгі халықаралық құжаттар тізімі**

- 1989 жылдың 20 қарашасында БҰҰ Бас Ассамблеясы сессиясында қабылданған Бала құқықтары туралы БҰҰ конвенциясы;
- Бала құқықтары туралы конвенцияға балалардың қарулы қақтығыстарға қатысуына қатысты факультативтік хаттама, 2000 жылдың 25 мамырында А/RES/54/263 БҰҰ қарарымен қабылданған;
- Балаларды саудалауға, балалар зинақорлығына және балалар порнографиясына қатысты факультативтік хаттама, 2000 жылдың 25 мамырында А/RES/54/263 БҰҰ қарарымен қабылданған;
- 1980 жылдың 25 қазанындағы Балаларды халықаралық ұрлаудың азаматтық-құқықтық аспектілері туралы Гаага конвенциясы;
- Кәмелетке толмағандарға қатысты сот әділдігін жүзеге асыруға қатысты («Пекин ережесі») Біріккен Ұлттар ұйымының ең төменгі стандартты ережесі, 1985 жылы 29 қарашада № 40/33 БҰҰ Бас Ассамблеясы қарарымен қабылданған;
- Біріккен Ұлттар ұйымының кәмелетке толмағандар арасында қылмыстылықтың алдын алудың жетекші қағидаттары (Эр-Рияд жетекші қағидаттары), 1990 жылы 14 желтоқсанда № 45/112 БҰҰ Бас Ассамблеясы қарарымен қабылданған;
- БҰҰ-ның кәмелетке толмағандарды, бас бостандығынан айырылғандарды қорғауға қатысты ережесі («Гавана ережесі»), 1990 жылы 14 желтоқсанда № 45/113 БҰҰ Бас Ассамблеясы қарарында қабылданған;
- 1993 жылдың 29 мамырындағы Балаларды қорғау және халықаралық бала асырап алу аясындағы ынтымақтастық туралы Гаага конвенциясы;

- Қылмыс құрбаны және куәгерлері болған балалардың қатысуымен байланысты мәселелердегі әділсотқа қатысты жетекші қағидаттар, Экономикалық және Әлеуметтік кеңестің 2005 жылы 22 шілдедегі 2005/20 қарарымен қабылданған;
- Кәмелетке толмағандарға қатысты әділ сотты жүзеге асыру аясындағы балалар құқықтары туралы жалпы тәртіптегі ескертулер № 10 (2007), БҰҰ Балалар құқықтары комитеті, 2007 жылғы 25 сәуірдегі CRC/C/GC/10;
- БҰҰ Бас хатшысының жетекші нұсқаулары. Балаларға қатысты әділсотқа БҰҰ ұстанымы, 2008ж. қыркүйек;
- Балаларға балама күтім жасау бойынша жетекші нұсқаулар. Үшінші комитеттің баяндамасы бойынша Бас Ассамблея қабылдаған қарар, (A/64/434) 2010 ж. 24 ақпан.

### 3. Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялар қызметінің құрылымы

#### 3.1 Комиссия туралы ақпарат, құрылымы негізгі сипаттамалары

№1-кесте. Комиссия іс-қағаздары

№	Көрсеткіш	Мәні
1	Актіні қабылдау күні	11.06.2001
2	Актіні өзгерту күні	18.03.2020
3	"Әділет" АҚЖ ресми жарияланған күні	-
4	Актіні ресми түрде жариялау туралы ақпарат	-
5	Акт нысаны	Ереже, Қаулы
6	Құқықтық қатынас саласы	Мемлекеттік жастар саясаты, Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтары
7	Заңды күші	Үкіметтің қаулысы
8	Актіні қабылдаған орган	Қазақстан Республикасының Үкіметі (Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі) (бұрынғы атауы: Қазақ ССР Министрлер Кабинеті; Қазақ ССР Министрлер Советі; Қазақ ССР Премьер-Министрі; Қазақ ССР Халық комиссарлары Советі; ҚР Министрлер Кабинеті)
9	Әрекет аймағы	Қазақстан Республикасы
10	ҚР НҚА мемлекеттік тізіміндегі актінің тіркеу нөмірі	9123
11	НҚА нормашығармашылық орган берген тіркеу нөмірі	789
12	Әділет органдарына НҚА мемлекетті тіркеу нөмірі	-
13	ӘМ тіркеу күні	-
14	Деректер базасының бөлімі	білім
15	Ведомствоның актіні тіркеген орган	-
16	Актіні қабылдау орны	Астана қаласы

№2-кесте. Комиссия жұмысының мазмұны

Белгілері	ҚР Үкіметі жанындағы ВАК (ҚР Үкіметі жанындағы Кеңес беру-кеңесу органы)
Анықтама	Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, олардың қараусыз және панасыз қалуының алдын алу, олардың құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау саласындағы мемлекеттік органдар мен мекемелердің қызметін үйлестіруді қамтамасыз ететін тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган болып табылады.
Комиссияның құрылымы	Облыстық, қалалық, қаладағы аудандық, аудандық Комиссия тиісті жергілікті атқарушы орган (әкімдік) жанынан құрылады. Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі Комиссия төраға, төрағаның орынбасары, Комиссия мүшелері және хатшы құрамында құрылады.
Комиссияға жауапты	Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің әкімі басқаратын кенттік, ауылдық Комиссияны және ауылдық округ Комиссиясын қоспағанда, тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімінің орынбасары Комиссия төрағасы болып табылады. Хатшы жергілікті атқарушы орган аппаратында (әкімдікте) штаттық лауазымды атқарады.
Комиссияның құрамы	Комиссияның құрамына тиісті мәслихаттардың депутаттары, ішкі істер, білім беру, мәдениет, денсаулық сақтау, әділет органдарының, жұмыспен қамту, қамқоршылық пен қорғаншылық мәселелері жөніндегі уәкілетті органның, кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтардың, олардың қараусыз және панасыз қалуының алдын алуға мүдделі қоғамдық және өзге де ұйымдардың өкілдері кіреді.
Жалпы жағдайы	Қажет болған кезде Комиссия аудан орталығынан едәуір қашықтықта орналасқан кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің жанынан құрылуы мүмкін. Кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің жанындағы Комиссия аудандық Комиссияның құқықтары мен міндеттерін иеленеді. Кенттік, ауылдық Комиссияны және ауылдық округ Комиссиясын құру туралы шешімді облыс әкімдігі қабылдайды, ал дербес құрамын тиісті ауданның мәслихаты бекітеді.
Мақсаты	ҚР Үкіметі жанындағы ВАК кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтарды, қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және балалар құқықтарын қорғау саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыруды қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар жасау
Негізгі міндеттері	Комиссия өз қызметін Қазақстан Республикасы Конституциясының, "Бала құқықтары туралы", "Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы" Қазақстан Республикасы заңдарының, осы Ереженің және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық кесімдерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының негізінде жүзеге асырады. Комиссия өз қызметінде жергілікті атқарушы орган алдында жауапты, сондай-ақ жоғары тұрған Кәмелетке толмағандардың

	істері жөніндегі комиссияның бақылауында болады және оған есеп береді.
Комиссия өз құзыреті шегінде:	<p>кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру, кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтардың жасалуына ықпал ететін себептер мен шарттарды анықтау және жою, балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу, кәмелетке толмағандарды зорлық-зомбылықтан және қатыгездікпен қараудан, кәмелетке толмағандар арасындағы қоғамға жат әрекеттерден қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;</p> <p>кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың, кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың және қатыгездікпен қараудың профилактикасы, оларды әлеуметтік оңалту жөніндегі мемлекеттік органдардың қызметін жетілдіруге бағытталған бағдарламалар мен әдістемелерді әзірлейді;</p> <p>бала құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдарда кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту, ұстау жағдайларын бақылауды қамтамасыз етуге қатысады;</p> <p>кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының, сондай-ақ кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың және қатыгездікпен қараудың жай-күйін зерделейді және осы мәселелер бойынша әлеуметтанушылық зерттеулер жүргізуді ұйымдастырады;</p> <p>бала құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдар желісінің дамуына жәрдем көрсетеді және олардың қызметінің мониторингін қамтамасыз етеді;</p> <p>кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың, кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың және қатыгездікпен қараудың профилактикасымен айналысатын органдар мен ұйымдардың оң жұмыс тәжірибесін жинақтайды және таратады, оларға әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді</p> <p>мүдделі мемлекеттік органдар басшыларының кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың, кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың және қатыгездікпен қараудың профилактикасы, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру жөнінде жүргізген жұмыстары туралы есептерін тыңдайды және олардың арасында жетекшілік ететін мәселелер бойынша ақпарат алмасуды ұйымдастырады;</p> <p>кәмелетке толмағандарды арнайы білім беру ұйымдарына және ерекше ұстау режимі бар білім беру ұйымдарына жіберу мәселелері бойынша сотқа материалдар дайындауға қатысады;</p> <p>қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінен босатылған не арнайы білім беру ұйымдары мен ерекше ұстау режимі бар білім беру ұйымдарынан оралған кәмелетке толмағандарды жұмысқа және тұрмыстық орналастыруда, сондай-ақ өмірде қиын жағдайда жүрген кәмелетке толмағандарды әлеуметтік оңалту жөніндегі өзге де функцияларды жүзеге асыруда мүдделі органдардың қызметін үйлестіреді;</p>

	<p>кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың, кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың және қатыгездікпен қараудың профилактикасы жөнінде жүргізілген жұмысты бұқаралық ақпарат ұсынымдарында жариялауды ұйымдастырады;</p> <p>кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі төмен тұрған Комиссиялардың қызметіне мониторингті жүзеге асырады;</p> <p>кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі төмен тұрған Комиссиялардың қызметін үйлестіреді.</p>
<p>Комиссияның негізгі функциялары:</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1) кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруда және қорғауда оларға жәрдем көрсету;</li> <li>2) кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының, қараусыз, панасыз қалуының және қоғамға қарсы әрекеттерінің алдын алу жөніндегі жұмыстың жай-күйі туралы, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуы анықталған фактілері туралы мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдарды үнемі хабардар ету;</li> <li>3) өмірі мен денсаулығына қауіп төнетін жағдайдағы кәмелетке толмағандарды анықтау және әлеуметтік оңалту, кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту, ұстау, олардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі өздерінің міндеттерін орындамайтын, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың қалыпты дене және рухани дамуына теріс әсер ететін немесе оларға қатігездікпен қарайтын ата-аналарды немесе өзге де заңды өкілдерді белгілеу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;</li> <li>4) кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына немесе шектелуіне байланысты кәмелетке толмағандардың, олардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдері мен басқа адамдардың шағымдары мен өтініштерін қарау;</li> <li>5) белгіленген тәртіппен кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін сотқа жүгіну;</li> <li>6) мемлекет көмегіне мұқтаж және өмірде қиын жағдайда жүрген кәмелетке толмағандарды қолдау туралы қорғаншылық және қамқоршылық органдарына ұсыныстар енгізу;</li> <li>7) кәмелетке толмағандарды физикалық және психикалық күш көрсетуден, қылмыстық кемсітушіліктің барлық нысандарынан, жыныстық және өзге де пайдаланудан, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды қоғамға жат іс-әрекет жасауға тартудан қорғауды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау;</li> <li>8) қылмыстық жауапкершілік жүктелетін жасқа толғанға дейінгі кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстық белгілері бар, қоғамдық қауіпті іс-әрекет фактілері бойынша материалдарды қарау;</li> <li>9) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, олардың қараусыз және панасыз қалуының профилактикасымен айналысатын органдар мен ұйымдар, кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған орташа қауіпсіз мекемелер жұмысының оң тәжірибесін жинақтау және тарату, оларға әдістемелік және практикалық көмек көрсету;</li> <li>10) балаларды тәрбиелеумен және оқытумен, кәмелетке толмағандардың қылмыс жасауының, құқық бұзушылықтарының және қараусыз қалуының профилактикасымен айналысатын тиісті</li> </ol>



мемлекеттік органдарға, сондай-ақ олардың ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, өзге де органдар мен ұйымдарға:

- кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған қауіпсіздігі орташа мекемелерден босатылған;
- арнайы білім беру ұйымдарынан, ерекше ұстау режимі бар білім беру ұйымдарынан оралған;
- әкімшілік жауапкершілікке тартылған;
- білім беру ұйымдары тарапынан көмек пен бақылауға мұқтаж басқа да кәмелетке толмағандармен жеке профилактикалық жұмыс жүргізудің қажеттігі туралы ақпарат жіберу;

11) спирттік ішімдіктерді, есірткі ұсынымдарын, психотроптық немесе есеңгірететін заттарды қолданатын кәмелетке толмағандарға қатысты материалдарды тиісті емдік-профилактикалық және оңалту шараларын жүргізу үшін ата-аналарының келісімімен денсаулық сақтау мекемелеріне жіберу;

12) мектеп жасындағы кәмелетке толмағандардың жалпы білім беретін оқу орындарына ұзақ уақыт келмей жүргені туралы білім беру ұйымдары әкімшілігінің ұсынымдарын қарау;

13) кәмелетке толмағандарға және олардың ата-аналарына немесе өзге де заңды өкілдерге Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және осы Ережеде көзделген жағдайларда және тәртіппен ықпал ету шараларын қабылдау;

14) арнайы білім беру ұйымының, ерекше ұстау режимі бар білім беру ұйымының әкімшілігімен бірлесіп, кәмелетке толмағанның көрсетілген мекемелерде болуын мерзімінен бұрын тоқтатуға, сондай-ақ онда болу мерзімін ол қылмыс немесе қасақана әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар іс-әрекет жасаған жағдайларда ұзартуға немесе кәмелетке толмағанның немесе оның заңды өкілдерінің өтініші бойынша оны басқа арнайы білім беру ұйымдарына, ерекше ұстау режимі бар білім беру ұйымдарына ауыстыруға байланысты мәселелер бойынша сотқа ұсыным дайындау;

15) кәмелетке толмаған сотталушыны жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату не жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстыру туралы жазаны орындайтын мекеме әкімшілігінің ұсынысын қарау бойынша кәмелетке толмағандар құқықтарының өкілі ретінде сот отырысына қатысу;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кәмелетке толмағандардың білім беру және мәдениет ұйымдарына, кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарына, өмірде қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау орталықтарына, кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған қауіпсіздігі орташа мекемелерге, арнайы білім беру ұйымдарына, ерекше ұстау режимі бар білім беру ұйымдарына, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту, ұстау, олардың денсаулығын сақтау жағдайларын тексеру және құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында тиісті аумақтарда орналасқан арнайы білім беру ұйымдарына бару (кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ оларды ұстау, оқыту және тәрбиелеу жағдайларын бұзу анықталған жағдайда оларды жою жөнінде ұсыныс енгізу);

	<p>17) білім беру ұйымдарында олардың меншік нысанына қарамастан кәмелетке толмағандармен тәрбиелік, құқықтық, білім беру және сауықтыру жұмыстарының жай-күйін зерделеу;</p> <p>18) кәмелетке толмағандардың Қазақстан Республикасының білім туралы заңнамасына сәйкес тегін бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім және конкурстық негізде – тегін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім алуына жәрдемдесу;</p> <p>19) кәмелетке толмағандардың кепілдендірілген мемлекеттік көмек алуына жәрдемдесу;</p> <p>20) кәмелетке толмағандардың мемлекеттік ең төменгі әлеуметтік стандарттарды алуына жәрдемдесу;</p> <p>21) кәмелетке толмағандардың демалуға, сауықтырылуға және бос уақытын өткізуге құқығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу;</p> <p>22) кәмелетке толмағандарға арналған әлеуметтік инфрақұрылымды қалыптастыруға қатысу;</p> <p>23) жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды міндетті түрде жұмысқа орналастыруды және тұрғын үймен қамтамасыз етуді белгіленген тәртіппен жүзеге асыруды үйлестіру;</p> <p>24) кәмелетке толмағандардың отбасында тұру және тәрбиелену құқықтарын іске асыруға жәрдемдесу;</p> <p>25) қылмыстық құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттің салдарынан дене жарақатын немесе психологиялық жарақат алған кәмелетке толмағандарға жәрдемдесу, денсаулығын қалпына келтіруге және әлеуметтік бейімделуге қажетті көмек көрсету болып табылады.</p>
<p><b>Комиссия қолданатын шаралар</b></p>	<p>1) кәмелетке толмағандарды тәрбиелеуге және оқытуға, қылмыс жасауының, құқық бұзушылықтарының және қараусыз қалуының алдын алуға жауапты басқа органдармен бірлесіп, олардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайда орналасқан, өмірде қиын жағдайда жүрген, білім беру ұйымдарына ұзақ уақыт бармаған, мемлекет көмегіне мұқтаж кәмелетке толмағандарды анықтайды, олардың жеке есебін жүргізеді, осы кәмелетке толмағандарды орналастыру туралы шешім қабылдайды және қабылданған шешімдердің орындалуын бақылайды;</p> <p>2) кәмелетке толмағандарды орналастыру туралы шешімді білім беру, ішкі істер, денсаулық сақтау органдарына, жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органға жібереді, олар өз кезегінде екі апта мерзімде қабылданған шаралар туралы Комиссияны хабардар етеді;</p> <p>3) ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің болмауына, ата-анасының ата-аналық құқығынан айырылуына байланысты арнайы білім беру ұйымдарынан, ерекше ұстау режимі бар білім беру ұйымдарынан шыққан, тәрбие колониясынан немесе кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған қауіпсіздігі орташа мекемелерден босатылған кәмелетке толмағанның бұрынғы тұрғылықты жеріне оралуы мүмкін емес немесе қажет болмаған жағдайларда, сондай-ақ кәмелетке толмағанның тәртібіне теріс әсер ететін өзге де себептерге байланысты көрсетілген мекемелердің орналасқан жері бойынша Комиссия кәмелетке толмағанның мүдделерін есепке ала отырып, білім беру ұйымдарына орналастыру немесе еңбекке орналастыру, сондай-ақ ол үшін тұрғын үй-тұрмыстық жағдайлар жасау жөнінде</p>

	көмек көрсетеді. Комиссия мәселені кәмелетке толмағанның жазбаша өтініші мен тиісті мекеме әкімшілігінің дәлелді қорытындысы берілген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде қарайды. Қажет болған жағдайларда кәмелетке толмағанға қорғаншылық немесе қамқоршылық белгілеу үшін Комиссия тиісті қорғаншылық және қамқоршылық органына жүгінеді.
Комиссияның кәмелетке толмағандарға қолданатын ықпал ету шаралары.	Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілік туындайтын жасқа жеткенге дейінгі әкімшілік құқық бұзушылықтары немесе қылмыс белгілері бар қоғамға қауіпті әрекеттері жөніндегі істерді сот қараған кезде комиссия кәмелетке толмағанның жас ерекшелігін, өмір сүру және тәрбие жағдайларын, психикалық даму деңгейін, жеке адамның өзге де ерекшеліктерін, әлеуметтік жағдайы мен мінез-құлқын, жасы үлкендердің рөлі мен ықпалын, сондай-ақ әкімшіліктік <u>заңнамамен</u> көзделген шаралардан басқа, кәмелетке толмағанды арнайы білім беру ұйымдарына, ерекше ұстау режимі бар білім беру ұйымдарына жіберу туралы сотқа өтініш беру.
Кәмелетке толмағандардың ата-аналарына немесе өзге де заңды өкілдеріне Комиссия қолданатын ықпал ету шаралары.	Кәмелетке толмағандардың балаларды тәрбиелеу және оқыту жөніндегі өз міндеттерін орындамайтын не олардың дене бітімінің және рухани қалыпты дамуына кері әсерін тигізетін ата-аналарына немесе өзге де заңды өкілдеріне Комиссия мынадай ықпал ету шараларын қолдана алады: кәмелетке толмағандарға келтірілген зиянды өтеу туралы сотқа өтінішхат беру; кәмелетке толмағанның өміріне немесе оның денсаулығына тікелей қауіп төнген кезде кәмелетке толмағанды ата-анасынан немесе оны қамқорлыққа алған өзге де заңды өкілдерінен дереу алып қою туралы, сондай-ақ қорғаншыны немесе қамқоршыны өздерінің міндеттерін орындаудан шеттету туралы, баланы тәрбиелеуге беру туралы шарттың бұзылуы туралы не асырап алуды (қыз бала асырап алуды) сот тәртібімен жою туралы қорғаншылық және қамқорлық жасау органына өтінішхатпен жүгіну; ата-аналық құқығын шектеу жөнінде немесе айыру не оларға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де шаралар қолдану туралы өтінішпен он бес жұмыс күні ішінде сотқа жүгіну.
<b>Комиссияның материалдарды қарау тәртібі</b>	- кәмелетке толмағанның, оның ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің өтініші бойынша; - өзінің жеке бастамасы бойынша; - азаматтардың ақпараттары бойынша; - білім беру ұйымдарының ұсыныстары бойынша, сондай-ақ олардың ұйымдастыру-құқықтық нысанына қарамастан өзге де органдар мен ұйымдардың өтініштері; - қылмыстық жауапкершілік туындаған жасқа толғанға дейін қоғамға қауіпті әрекет жасаған кәмелетке толмағанға қатысты ішкі істер органдарының немесе прокуратураның материалдары бойынша қарайды. Комиссия кәмелетке толмағанға, оның ата-анасына немесе өзге де заңды өкілдеріне қатысты материалдарды осы Ережемен және Қазақстан Республикасының <u>құқықтық кесімдерімен</u> белгіленген тәртіппен қарайды.

<p>Комиссия отырыстарын дайындау.</p>	<p>Комиссияның қарауына келіп түскен материалдардың уақытылы және дұрыс қаралуын қамтамасыз ету мақсатында оларды комиссияның төрағасы не оның тапсырмасы бойынша комиссия төрағасының орынбасары алдын-ала зерттейді.</p> <p>Комиссияның қарауына келіп түскен материалдарды алдын ала зерттеу процесінде ол:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- осы материалдардың деректерін қарау оның құзыретіне жататындығын;</li> <li>- комиссия отырысына шақыртып алуға немесе шақыруға жататын адамдар шеңберін;</li> <li>- материалдарды дұрыс және уақытылы қарау үшін маңызы бар жағдайларға қосымша тексеру жүргізу, сондай-ақ қосымша материалдарды талап ету қажеттілігін анықтайды.</li> </ul> <p>Комиссия материалдарды алдын-ала зерттеу нәтижелері бойынша мынадай шешімдер қабылдай алады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- материалдарды қарауға тағайындау және кәмелетке толмағанды, оның ата-анасын немесе өзге де заңды өкілдерін, отырысқа қатысуы міндетті деп танылған басқа да адамдарды комиссия отырысының күні мен орны туралы хабардар ету;</li> <li>- келіп түскен материалдардағы мәліметтерге тексеру жүргізу немесе оны жүргізуді тиісті мамандарға тапсыру;</li> <li>- комиссия отырысында қарауға жататын мәселелердің нақтылығы бойынша кәмелетке толмағанның, оның ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің өтінішін қарау;</li> <li>- кәмелетке толмағанның комиссия отырысына келуін қамтамасыз ету жөнінде осы Ереженің 16-тармағында көзделген шараларды қабылдау.</li> </ul> <p>Кәмелетке толмаған, оның ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері, адвокат комиссия отырысы басталғанға дейін оның қарауына дайындалған материалдармен танысуға құқылы. Осы тармақта көрсетілген адамдардың материалдармен танысу құқығы оларды комиссия отырысына шақыру туралы шақыру қағазында түсіндіріледі.</p> <p>Комиссияның алған материалдары олардың комиссияға келіп түскен күнінен бастап он бес күн ішінде қаралуы тиіс.</p>
<p>Комиссия отырысына қатысушы адамдардың келуін қамтамасыз ету.</p>	<p>Кәмелетке толмаған комиссия отырысына қатысудан жалтарды деуге негіз болған кезде, комиссия келуін қамтамасыз ету үшін жауапкершілікті ата-анасына немесе өзге де заңды өкілдеріне, не ол тәрбиеленетін білім беру ұйымдары әкімшілігіне жүктейді, олар осы мәселе бойынша жазбаша міндеттемелер береді.</p> <p>Кәмелетке толмағандардың заңды өкілдеріне хабарланғаннан кейін комиссия отырысына дәлелді себептерсіз келмеген ретте:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- қоғамға қауіпті іс-әрекет жасаған.</li> </ul> <p>Кәмелетке толмағандар қоғамға қауіпті іс-әрекет жасағаны үшін жауаптылық туындайтын жасқа жетпеген жағдайда мәжбүрлеп жеткізілуге олардың заңды өкілдері тартылады.</p>
<p>Комиссия отырыстарын өткізу тәртібі.</p>	<p>Облыстық Комиссияның отырысы екі айда бір рет өткізіледі. Қалалық, қаладағы аудандық, аудандық Комиссияның отырыстары қажетіне қарай, бірақ айына екі реттен сиретпей өткізіледі және әдетте, ашық болып табылады. Кәмелетке толмаған, оның ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері туралы ақпараттың құпиялылығын</p>

	<p>қамтамасыз ету мақсатында Комиссия қаралатын материалдардың сипатын ескере отырып, іске қатысушы адамдардың өтініші бойынша жабық отырыс өткізу туралы дәлелді қаулы қабылдай алады.</p> <p>Комиссия қажет болған кезде істері қаралатын адамдардың оқу, жұмыс орны немесе тұрғылықты жері бойынша көшпелі отырыс өткізе алады.</p> <p>Егер Комиссия отырысына Комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысы қатысса, ол заңды болып табылады. Комиссия отырысына оның төрағасы не оның тапсырмасы бойынша Комиссия төрағасының орынбасары төрағалық етеді.</p> <p>Кәмелетке толмағанға қатысты материалдарды Комиссия тек кәмелетке толмағанның өзінің, оның ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің қатысуымен ғана қарайды.</p> <p>Кәмелетке толмағанның тілегі бойынша Комиссия жұмысына қатысуға оның адвокаты жіберіледі.</p> <p>Комиссия отырысын өткізу күні, орны мен уақыты туралы прокурорды хабардар ету міндетті.</p> <p>Қылмыстық жауапкершілік туындайтын жасқа толғанға дейін қоғамға қауіпті әрекет жасаған кәмелетке толмағанға қатысты материалдарды қарау кезінде отырысқа прокурор шақырылады.</p> <p>Комиссия отырысының басында төраға қандай материалдар қаралатынын хабарлайды, отырысқа қатысушы адамдармен таныстырады. Содан кейін қажетті құжаттар жарияланады, келіп түскен материалдар, сондай-ақ негізделген шешім қабылдау үшін маңызы бар жағдайлар зерттеледі, өтінішхаттар қаралады, отырысқа қатысушы адамдардың сөзі тыңдалады.</p> <p>Қаралатын материалдардың мәні бойынша өтінішхаттарды кәмелетке толмаған, оның ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері, адвокаты, материалдарды қарауға қатысушы мамандар, сондай-ақ Комиссияға кәмелетке толмағанға қатысты ұсынымдармен өтініш білдірген адамдар және олардың заңды өкілдері мәлімдей алады. Мәлімделген өтінішхаттарды қарау нәтижелері Комиссия отырысының хаттамасына енгізіледі.</p> <p>Комиссия отырысында кәмелетке толмағанға кері ықпал ететін жағдайларды зерттеу кезінде Комиссияның оны залдан шығаруға құқығы бар, бұл туралы Комиссия отырысының хаттамасында жазылады.</p>
<p>Комиссия қаулысы.</p>	<p>Кәмелетке толмағанға, оның ата-анасына немесе өзге де заңды өкілдеріне қатысты материалдары, сондай-ақ білім беру ұйымдары мен кәмелетке толмағандардың қылмыс жасауының, құқық бұзушылықтарының және қараусыз қалуының алдын алу үшін жауапты органдардың ұсынымдары олардың ұйымдастыру-құқықтық нысанына қарамастан өзге де органдар мен ұйымдардың өтініштері, азаматтардың ақпараттары бойынша комиссия қаулы қабылдайды, онда:</p> <p>кәмелетке толмағанды орналастыру жөнінде осы Ереженің <a href="#">10-тармағында</a> көзделген шараларды белгіленген тәртіппен қабылдау туралы;</p> <p>осы Ереженің <a href="#">11, 12-тармақтарында</a> көзделген ықпал ету шараларын қолдану туралы;</p>

	<p>дайындалып жатқан не жасалған қылмыс туралы ақпаратты ішкі істер органдарына жіберу туралы шешім баяндалады.</p> <p>Комиссия қаулысына төрағалық етуші және оның хатшысы қол қояды, Комиссия отырысында жарияланады және шағым беру үшін белгіленген мерзім өткеннен кейін заңды күшіне енеді.</p> <p>Комиссия қаулысында:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- комиссияның атауы және жеке құрамы;</li> <li>- комиссия отырысының күні мен жері;</li> <li>- материалдар қаралуға қатысты адам туралы мәліметтер;</li> <li>- материалдарды қарау кезінде белгіленген жағдайлар;</li> <li>- шешім қабылдауға негіз болған дәлелдер;</li> <li>- кәметке толмағанның құқық бұзушылығы үшін жауапкершілік көзделетін не құқықтарына кепіл беретін нормативтік құқықтық кесім;</li> </ul> <p>комиссия қабылдаған шешім;</p> <p>кәметке толмағанға комиссия ұсынған әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі шаралар, олар тапсырылған органдар мен адамдар;</p> <p>осы қаулы бойынша шағымданудың мерзімдері мен тәртібін түсіндіру туралы мәліметтер көрсетіледі.</p> <p>Комиссия қаулысына төрағалық етуші және оның жауапты хатшысы қол қояды, комиссия отырысында жарияланады және шағымдауға белгіленген мерзім өткеннен кейін, заңды күшіне енеді.</p> <p>Комиссия қаулысы орындау үшін тиісті мемлекеттік органдарға және олардың ұйымдастыру-құқықтық нысанынан тәуелсіз ұйымдарға жіберіледі.</p>
Комиссияның ұсынысы.	<p>Егер материалдарды қарау барысында кәметке толмағандардың қылмыс жасауына, құқық бұзушылықтарына, қоғамға қарсы әрекеттер мен қараусыз қалуына ықпал ететін себептер мен жағдайлар, сондай-ақ кәметке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзушылықтар анықталатын болса, комиссия мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына және олардың ұйымдастыру-құқықтық нысанына қарамастан ұйымдарға оларды жою туралы тиісті ұсыныстар енгізеді.</p> <p>Осы тармақта көрсетілген органдар мен ұйымдардың лауазымды адамдары комиссия ұсынысын алған күнінен бастап бір айдың ішінде оны қарауға және тиісті комиссияға кәметке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуды жою жөнінде қабылданған шаралар туралы хабарлауға міндетті.</p> <p>Кәметке толмағандарды құқық бұзушылықтар жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою жөнінде қабылданған шаралар туралы хабарламау Қазақстан Республикасының әкімшілік заңнамасында белгіленген жауапкершілікте болады.</p>
Комиссия отырысының хаттамасы.	<p>Комиссия отырысында Комиссияның хатшысы хаттама жүргізеді, онда:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>комиссияның атауы мен жеке құрамы;</li> <li>комиссия отырысының күні мен жері;</li> <li>қаралатын материалдардың мазмұны;</li> <li>материалдары қаралатын адамның тегі, аты және әкесінің аты, туған күні мен жері, оның тұрғылықты жері, сондай-ақ материалдардың қаралуы үшін маңызы бар өзге де мәліметтер;</li> <li>комиссия отырысына қатысушылардың келуі және оларға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру туралы мәліметтер;</li> </ul>

	<p>комиссия отырысына қатысушы адамдардың түсініктемелері; материалдарды қарау кезінде зерттелген құжаттар мен заттай айғақтар;</p> <p>берілген өтініштер мен оларды қарау нәтижелері, комиссия отырысында қабылданған қаулы немесе ұсынысты жариялау туралы мәліметтер;</p> <p>қабылданған қаулы немесе ұсыныс бойынша шағымдану мерзімдері мен тәртібін түсіндіру туралы мәліметтер көрсетілуі тиіс.</p> <p>Комиссия отырысының хаттамасына төрағалық етуші және оның хатшысы қол қояды.</p>
Комиссия қаулысына немесе ұсынысына шағым беру.	<p>Қаралған материалдар бойынша комиссия қабылдаған қаулы немесе ұсыным ол кімге қатысты қабылданса, сол адам, оның заңды өкілдері, адвокаты, сондай-ақ жәбірленуші сотқа немесе жоғары тұрған комиссияға шағым бере алады.</p> <p>Көрсетілген мерзімде шағым беру тиісті қаулының немесе ұсынымның орындалуын тоқтатады.</p> <p>Комиссияның қаулысы немесе ұсынымы бойынша сотқа шағым беру мерзімдері мен тәртібі Қазақстан Республикасының <u>заңнамасына</u> сәйкес белгіленеді.</p> <p>Комиссия қаулысына немесе ұсынымына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен прокурор қарсылық білдіре алады.</p>
Мәжіліс өткізу жиілігі	<p>Облыстық Комиссияның отырысы екі айда бір рет өткізіледі.</p> <p>Қалалық, қаладағы аудандық, аудандық Комиссияның отырыстары қажетіне қарай, бірақ айына екі реттен сиретпей өткізіледі және әдетте, ашық болып табылады</p>
Мәжіліс кворумы	<p>Комиссия отырысына Комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысы қатысса, ол заңды болып табылады.</p>
Материалдық техникалық база	<p>Комиссия қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз ету әкімнің аппаратына жүктеледі</p>

№	Белгілері	ҚР Үкіметі жанындағы ВАК (ҚР Үкіметі жанындағы Кеңес беру-кеңесу органы)
	Анықтама	Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, олардың қараусыз және панасыз қалуының алдын алу, олардың құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау саласындағы мемлекеттік органдар мен мекемелердің қызметін үйлестіруді қамтамасыз ететін тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган болып табылады.
	Комиссияның құрылымы	Облыстық, қалалық, қаладағы аудандық, аудандық Комиссия тиісті жергілікті атқарушы орган (әкімдік) жанынан құрылады. Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі Комиссия төраға, төрағаның орынбасары, Комиссия мүшелері және хатшы құрамында құрылады.
	Комиссияға жауапты	Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің әкімі басқаратын кенттік, ауылдық Комиссияны және ауылдық округ Комиссиясын қоспағанда, тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімінің орынбасары Комиссия төрағасы болып табылады. Хатшы жергілікті атқарушы орган аппаратында (әкімдікте) штаттық лауазымды атқарады.
	Комиссияның құрамы	Комиссияның құрамына тиісті мәслихаттардың депутаттары, ішкі істер, білім беру, мәдениет, денсаулық сақтау, әділет органдарының, жұмыспен қамту, қамқоршылық пен қорғаншылық мәселелері жөніндегі уәкілетті органның, кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтардың, олардың қараусыз және панасыз қалуының алдын алуға мүдделі қоғамдық және өзге де ұйымдардың өкілдері кіреді.
	Жалпы жағдайы	Қажет болған кезде Комиссия аудан орталығынан едәуір қашықтықта орналасқан кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің жанынан құрылуы мүмкін. Кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің жанындағы Комиссия аудандық Комиссияның құқықтары мен міндеттерін иеленеді. Кенттік, ауылдық Комиссияны және ауылдық округ Комиссиясын құру туралы шешімді облыс әкімдігі қабылдайды, ал дербес құрамын тиісті ауданның мәслихаты бекітеді.
	Мақсаты	ҚР Үкіметі жанындағы ВАК кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтарды, қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және балалар құқықтарын қорғау саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыруды қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар жасау
	Негізгі міндеттері	Комиссия өз қызметін Қазақстан Республикасы <a href="#">Конституциясының</a> , <a href="#">"Бала құқықтары туралы"</a> , <a href="#">"Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы"</a> Қазақстан Республикасы заңдарының, осы Ереженің және Қазақстан Республикасының өзге де <a href="#">нормативтік құқықтық кесімдерінің</a> , сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының негізінде жүзеге асырады.



		<p>Комиссия өз қызметінде жергілікті атқарушы орган алдында жауапты, сондай-ақ жоғары тұрған Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі комиссияның бақылауында болады және оған есеп береді.</p>
	<p>Комиссия өз құзыреті шегінде:</p>	<p>кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру, кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтардың жасалуына ықпал ететін себептер мен шарттарды анықтау және жою, балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу, кәмелетке толмағандарды зорлық-зомбылықтан және қатыгездікпен қараудан, кәмелетке толмағандар арасындағы қоғамға жат әрекеттерден қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;</p> <p>кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың, кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың және қатыгездікпен қараудың профилактикасы, оларды әлеуметтік оңалту жөніндегі мемлекеттік органдардың қызметін жетілдіруге бағытталған бағдарламалар мен әдістемелерді әзірлейді;</p> <p>бала құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдарда кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту, ұстау жағдайларын бақылауды қамтамасыз етуге қатысады;</p> <p>кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының, сондай-ақ кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың және қатыгездікпен қараудың жай-күйін зерделейді және осы мәселелер бойынша әлеуметтанушылық зерттеулер жүргізуді ұйымдастырады;</p> <p>бала құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдар желісінің дамуына жәрдем көрсетеді және олардың қызметінің мониторингін қамтамасыз етеді;</p> <p>кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың, кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың және қатыгездікпен қараудың профилактикасымен айналысатын органдар мен ұйымдардың оң жұмыс тәжірибесін жинақтайды және таратады, оларға әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді</p> <p>мүдделі мемлекеттік органдар басшыларының кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың, кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың және қатыгездікпен қараудың профилактикасы, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру жөнінде жүргізген жұмыстары туралы есептерін тыңдайды және олардың арасында жетекшілік ететін мәселелер бойынша ақпарат алмасуды ұйымдастырады;</p> <p>кәмелетке толмағандарды арнайы білім беру ұйымдарына және ерекше ұстау режимі бар білім беру ұйымдарына жіберу мәселелері бойынша сотқа материалдар дайындауға қатысады;</p> <p>қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінен босатылған не арнайы білім беру ұйымдары мен ерекше ұстау режимі бар білім беру ұйымдарынан оралған кәмелетке толмағандарды жұмысқа және тұрмыстық орналастыруда, сондай-ақ өмірде қиын жағдайда</p>

		<p>жүрген кәмелетке толмағандарды әлеуметтік оңалту жөніндегі өзге де функцияларды жүзеге асыруда мүдделі органдардың қызметін үйлестіреді;</p> <p>кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың, кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың және қатыгездікпен қараудың профилактикасы жөнінде жүргізілген жұмысты бұқаралық ақпарат ұсынымдарында жариялауды ұйымдастырады;</p> <p>кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі төмен тұрған Комиссиялардың қызметіне мониторингті жүзеге асырады;</p> <p>кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі төмен тұрған Комиссиялардың қызметін үйлестіреді.</p>
	<p>Комиссияның негізгі функциялары:</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1) кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруда және қорғауда оларға жәрдем көрсету;</li> <li>2) кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының, қараусыз, панасыз қалуының және қоғамға қарсы әрекеттерінің алдын алу жөніндегі жұмыстың жай-күйі туралы, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуы анықталған фактілері туралы мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдарды үнемі хабардар ету;</li> <li>3) өмірі мен денсаулығына қауіп төнетін жағдайдағы кәмелетке толмағандарды анықтау және әлеуметтік оңалту, кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту, ұстау, олардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі өздерінің міндеттерін орындамайтын, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың қалыпты дене және рухани дамуына теріс әсер ететін немесе оларға қатігездікпен қарайтын ата-аналарды немесе өзге де заңды өкілдерді белгілеу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;</li> <li>4) кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына немесе шектелуіне байланысты кәмелетке толмағандардың, олардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдері мен басқа адамдардың шағымдары мен өтініштерін қарау;</li> <li>5) белгіленген тәртіппен кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін сотқа жүгіну;</li> <li>6) мемлекет көмегіне мұқтаж және өмірде қиын жағдайда жүрген кәмелетке толмағандарды қолдау туралы қорғаншылық және қамқоршылық органдарына ұсыныстар енгізу;</li> <li>7) кәмелетке толмағандарды физикалық және психикалық күш көрсетуден, қылмыстық кемсітушіліктің барлық нысандарынан, жыныстық және өзге де пайдаланудан, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды қоғамға жат іс-әрекет жасауға тартудан қорғауды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау;</li> <li>8) қылмыстық жауапкершілік жүктелетін жасқа толғанға дейінгі кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстық белгілері бар, қоғамдық қауіпті іс-әрекет фактілері бойынша материалдарды қарау;</li> <li>9) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, олардың қараусыз және панасыз қалуының профилактикасымен айналысатын органдар мен ұйымдар, кәмелетке толмағандарды</li> </ol>

	<p>ұстауға арналған орташа қауіпсіз мекемелер жұмысының оң тәжірибесін жинақтау және тарату, оларға әдістемелік және практикалық көмек көрсету;</p> <p>10) балаларды тәрбиелеумен және оқытумен, кәмелетке толмағандардың қылмыс жасауының, құқық бұзушылықтарының және қараусыз қалуының профилактикасымен айналысатын тиісті мемлекеттік органдарға, сондай-ақ олардың ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, өзге де органдар мен ұйымдарға:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған қауіпсіздігі орташа мекемелерден босатылған;</li> <li>- арнайы білім беру ұйымдарынан, ерекше ұстау режимі бар білім беру ұйымдарынан оралған;</li> <li>- әкімшілік жауапкершілікке тартылған;</li> <li>- білім беру ұйымдары тарапынан көмек пен бақылауға мұқтаж басқа да кәмелетке толмағандармен жеке профилактикалық жұмыс жүргізудің қажеттігі туралы ақпарат жіберу;</li> </ul> <p>11) спирттік ішімдіктерді, есірткі ұсынымдарын, психотроптық немесе есеңгірететін заттарды қолданатын кәмелетке толмағандарға қатысты материалдарды тиісті емдік-профилактикалық және оңалту шараларын жүргізу үшін ата-аналарының келісімімен денсаулық сақтау мекемелеріне жіберу;</p> <p>12) мектеп жасындағы кәмелетке толмағандардың жалпы білім беретін оқу орындарына ұзақ уақыт келмей жүргені туралы білім беру ұйымдары әкімшілігінің ұсынымдарын қарау;</p> <p>13) кәмелетке толмағандарға және олардың ата-аналарына немесе өзге де заңды өкілдерге Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және осы Ережеде көзделген жағдайларда және тәртіппен ықпал ету шараларын қабылдау;</p> <p>14) арнайы білім беру ұйымының, ерекше ұстау режимі бар білім беру ұйымының әкімшілігімен бірлесіп, кәмелетке толмағанның көрсетілген мекемелерде болуын мерзімінен бұрын тоқтатуға, сондай-ақ онда болу мерзімін ол қылмыс немесе қасақана әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар іс-әрекет жасаған жағдайларда ұзартуға немесе кәмелетке толмағанның немесе оның заңды өкілдерінің өтініші бойынша оны басқа арнайы білім беру ұйымдарына, ерекше ұстау режимі бар білім беру ұйымдарына ауыстыруға байланысты мәселелер бойынша сотқа ұсыным дайындау;</p> <p>15) кәмелетке толмаған сотталушыны жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату не жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстыру туралы жазаны орындайтын мекеме әкімшілігінің ұсынысын қарау бойынша кәмелетке толмағандар құқықтарының өкілі ретінде сот отырысына қатысу;</p> <p>16) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кәмелетке толмағандардың білім беру және мәдениет ұйымдарына, кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарына, өмірде қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау орталықтарына, кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған қауіпсіздігі орташа мекемелерге, арнайы білім беру ұйымдарына, ерекше ұстау режимі бар білім беру ұйымдарына, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту, ұстау, олардың денсаулығын</p>
--	--

	<p>сақтау жағдайларын тексеру және құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында тиісті аумақтарда орналасқан арнайы білім беру ұйымдарына бару (кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ оларды ұстау, оқыту және тәрбиелеу жағдайларын бұзу анықталған жағдайда оларды жою жөнінде ұсыныс енгізу);</p> <p>17) білім беру ұйымдарында олардың меншік нысанына қарамастан кәмелетке толмағандармен тәрбиелік, құқықтық, білім беру және сауықтыру жұмыстарының жай-күйін зерделеу;</p> <p>18) кәмелетке толмағандардың Қазақстан Республикасының білім туралы заңнамасына сәйкес тегін бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім және конкурстық негізде – тегін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім алуына жәрдемдесу;</p> <p>19) кәмелетке толмағандардың кепілдендірілген мемлекеттік көмек алуына жәрдемдесу;</p> <p>20) кәмелетке толмағандардың мемлекеттік ең төменгі әлеуметтік стандарттарды алуына жәрдемдесу;</p> <p>21) кәмелетке толмағандардың демалуға, сауықтырылуға және бос уақытын өткізуге құқығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу;</p> <p>22) кәмелетке толмағандарға арналған әлеуметтік инфрақұрылымды қалыптастыруға қатысу;</p> <p>23) жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды міндетті түрде жұмысқа орналастыруды және тұрғын үймен қамтамасыз етуді белгіленген тәртіппен жүзеге асыруды үйлестіру;</p> <p>24) кәмелетке толмағандардың отбасында тұру және тәрбиелену құқықтарын іске асыруға жәрдемдесу;</p> <p>25) қылмыстық құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттің салдарынан дене жарақатын немесе психологиялық жарақат алған кәмелетке толмағандарға жәрдемдесу, денсаулығын қалпына келтіруге және әлеуметтік бейімделуге қажетті көмек көрсету болып табылады.</p>
<p><b>Комиссия қолданатын шаралар</b></p>	<p>1) кәмелетке толмағандарды тәрбиелеуге және оқытуға, қылмыс жасауының, құқық бұзушылықтарының және қараусыз қалуының алдын алуға жауапты басқа органдармен бірлесіп, олардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайда орналасқан, өмірде қиын жағдайда жүрген, білім беру ұйымдарына ұзақ уақыт бармаған, мемлекет көмегіне мұқтаж кәмелетке толмағандарды анықтайды, олардың жеке есебін жүргізеді, осы кәмелетке толмағандарды орналастыру туралы шешім қабылдайды және қабылданған шешімдердің орындалуын бақылайды;</p> <p>2) кәмелетке толмағандарды орналастыру туралы шешімді білім беру, ішкі істер, денсаулық сақтау органдарына, жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органға жібереді, олар өз кезегінде екі апта мерзімде қабылданған шаралар туралы Комиссияны хабардар етеді;</p> <p>3) ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің болмауына, ата-анасының ата-аналық құқығынан айырылуына байланысты арнайы білім беру ұйымдарынан, ерекше ұстау режимі бар білім беру ұйымдарынан шыққан, тәрбие колониясынан немесе кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған қауіпсіздігі орташа</p>

		<p>мекемелерден босатылған кәмелетке толмағанның бұрынғы тұрғылықты жеріне оралуы мүмкін емес немесе қажет болмаған жағдайларда, сондай-ақ кәмелетке толмағанның тәртібіне теріс әсер ететін өзге де себептерге байланысты көрсетілген мекемелердің орналасқан жері бойынша Комиссия кәмелетке толмағанның мүдделерін есепке ала отырып, білім беру ұйымдарына орналастыру немесе еңбекке орналастыру, сондай-ақ ол үшін тұрғын үй-тұрмыстық жағдайлар жасау жөнінде көмек көрсетеді. Комиссия мәселені кәмелетке толмағанның жазбаша өтініші мен тиісті мекеме әкімшілігінің дәлелді қорытындысы берілген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде қарайды. Қажет болған жағдайларда кәмелетке толмағанға қорғаншылық немесе қамқоршылық белгілеу үшін Комиссия тиісті қорғаншылық және қамқоршылық органына жүгінеді.</p>
	<p>Комиссияның кәмелетке толмағандарға қолданатын ықпал ету шаралары.</p>	<p>Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілік туындайтын жасқа жеткенге дейінгі әкімшілік құқық бұзушылықтары немесе қылмыс белгілері бар қоғамға қауіпті әрекеттері жөніндегі істерді сот қараған кезде комиссия кәмелетке толмағанның жас ерекшелігін, өмір сүру және тәрбие жағдайларын, психикалық даму деңгейін, жеке адамның өзге де ерекшеліктерін, әлеуметтік жағдайы мен мінез-құлқын, жасы үлкендердің рөлі мен ықпалын, сондай-ақ әкімшіліктік <u>заңнамамен</u> көзделген шаралардан басқа, кәмелетке толмағанды арнайы білім беру ұйымдарына, ерекше ұстау режимі бар білім беру ұйымдарына жіберу туралы сотқа өтініш беру.</p>
	<p>Кәмелетке толмағандардың ата-аналарына немесе өзге де заңды өкілдеріне Комиссия қолданатын ықпал ету шаралары.</p>	<p>Кәмелетке толмағандардың балаларды тәрбиелеу және оқыту жөніндегі өз міндеттерін орындамайтын не олардың дене бітімінің және рухани қалыпты дамуына кері әсерін тигізетін ата-аналарына немесе өзге де заңды өкілдеріне Комиссия мынадай ықпал ету шараларын қолдана алады:</p> <p>кәмелетке толмағандарға келтірілген зиянды өтеу туралы сотқа өтінішхат беру;</p> <p>кәмелетке толмағанның өміріне немесе оның денсаулығына тікелей қауіп төнген кезде кәмелетке толмағанды ата-анасынан немесе оны қамқорлыққа алған өзге де заңды өкілдерінен дереу алып қою туралы, сондай-ақ қорғаншыны немесе қамқоршыны өздерінің міндеттерін орындаудан шеттету туралы, баланы тәрбиелеуге беру туралы шарттың бұзылуы туралы не асырап алуды (қыз бала асырап алуды) сот тәртібімен жою туралы қорғаншылық және қамқорлық жасау органына өтінішхатпен жүгіну;</p> <p>ата-аналық құқығын шектеу жөнінде немесе айыру не оларға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де шаралар қолдану туралы өтінішпен он бес жұмыс күні ішінде сотқа жүгіну.</p>
	<p><b>Комиссияның материалдарды қарау тәртібі</b></p>	<p>- кәмелетке толмағанның, оның ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің өтініші бойынша;</p> <p>- өзінің жеке бастамасы бойынша;</p> <p>- азаматтардың ақпараттары бойынша;</p>

		<p>- білім беру ұйымдарының ұсыныстары бойынша, сондай-ақ олардың ұйымдастыру-құқықтық нысанына қарамастан өзге де органдар мен ұйымдардың өтініштері;</p> <p>- қылмыстық жауапкершілік туындаған жасқа толғанға дейін қоғамға қауіпті әрекет жасаған кәмелетке толмағанға қатысты ішкі істер органдарының немесе прокуратураның материалдары бойынша қарайды.</p> <p>Комиссия кәмелетке толмағанға, оның ата-анасына немесе өзге де заңды өкілдеріне қатысты материалдарды осы Ережемен және Қазақстан Республикасының <u>құқықтық кесімдерімен</u> белгіленген тәртіппен қарайды.</p>
Комиссия отырыстарын дайындау.		<p>Комиссияның қарауына келіп түскен материалдардың уақытылы және дұрыс қаралуын қамтамасыз ету мақсатында оларды комиссияның төрағасы не оның тапсырмасы бойынша комиссия төрағасының орынбасары алдын-ала зерттейді.</p> <p>Комиссияның қарауына келіп түскен материалдарды алдын ала зерттеу процесінде ол:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- осы материалдардың деректерін қарау оның құзыретіне жататындығын;</li> <li>- комиссия отырысына шақыртып алуға немесе шақыруға жататын адамдар шеңберін;</li> <li>- материалдарды дұрыс және уақытылы қарау үшін маңызы бар жағдайларға қосымша тексеру жүргізу, сондай-ақ қосымша материалдарды талап ету қажеттілігін анықтайды.</li> </ul> <p>Комиссия материалдарды алдын-ала зерттеу нәтижелері бойынша мынадай шешімдер қабылдай алады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- материалдарды қарауға тағайындау және кәмелетке толмағанды, оның ата-анасын немесе өзге де заңды өкілдерін, отырысқа қатысуы міндетті деп танылған басқа да адамдарды комиссия отырысының күні мен орны туралы хабардар ету;</li> <li>- келіп түскен материалдардағы мәліметтерге тексеру жүргізу немесе оны жүргізуді тиісті мамандарға тапсыру;</li> <li>- комиссия отырысында қарауға жататын мәселелердің нақтылығы бойынша кәмелетке толмағанның, оның ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің өтінішін қарау;</li> <li>- кәмелетке толмағанның комиссия отырысына келуін қамтамасыз ету жөнінде осы Ереженің 16-тармағында көзделген шараларды қабылдау.</li> </ul> <p>Кәмелетке толмаған, оның ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері, адвокат комиссия отырысы басталғанға дейін оның қарауына дайындалған материалдармен танысуға құқылы. Осы тармақта көрсетілген адамдардың материалдармен танысу құқығы оларды комиссия отырысына шақыру туралы шақыру қағазында түсіндіріледі.</p> <p>Комиссияның алған материалдары олардың комиссияға келіп түскен күнінен бастап он бес күн ішінде қаралуы тиіс.</p>
Комиссия отырысына қатысушы адамдардың келуін қамтамасыз ету.		<p>Кәмелетке толмаған комиссия отырысына қатысудан жалтарды деуге негіз болған кезде, комиссия келуін қамтамасыз ету үшін жауапкершілікті ата-анасына немесе өзге де заңды өкілдеріне, не ол тәрбиеленетін білім беру ұйымдары әкімшілігіне жүктейді, олар осы мәселе бойынша жазбаша міндеттемелер береді.</p>

		<p>Кәмелетке толмағандардың заңды өкілдеріне хабарланғаннан кейін комиссия отырысына дәлелді себептерсіз келмеген ретте: - қоғамға қауіпті іс-әрекет жасаған.</p> <p>Кәмелетке толмағандар қоғамға қауіпті іс-әрекет жасағаны үшін жауаптылық туындайтын жасқа жетпеген жағдайда мәжбүрлеп жеткізілуге олардың заңды өкілдері тартылады.</p>
	<p>Комиссия отырыстарын өткізу тәртібі.</p>	<p>Облыстық Комиссияның отырысы екі айда бір рет өткізіледі. Қалалық, қаладағы аудандық, аудандық Комиссияның отырыстары қажетіне қарай, бірақ айына екі реттен сиретпей өткізіледі және әдетте, ашық болып табылады. Кәмелетке толмаған, оның ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері туралы ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету мақсатында Комиссия қаралатын материалдардың сипатын ескере отырып, іске қатысушы адамдардың өтініші бойынша жабық отырыс өткізу туралы дәлелді қаулы қабылдай алады.</p> <p>Комиссия қажет болған кезде істері қаралатын адамдардың оқу, жұмыс орны немесе тұрғылықты жері бойынша көшпелі отырыс өткізе алады.</p> <p>Егер Комиссия отырысына Комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысы қатысса, ол заңды болып табылады. Комиссия отырысына оның төрағасы не оның тапсырмасы бойынша Комиссия төрағасының орынбасары төрағалық етеді.</p> <p>Кәмелетке толмағанға қатысты материалдарды Комиссия тек кәмелетке толмағанның өзінің, оның ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің қатысуымен ғана қарайды.</p> <p>Кәмелетке толмағанның тілегі бойынша Комиссия жұмысына қатысуға оның адвокаты жіберіледі.</p> <p>Комиссия отырысын өткізу күні, орны мен уақыты туралы прокурорды хабардар ету міндетті.</p> <p>Қылмыстық жауапкершілік туындайтын жасқа толғанға дейін қоғамға қауіпті әрекет жасаған кәмелетке толмағанға қатысты материалдарды қарау кезінде отырысқа прокурор шақырылады.</p> <p>Комиссия отырысының басында төраға қандай материалдар қаралатынын хабарлайды, отырысқа қатысушы адамдармен таныстырады. Содан кейін қажетті құжаттар жарияланады, келіп түскен материалдар, сондай-ақ негізделген шешім қабылдау үшін маңызы бар жағдайлар зерттеледі, өтінішхаттар қаралады, отырысқа қатысушы адамдардың сөзі тыңдалады.</p> <p>Қаралатын материалдардың мәні бойынша өтінішхаттарды кәмелетке толмаған, оның ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері, адвокаты, материалдарды қарауға қатысушы мамандар, сондай-ақ Комиссияға кәмелетке толмағанға қатысты ұсынымдармен өтініш білдірген адамдар және олардың заңды өкілдері мәлімдей алады. Мәлімделген өтінішхаттарды қарау нәтижелері Комиссия отырысының хаттамасына енгізіледі.</p> <p>Комиссия отырысында кәмелетке толмағанға кері ықпал ететін жағдайларды зерттеу кезінде Комиссияның оны залдан шығаруға құқығы бар, бұл туралы Комиссия отырысының хаттамасында жазылады.</p>

<p>Комиссия қаулысы.</p>	<p>Кәмелетке толмағанға, оның ата-анасына немесе өзге де заңды өкілдеріне қатысты материалдары, сондай-ақ білім беру ұйымдары мен кәмелетке толмағандардың қылмыс жасауының, құқық бұзушылықтарының және қараусыз қалуының алдын алу үшін жауапты органдардың ұсынымдары олардың ұйымдастыру-құқықтық нысанына қарамастан өзге де органдар мен ұйымдардың өтініштері, азаматтардың ақпараттары бойынша комиссия қаулы қабылдайды, онда:</p> <p>кәмелетке толмағанды орналастыру жөнінде осы Ереженің <u>10-тармағында</u> көзделген шараларды белгіленген тәртіппен қабылдау туралы;</p> <p>осы Ереженің <u>11, 12-тармақтарында</u> көзделген ықпал ету шараларын қолдану туралы;</p> <p>дайындалып жатқан не жасалған қылмыс туралы ақпаратты ішкі істер органдарына жіберу туралы шешім баяндалады.</p> <p>Комиссия қаулысына төрағалық етуші және оның хатшысы қол қояды, Комиссия отырысында жарияланады және шағым беру үшін белгіленген мерзім өткеннен кейін заңды күшіне енеді.</p> <p>Комиссия қаулысында:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- комиссияның атауы және жеке құрамы;</li> <li>- комиссия отырысының күні мен жері;</li> <li>- материалдар қаралуға қатысты адам туралы мәліметтер;</li> <li>- материалдарды қарау кезінде белгіленген жағдайлар;</li> <li>- шешім қабылдауға негіз болған дәлелдер;</li> </ul> <p>- кәмелетке толмағанның құқық бұзушылығы үшін жауапкершілік көзделетін не құқықтарына кепіл беретін нормативтік құқықтық кесім;</p> <p>комиссия қабылдаған шешім;</p> <p>кәмелетке толмағанға комиссия ұсынған әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі шаралар, олар тапсырылған органдар мен адамдар;</p> <p>осы қаулы бойынша шағымданудың мерзімдері мен тәртібін түсіндіру туралы мәліметтер көрсетіледі.</p> <p>Комиссия қаулысына төрағалық етуші және оның жауапты хатшысы қол қояды, комиссия отырысында жарияланады және шағымдауға белгіленген мерзім өткеннен кейін, заңды күшіне енеді.</p> <p>Комиссия қаулысы орындау үшін тиісті мемлекеттік органдарға және олардың ұйымдастыру-құқықтық нысанынан тәуелсіз ұйымдарға жіберіледі.</p>
<p>Комиссияның ұсынысы.</p>	<p>Егер материалдарды қарау барысында кәмелетке толмағандардың қылмыс жасауына, құқық бұзушылықтарына, қоғамға қарсы әрекеттер мен қараусыз қалуына ықпал ететін себептер мен жағдайлар, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзушылықтар анықталатын болса, комиссия мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына және олардың ұйымдастыру-құқықтық нысанына қарамастан ұйымдарға оларды жою туралы тиісті ұсыныстар енгізеді.</p> <p>Осы тармақта көрсетілген органдар мен ұйымдардың лауазымды адамдары комиссия ұсынысын алған күнінен бастап бір айдың ішінде оны қарауға және тиісті комиссияға кәмелетке</p>



		<p>толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуды жою жөнінде қабылданған шаралар туралы хабарлауға міндетті.</p> <p>Кәмелетке толмағандарды құқық бұзушылықтар жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою жөнінде қабылданған шаралар туралы хабарламау Қазақстан Республикасының әкімшілік заңнамасында белгіленген жауапкершілікте болады.</p>
	Комиссия отырысының хаттамасы.	<p>Комиссия отырысында Комиссияның хатшысы хаттама жүргізеді, онда:</p> <p>комиссияның атауы мен жеке құрамы;</p> <p>комиссия отырысының күні мен жері;</p> <p>қаралатын материалдардың мазмұны;</p> <p>материалдары қаралатын адамның тегі, аты және әкесінің аты, туған күні мен жері, оның тұрғылықты жері, сондай-ақ материалдардың қаралуы үшін маңызы бар өзге де мәліметтер;</p> <p>комиссия отырысына қатысушылардың келуі және оларға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру туралы мәліметтер;</p> <p>комиссия отырысына қатысушы адамдардың түсініктемелері;</p> <p>материалдарды қарау кезінде зерттелген құжаттар мен заттай айғақтар;</p> <p>берілген өтініштер мен оларды қарау нәтижелері, комиссия отырысында қабылданған қаулы немесе ұсынысты жариялау туралы мәліметтер;</p> <p>қабылданған қаулы немесе ұсыныс бойынша шағымдану мерзімдері мен тәртібін түсіндіру туралы мәліметтер көрсетілуі тиіс.</p> <p>Комиссия отырысының хаттамасына төрағалық етуші және оның хатшысы қол қояды.</p>
	Комиссия қаулысына немесе ұсынысына шағым беру.	<p>Қаралған материалдар бойынша комиссия қабылдаған қаулы немесе ұсыным ол кімге қатысты қабылданса, сол адам, оның заңды өкілдері, адвокаты, сондай-ақ жәбірленуші сотқа немесе жоғары тұрған комиссияға шағым бере алады.</p> <p>Көрсетілген мерзімде шағым беру тиісті қаулының немесе ұсынымның орындалуын тоқтатады.</p> <p>Комиссияның қаулысы немесе ұсынымы бойынша сотқа шағым беру мерзімдері мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді.</p> <p>Комиссия қаулысына немесе ұсынымына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен прокурор қарсылық білдіре алады.</p>
	Мәжіліс өткізу жиілігі	Облыстық Комиссияның отырысы екі айда бір рет өткізіледі. Қалалық, қаладағы аудандық, аудандық Комиссияның отырыстары қажетіне қарай, бірақ айына екі реттен сиретпей өткізіледі және әдетте, ашық болып табылады
	Мәжіліс кворумы	Комиссия отырысына Комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысы қатысса, ол заңды болып табылады.
	Материалдық техникалық база	Комиссия қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз ету әкімнің аппаратына жүктеледі

#### 4. Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі комиссия мүшелерінің өзара іс-қимыл алгоритмі

Сурет 1. ҚР Үкіметі жанындағы ведомствоаралық КІК ұйымдастырушылық құрылымы



**Қазақстан Республикасының Үкіметі** — Қазақстан Республикасында жоғары атқарушы билік органы. Үкімет Қазақстан Республикасының атқарушы билігін жүзеге асырады, атқарушы органдардың жүйесін басқарады және олардың қызметіне басшылық жасайды.

Үкімет алқалы орган болып табылады және өзінің бүкіл қызметінде Республика Президентінің алдында жауапты, ал Конституцияда көзделген жағдайларда Мәжіліс алдында жауапты. Қазақстан Республикасының Президенті Үкіметті Конституцияда көзделген тәртіппен құрады.

Үкімет мәртебесі, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасы Конституциясының V тарауы бойынша және Қазақстан Республикасының Үкіметті Республика Президенті Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген тәртіппен құрады.

Министрліктің және өзге де орталық атқарушы органдардың басшылары болып табылатын үкімет мүшелері: тиісті мемлекеттік органдарға басшылықты жүзеге асырады; өз құзыреті шегінде дербес шешімдер қабылдайды; ҚР Премьер-Министрінің алдында өздеріне жүктелген бағынышты мемлекеттік органдардың жұмысы үшін, сондай-ақ, тиісті мемлекеттік органдардың қарауына жататын мемлекеттік басқару аясындағы істің жайы үшін дербес жауап береді; ҚР заңдарының, ҚР Президенті мен Үкіметі актілерінің орындалуын қамтамасыз етеді.

Министр ҚР Конституциясында көзделген ретте (37-бап, 6-тармақ) өз қызметінің мәселелері жөнінде парламент палаталарына есеп береді.

Үкімет құрамына кіретін орталық (республикалық) атқарушы органдарды қызметінің сипатына қарай салалық құзыретті органдарға, салааралық құзыретті органдарға, бақылау және қадағалау органдарына, мемлекеттің арнайы немесе ерекше атқарымдарын іске асыратын мамандандырылған мемлекеттік органдарға бөлуге болады.

Сурет 2. Жергілікті деңгейдегі кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның ұйымдастырушылық құрылымы



3 кесте. Түрлі деңгейлердегі комиссиялардың функциялары

№	Ұлттық деңгей	Облыстық деңгей	Қалалық деңгей
1	оның құзырына кіретін мәселелер бойынша кепілдемелер, ұсыныстар жасау;	аудандық комиссия қызметінің бағыты, оларға әдістемелік көмек көрсету;	кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыру мен қорғауға ықпал ету;
2	Комиссия міндеттерін жүзеге асыру үшін қажетті, бекітілген заңнамалық тәртіпте мемлекеттік және басқа да ұйымдардан материалдарды сұрату және алу;	кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, олардың денсаулығын сақтау, өмір жағдайын жақсарту, кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, білім беру, еңбек және демалыс жағдайы туралы аймақтық және өзінің	кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының, қадағалаусыз қалуының және қоғамға жат әрекеттерінің алдын алу жұмыстарының жағдайы, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзудың анықталған фактілері туралы мүдделі

		құзыры шегінде олардың жүзеге асырылуын бақылау;	ведомстволарға тұрақты түрде хабарлап отыру;
3	мүдделі мемлекеттік органдар басшыларының кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуы алдын ала ескерту және балалар құқығын қорғау бойынша жүргізілген жұмыс туралы есептерін тыңдау;	кәмелетке толмағандардың қылмыстары, құқық бұзушылықтары, қадағалаусыз қалуының және қоғамға жат әрекеттерінің алдын алу;	өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайдағы кәмелетке толмағандарды анықтау және оларды әлеуметтік оңалту, кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту және бағып-күту, олардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі өз міндеттерін орындамайтын, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың қалыпты дене және ізгілікті дамуына теріс әсер беретін немесе оларға қатыгездікпен қарайтын ата-аналарды немесе басқа заңды өкілдерді анықтау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;
4	Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзырына жатқызылған нақты проблемалар мен мәселелер бойынша ұсыныстар жасау үшін уақытша немесе тұрақты әрекет етуші жұмыс топтарын ұйымдастыру;	кәмелетке толмағандардың қылмыстарының, құқық бұзушылықтарының және қадағалаусыз қалуының алдын алу, олардың туындау себептерін жою, балалар мен жеткіншектерді орналастыру және олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау бойынша шараларды әзірлеу;	кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзу немесе шектеуге байланысты кәмелетке толмағандардың, олардың ата-аналарының немесе басқа заңды өкілдерінің және басқа тұлғалардың шағымдары мен арыздарын қарастыру;
5	мүдделі мемлекеттік органдар басшыларына кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалулардың алдын алу және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі жұмыстардың жағдайы мен кемшіліктері туралы хабарлау (бекітілген тәртіпте);	есеп беретін комиссиялар қабылдаған шешімдер мен қаулылардың негізділігін тексеру. Егер де қабылданған шешім негізсіз деп танылған жағдайда, сәйкес атқару органдары оларды жою туралы ұсыныс жасайды;	белгіленген тәртіпте кәмелетке толмағандардың құқығы мен заңды мүддесін қорғау үшін сотқа шағымданады;

6	жергілікті атқару органдарымен, қоғамдық бірлестіктер және басқа да ұйымдармен, сондай-ақ бұқаралық ақпарат ұсынымдарымен кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу, балалар құқықтарын қорғау мәселелерін шешуде өзара ықпалдастық.	комиссия қаулылары мен ұсыныстарында көрсетілген кемшіліктер мен құқық бұзушылықтарды жою туралы шараларды орындамаған немесе қабылдамаған жағдайларда лауазымды тұлғаларды жауапкершілікке тарту туралы ұсыныстарды белгіленген тәртіпте енгізу;	қамқоршылық органдарына мемлекет тарапынан көмекті қажет ететін кәмелетке толмағандарды қолдау туралы ұсыныстар жасау;
7		кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының, қадағалаусыз қалуларының және қоғамға жат әрекеттерінің алдын алу жөніндегі жұмыстың жағдайы туралы, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуының анықталған фактілері туралы мүдделі органдарға хабарлау;	кәмелетке толмағандарды күш көрсету мен психикалық зорлықтан, кемсітушіліктің барлық түрлерінен, нәпсілік және басқалай пайдаланудан, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды қоғамға жат іс-әрекеттерге тартудан қорғауды қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау;
8		балаларды тәрбиелеу және білім берумен айналысатын органдар мен ұйымдардың жұмыстарының оң тәжірибелерін кәмелетке толмағандардың қылмыстарықұқық бұзушылықтары мен қадағалаусыз қалуларының алдын алу мәселелерін шешуде қорытындылау және тарату, оларға ұйымдастыру-әдістемелік көмек көрсету;	кәмелетке толмағандар қылмыстық жауапкершілік жасына толғанға дейін жасаған қылмыс белгілері бар қоғамға қауіптіәрекеттерінің фактілері жөніндегі материалдарды қарастыру;
9		кәмелетке толмағандардың қылмыстарының, құқық бұзушылықтарының,	балаларды тәрбиелеу және оқытумен, кәмелетке толмағандардың қылмыстарының, құқық

		қадағалаусыз қалуының және басқа қоғамға жат іс-әрекеттерінің алдын алу, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі мәселелер туралы қоғамдық ұйымдармен, белгіленген тәртіпте әділет және өзге де органдарда тіркелген діни ұйымдармен, сондай-ақ азаматтармен өзара ықпалдастық;	бұзушылықтарының және қадағалаусыз қалуларының алдын алумен айналысатын тиісті мемлекеттік органдарға, сондай-ақ өзінің ұйымдастыру-құқықтық түрінің қандай болғанына қарамастан, аталған саламен айналысатын түрлі ұйымдарға түзету колонияларынан босаған; арнаулы білім беру ұйымдарынан оралған; әкімшілік жауапкершілікке тартылған; білім беру ұйымдары тарапынан көмек және бақылауды қажет ететін басқа да кәмелетке толмағандармен жеке алдын алу жұмыстарын жүргізу қажеттілігі туралы ақпараттар жіберу;
10		кәмелетке толмағандардың, олардың ата-аналарының немесе басқа заңды өкілдерінің және басқа тұлғалардың, кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуы немесе шектелуіне байланысты шағымдары мен арыздарын қарастыру;	сәйкес емдеу-алдын алу және оңалту шараларын жүргізу үшін, спирт ішімдіктерді, есірткі ұсынымдары мен психотроптық немесе масайтушы заттарды пайдаланатын кәмелетке толмағандарға қатысты материалдарды ата-аналарының келісімімен денсаулық сақтау мекемелеріне жіберу;
11		кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін белгіленген тәртіпте сотқа шағымдану;	білім беру ұйымдары әкімшілігінің жалпы білім беру мекемелеріндегі мектеп жасындағы кәмелетке толмағандардың ұзақ уақыт бойы мектепке бармауы туралы ұсыныстарын қарастыру;
12		кәмелетке толмағандардың қылмыстар, құқық бұзушылықтар және қоғамға жат іс-әрекеттерді жасауына ықпал еткен жағдайлар мен себептерді анықтау және оларды	Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және осы Ережеде қарастырылған жағдайлар мен тәртіпте кәмелетке толмағандар және олардың ата-аналарына немесе басқа

		талдау мен жою туралы шараларды анықтау;	заңды өкілдеріне ықпал ету шараларын қабылдау;
13		білім беру, денсаулық сақтау, жұмыспен қамту, орналастыру салаларындағы заң бұзушылықтарды жою, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау туралы ұсыныс енгізу жөнінде құзырлы органдарға ұсыныстар жіберу	арнаулы білім беру ұйымының әкімшілігімен бірлесіп, кәмелетке толмаған тұлғаның аталған мекемеде болу мерзімін бұрын тоқтатуға байланысты, сондай-ақ кәмелетке толмаған тұлғаның қылмыс немесе қасақана әкімшілік құқық бұзушылықтың белгілері бар әрекеттерді жасаған жағдайында осы мекемеде болу мерзімін ұзартуға байланысты мәселелер бойынша немесе аталған мекемеде болуы үшін заңнамада анықталған жасқа жетуіне байланысты оны басқа арнаулы білім беру ұйымына ауыстыру жөнінде, сондай-ақ кәмелетке толмаған тұлғаның немесе оның заңды өкілінің қолдаухаты бойынша оның ісін сотқа тапсыруға дайындау;
14			жазаны атқарып отырған мекеме әкімшілігінің ұсынысын қарастыру бойынша кәмелетке толмағанның құқығының өкілі ретінде сот ісіне қатысу, кәмелетке толмаған сотталушының жазасын өтеуден шартты мерзімінен бұрын босату немесе оның жазасының өтелмеген бөлігін жазалаудың неғұрлым жеңіл түрімен ауыстыру туралы кәмелетке толмағандардың құқықтарының өкілі ретінде қатысу;
15			Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіпте кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, білім беру, асырау,

			денсаулығын қорғау және құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалу жағдайларын зерттеу мақсатымен кәмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау, бейімдеу және оңалту орталықтарын, білім беру және мәдениет ұйымдарын, кәмелетке толмағандарға арналған тәрбиелеу колонияларын, арнаулы білім беру ұйымдарын, сондай-ақ сәйкес аумақтарда орналасқан арнаулы білім беру ұйымдарын аралау. Кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделері, сондай-ақ асырау, білімберу және тәрбиелеу жағдайларында бұзушылықтар анықталған жағдайда оларды жою бойынша ұсыныстар жасау;
16			қандай да болсын меншік түрлеріндегі білім беру ұйымдарында кәмелетке толмағандармен жүргізілетін тәрбие, құқықтық, білім беру және сауықтыру жұмыстарының жағдайын зерттеу.

**5. Баланың ең жақсы мүдделерін қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдар мен мүдделі құрылымдардың өзара іс-қимылы жөніндегі нұсқаулық**



## **Балаларды әлеуметтік қорғау**

Бала құқығы дегеніміз – қандай да бір айырмашылыққа: нәсіліне, жынысына, тіліне, дініне, туған жеріне, ұлттық немесе әлеуметтік шығу тегіне, мүлігіне, меншігіне, ататегіне немесе өзге де жағдайына қарамастан әр баланың (18 жасқа толмаған әрбір адам бала деп танылады) бойында болуы қажет бостандығы мен құқығы.

Тұлғаның үйлесімді дамуы үшін бала махаббат пен мейірімділік бар ортада, отбасында, жақын және сүйіспеншілікке толы адамдар арасында өсуі керек.

Ересектердің міндеті - баланы өз бетінше өмір сүруге дайындау, қоғамның толыққанды мүшесі болуына көмектесу және баланың қалыпты физикалық және интеллектуалдық дамуына жағдай жасау.

Балалық шақты қорғау - балалардың құқықтық мәртебесін айқындайтын нормативтік құжаттарды әзірлеу негізінде балалардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін шаралар жүйесі; балалар еңбегін заңнамалық реттеу; қорғаншылық, қамқоршылық және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды асырап алу жүйесін жетілдіру; тиісті көмекке мұқтаж балалармен түзету және оңалту жұмыстарын жүргізу үшін мамандандырылған әлеуметтік қызметтер мен мекемелер желісін құру. Балалардың және балалы отбасылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақстан Республикасының ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі болып табылады [2].

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанда балалардың құқығын қорғау жөніндегі негізгі халықаралық құжаттар ратификацияланған. Мемлекетте сондай-ақ кәмелетке толмағандардың құқықтары жазылған заңдар мен жарлықтар қабылданды. Халықаралық және ұлттық құқықтық құжаттар балалар тап болатын негізгі проблемалар мен қауіптерді шешуге арналған.

Балалардың әртүрлі топтары әртүрлі көмекке және тең әлеуметтік қорғауға мұқтаж. Әлеуметтік қорғауға мұқтаж балалардың басым топтарына: жетімдер; ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар; жағдайы нашар отбасынан шыққан балалар; асырап алынған балалар, көп балалы, толық емес отбасылардың балалары; функционалды даму ерекшеліктері бар балалар; жұмыссыз азаматтардың балалары; балалар - қарулы қақтығыстардың, экологиялық және технологиялық апаттардың құрбандары; босқындар мен мигрант отбасылардың балалары; заңмен байланыста болған және ішкі істер органдарында профилактикалық есепке алуда тұрған балалар кіреді. Балаларды әлеуметтік қорғауға үш бірдей билік тармақтары жауапты: заң шығарушы, атқарушы және сот [3].

Басымдылық мемлекет пен ол құратын институттарға тиесілі: олар балаларға қатысты әлеуметтік саясат пен заңнаманы қалыптастырады, оның іске асырылуын қамтамасыз етеді және әлеуметтік қауіпсіздікке кепілдік береді.

Сондай-ақ саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар, қайырымдылық одақтар, діни мекемелер, бұқаралық ақпарат ұсынымдары, кәсіпорындар мен уәкілетті мекемелер, балалар мен жастар ұйымдары, демеушілік немесе қайырымдылық

қызметімен айналысатын жеке тұлғалар жатады.

Балалық шақты әлеуметтік қорғауда отбасы мен мектеп, сондай-ақ арнайы әлеуметтік жұмыс қызметтері ерекше рөл атқарады: муниципалды қызметтер, стационарлық мекемелер жүйесі, баспана, балалар үйі, интернаттар, қосымша білім беру және балаларды дамыту мекемелері, психологиялық, медициналық, әлеуметтік және педагогикалық қолдаудың мамандандырылған орталықтары, кеңес беру және оңалту қызметтері және т.б.

Әлеуметтік қорғаудың субъектілері сонымен қатар әлеуметтік қызметкерлер, әлеуметтік педагогтар және басқа да мамандар.

### **Балаларды құқықтық қорғау**

Бала құқықтарын қамтамасыз ету жаһандық заманауи проблемаларға қатысты, оның шешімін бүкіл әлемдік қоғамдастық қызығушылық танытуда.

Бұл өсіп келе жатқан ұрпақтың қоғамдық өмірге қабілеттілігі және оның болашақта дамуын болжаудағы рөлімен түсіндіріледі.

Әлемде ешбір мемлекет өзін балалар құқықтарын сақтау саласындағы үлгілік рөліне ұсына алмайтындығын мойындау керек. Ең демократиялық және экономикалық дамыған елдерге жасөспірімдер арасындағы қылмыс, өмір деңгейі төмен отбасылардың босуы, медициналық қызмет көрсетудің жеткіліксіздігінен балалардың өлім-жітімі, панасыз балалар санының өсуі тән. Осы барлық фактілер балалар проблемасын тек қана ұлттық ұсынымдармен шешу мүмкін емес екенін дәлелдейді.

Балалар құқықтары туралы конвенция Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының (БҰҰ) 1989 жылғы 20 қарашадағы 44/25 қарарымен қабылданды, 1990 жылғы 2 қыркүйекте күшіне енді. 196 мемлекет оның мүшесі болып табылады. Қазақстан Республикасы БҰҰ Балалар құқықтары туралы конвенцияны 1994 жылы бекітті. Балалар құқықтары конвенциясын орындау мониторингін БҰҰ Балалар құқықтары бойынша комитеті жүзеге асырады.

Барлық қатысушы-мемлекеттер Комитетке ұдайы тиісті құқықтарды орындау туралы баяндамаларды ұсынуға міндетті. Конвенцияға қосылғаннан кейін мемлекеттер алғашқы баяндаманы екі жылдан соң ұсынуы міндетті, одан кейін мерзімдік баяндамалар әрбір бес жыл сайын. Комитет әрбір баяндаманы зерделейді және қатысушы-мемлекетке өзінің пікірі мен ұсынымдарын «Қорытынды ескертулер» түрінде баяндайды.

БҰҰ бала құқықтары туралы

Біріккен Ұлттар Ұйымының бала құқығы туралы конвенциясы – өзіне балалардың құқықтарын қорғауға міндеттеме алған елдерде ратификацияланған маңызды келісім.

Бала құқығы туралы конвенцияда балалардың кім екендігі түсіндіріледі, сондай-ақ олардың барлық құқықтары мен үкіметтің міндеттемелері тізіліп көрсетіледі. Барлық құқықтар өзара байланысты, олардың бәрі бірдей маңызды және оларды балалардан бөлек қарастыру мүмкін емес.

3 кесте. Балалармен жұмыс жасау алгоритмі

№	1 бап:	«Бала» жайлы анықтама	18 жасқа толмаған әрбір адам бала болып табылады
2	2 бап:	Кемсітушілікті болдырмау	Әрбір бала нәсіліне, түр түсіне, жынысына, тіліне, дініне, саяси немесе өзге де сенім-нанымдарына, ұлттық, этникалық немесе әлеуметтік шығу тегіне, мүліктік жағдайына, баланың денсаулығының және туылуының жай-күйіне немесе өзге де жағдайларына қарамастан барлық құқыққа бірдей ие. Бірде-бір бала әділетсіздікке ұшырамауы керек. Бұған ешқандай себеп жоқ.
3	3 бап:	Баланың мүдделерін қорғау	Шешім қабылдау барысында ересектер алдымен бұл шешімдердің балаларға қалай әсер ететіндігі жайлы ойлануы керек. Ересектердің барлық әрекеті балалардың мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс. Үкіметтер бала үшін жауапкершілікті мойнына алған оның ата-анасының, қамқоршыларының немесе басқа да адамдардың құқықтары мен міндеттерін назарға ала отырып, баланың игілігі үшін қажетті қорғау мен қамқорлықты қамтамасыз етуге міндеттенеді және осы мақсатпен барлық тиісті заң шығару және әкімшілік шараларын қабылдайды.
4	4 бап:	Құқықтарды іске асыру	Үкіметтер елдегі әрбір бала Конвенцияда бекітілген құқықтарды пайдалана алуы үшін барынша жағдай жасауы қажет.
5	5 бап:	Баланың есею барысындағы отбасының жетекшілік рөлі	Үкіметтер отбасылар мен қауымдастықтарға балаларына жетекшілік етуге мүмкіндік беруі керек, осылайша балалар есею барысында өз құқықтарын тиімді пайдалану мен жүзеге асыруды үйрене алады. Бала неғұрлым есейген сайын басқалардың жетекшілігін соғырлым қажет етпейтін болады.
6	6 бап:	Өмір сүру, аман қалу және даму	Әрбір баланың өмір сүруге құқығы бар. Үкіметтер барынша мүмкін дәрежеде баланың тірі қалуын және денсаулығының мықты болып дамуын қамтамасыз етеді.
7	7 бап:	Аты-жөні мен азаматтығы	Баланың дүниеге келген сәттен бастап тіркеуге алынып, есімі қойылып, азаматтық алуға құқығы бар. Бала мүмкіндігінше өзінің ата-анасын білуге және олардың қамқорлығына ие болуға құқылы.
8	8 бап:	Даралық	Балалар жеке басының даралығын, азаматтығын, есімін және отбасылық байланыстарын сақтау құқығына ие. Олардың жеке даралығына заңсыз араласуға жол берілмейді. Алайда мұндай

			жағдай орын алған болса, үкіметтер балаларға жеке басынның даралығын тез қалпына келтіру үшін барынша көмек көрсетуі керек.
9	9 бап:	Отбасы тұтастығын сақтау	Баланы ата-анасынан айыруға болмайды. Ондай жағдай тек баланың мүддесін қорғау үшін ғана орын алуы тиіс. Мысалы, егер бала қажетті ата-аналық күтім көрмесе немесе ата-анасы балаға қатігездік танытатын болса. Егер бұл балаға зиян тигізбесе, ата-аналары бөлек тұратын балалар екі ата-анасымен де тікелей байланыста болуға құқылы.
10	10 бап:	Басқа елде тұратын ата-аналармен байланыс	Егер бала мен оның ата-анасы әртүрлі елдерде тұратын болса, үкіметтер бала мен оның атанасына қарым-қатынастарын жалғастыруы үшін елдер арасындағы шекараларды өтіп тұру құқығын беруі керек.
11	11 бап:	Ұрланудан қорғау	Үкіметтер балаларды елден заңсыз алып кетуге тыйым салуы керек, мысалы, егер бір ата-анасы келісімін бермеген жағдайда екінші ата-анасының баланы шетелге ұрлап әкетуі немесе баланы шетелде ұстап қалуы.
12	12 бап:	Баланың көзқарастарын құрметтеу	Бала өзіне қатысты барлық мәселе бойынша көзқарасын еркін білдіруге құқылы. Ересектер баланың пікіріне құлақ асулары қажет.
13	13 бап:	Пікірді еркін білдіру	Бала өз пікірі мен сезімін жазбаша, ауызша, сурет арқылы немесе басқа түрде еркін білдіруге құқылы, тек бұл басқа адамдарға зиянын келтірмеуі керек.
14	14 бап:	Ой және дін бостандығы	Балалар ойлау, пікір білдіру және діни сенім бостандығына құқылы, алайда бұл басқалардың құқықтарын жүзеге асыруға кедергі келтірмеуі керек. Ата-аналар немесе қамқоршылар балаға есею барысында осы құқықты дұрыс пайдалануды үйрету үшін жетекшілік жасай алады.
15	15 бап.	Қауымдастық еркіндігі	Бала өзі қалаған топтарға қосылуға немесе топтар мен ұйымдар құруға құқылы, тек бұл басқа адамдарға зиянын келтірмеуі керек.
16	16 бап:	Жеке өмір құқығын қорғау	Әрбір баланың жеке өмірге құқығы бар. Заң балалардың жеке және отбасылық өміріне, үйіне, қарым-қатынасы мен беделіне (немесе жақсы атына) кез-келген заңсыз қол сұғудан қорғауы керек.
17	17 бап:	Ақпаратқа қолжетімділік	Балалар Интернеттен, радиодан, теледидардан, газеттерден, кітаптардан және басқа да ақпарат көздерінен ақпарат алуға құқылы. Ересектер балалар алатын

			ақпараттың оларға зиян тигізбейтіндігіне көз жеткізуі керек. Үкіметтер бұқаралық ақпарат ұсынымдарын балалардың рухани және мәдени дамуына ықпалын тигізетін, оларға түсінікті тілде материалдар таратуға ынталандыруы қажет.
18	18 бап:	Ата-ананың жауапкершілігі	Баланың тәрбиесі үшін негізгі жауапкершілік ата-аналардың мойнына жүктеледі. Егер баланың ата-анасы болмаған жағдайда, бұл жауапкершілік «қамқоршы» деп аталатын басқа ересек адамға жүктеледі. Ата-аналар мен қамқоршылар әрдайым баланың мүддесі үшін әрекет етуі тиіс. Үкіметтер оларға көмектесуі керек. Егер баланың екі ата-анасы бар болса, онда баланың тәрбиесіне екеуі бірдей жауапты.
19	19 бап:	Зорлық-зомбылықтан қорғау	Үкіметтер баланы ата-аналар немесе басқа адамдар тарапынан болатын зорлық-зомбықтың барлық түрлерінен, немқұрайлылық пен қиянат көрсетушіліктен қорғауы қажет, сондай-ақ ересектерден қатыгездік көрген балаға көмектесуге міндетті.
20	20 бап:	Отбасылық ортадан айырылған балалар	Отбасынан айырылған кез келген бала үкімет тарапынан арнайы қорғау мен көмек алуға құқылы. Үкімет балаға қажетті тәрбие мен күтімді қамтамасыз ету үшін оның тілін, дінін, мәдениетін құрметтейтін адамдарға баланы тапсыра алады.
21	21 бап:	Асыранды балалар	Асырап алу кезінде балалардың мүдделерін қамтамасыз ету өте маңызды. Мысалы, егер басқа отбасымен тұрып жатқан бала өз елінде тиісті күтімді ала алмаса, оны басқа елде асырап алуға болады.
22	22 бап:	Босқын балалар	Өз елінде қалу қауіпті болғандықтан босқын ретінде басқа елге көшкен балалар көмек пен қорғау алып, сол елде туған балалармен бірдей құқықтарға ие болуы керек.
23	23 бап:	Мүмкіндігі шектеулі балалар	Мүмкіндігі шектеулі әрбір бала қоғамда барынша лайықты өмір сүруге құқылы. Үкіметтер мүмкіндігі шектеулі балалардың барынша тәуелсіз болуын, қоғам өміріне белсенді қатысуын, яғни толыққанды өмір сүру мүмкіндігін қамтамасыз етуі керек.
24	24 бап:	Денсаулық, су, тамақтану, қоршаған орта	Әрбір бала өз денсаулығын сақтау үшін дәрігерлік көмек алуға, таза су ішуге, таза және қауіпсіз ортада өмір сүруге және толыққанды тамақтануға құқылы. Барлық ересектер мен мен балалар денсаулықты

			сақтау жайында толық ақпаратпен қамтамасыз етілуі тиіс.
25	25 бап.	Баланың тұрмыстық жағдайы	Тұрғылықты жері баланың мүддесіне сай келетініне көз жеткізу үшін күтімге, қорғауға немесе емделуге алынған қамқорлықтағы әрбір баланың өмір сүру жағдайы мен ахуалын үнемі тексеріп отыру қажет.
26	26 бап:	Әлеуметтік және материалдық көмек	Үкімет жағдайы нашар отбасылардағы балаларға қаржылай немесе басқалай көмектесуі керек.
27	27 бап:	Тамақ, киім, қауіпсіз тұрғын үй	Балалар өздерінің толыққанды дамуы үшін тамаққа, киімге және қауіпсіз тұрғын үйге құқығы бар. Үкіметтер бұл құқықты жүзеге асыруға мүмкіндігі жоқ отбасылар мен балаларға көмектесуі керек.
28	28 бап:	Білім алуға қолжетімділік	Әрбір бала білім алуға құқылы. Бастапқы білім алу тегін болуы тиіс. Ал одан кейінгі берілетін орта және жоғары білім әрбір бала үшін қолжетімді болуы керек. Балаларды қабілеттеріне сәйкес келетін мектептік білім деңгейін алуға талпындыру қажет. Мектептегі тәртіп зорлық-зомбылықсыз және баланың адамдық қадір-қасиетін құрметтеуге бағытталған тәсілдер арқылы жүзеге асырылуы тиіс.
29	29 бап:	Білім алудың мақсаттары	Білім алу баланың жеке тұлғасын, дарыны мен қабілетін ашып, оларды дамытуға көмек көрсетуі керек. Сондай-ақ өз құқықтарын түсінуге, ата-аналарын құрметтеуге, сонымен қатар басқалардың құқықтарын, мәдениеті мен өзгеше ерекшеліктерін құрметтеуге ықпал етуі тиіс. Білім алу оларға бейбіт өмір сүруге және қоршаған ортаны қорғауға көмектесуі керек.
30	30 бап:	Азшылық топқа жататындардың мәдениеті, тілі және діні	Балалар өз тілінде сөйлеуге, өз дінін ұстануға, халқының әдет-ғұрыптарын сақтауға құқылы. Тіпті олар тұрғылықты халықтың қолданысында болмаған жағдайда да.
31	31 бап:	Бос уақыт, ойындар, мәдениет, өнер	Әрбір баланың демалуға, ойнауға, сондай-ақ мәдени және шығармашылық іс-шараларға қатысуға құқығы бар.
32	32 бап:	Зиян келтіретін еңбек жағдайынан қорғау	Балалар денсаулығына қауіп төндіретін, білім алуына немесе дамуына кедергі келтіретін жұмыстан қорғалуға құқылы. Егер балалар жұмыс жасаса, олар қауіпсіз орта мен әділ еңбекақы алуға құқылы.
33	33 бап:	Зиянды заттардан қорғау	Үкіметтер балаларды қауіпті есірткіні пайдаланудан, өндіруден, тасымалдаудан немесе сатудан қорғауы керек.

34	34 бап:	Жыныстық қанаудан қорғау	Үкіметтер балаларды жыныстық қанаудан және жыныстық зорлық-зомбылықтан, соның ішінде балаларды ақша үшін жыныстық қатынасқа мәжбүрлейтін немесе сексуалдық мазмұндағы фотосуреттер мен бейнелер шығаруға қатысатын адамдардан қорғауға міндетті.
35	35 бап:	Сату мен саудалау жағдайларын алдын алу	Үкіметтер балалардың контрабанда арқылы басқа елдерге немесе озбырлыққа душар болуы мүмкін жерлерге ұрлауына немесе сатылуна жол бермеу үшін бар күш-жігерін салуы қажет.
36	36 бап:	қанаудан қорғау	Балалар қанаудың (пайдаланудың) барлық түрінен қорғалуға құқылы, тіпті кейбірі осы Конвенцияда көрсетілмеген болса да.
37	37 бап:	Бас бостандығынан айырылған балалар	Заңды бұзды деп айыпталған балаларға өлім жазасы, азаптау, қатыгездік, өмір бойына бас бостандығынан айыру, ересектермен бірге түрмеге отырғызу сияқты жазалар қолданылмауы керек. Бас бостандығынан айыру тек ақырғы шара ретінде және мүмкіндігінше қысқа мерзімде қолданылады. Бас бостандығынан айырылған балалар құқықтық қорғауға жүгінуге және отбасымен байланыста болуға құқылы.
38	38 бап:	Қарулы қақтығыс кезіндегі қорғау	Әскери қақтығыс кезінде балалар қорғалуға құқылы. 15 жасқа толмаған балаларға әскерге баруға, соғысқа қатысуға рұқсат етілмейді.
39	39 бап:	Қалпына келтіру	Қатыгездіктен, қанаудан немесе қарулы қақтығыстан зардап шеккен балалар көмек алуға, денсаулығын қайта жақсартуға құқылы.
40	40 бап:	Заң бұзушы балалар	Заңды бұзған балалар қажетті көмекке жүгінуге және оларға әділетті түрде қарауға құқығы бар. Оларға қоғамның жақсы азаматы болуға қажетті көмек көрсетілуі тиіс. Оларды бас бостандығынан айыру тек ақырғы шара болуы қажет.
41	41 бап:	Балаларға жанашыр заңдар	Егер елдің заңнамасы балалардың құқықтарын осы Конвенцияға қарағанда жақсырақ қорғайтын болса, онда сол елдің заңы бірінші кезекте қолданылуы қажет.
42	42-бап:	Баланың құқықтары жайлы бәрі білу керек	Үкіметтер бала құқықтары туралы Конвенция жайлы ақпаратты кеңінен таратуы қажет.
43	43-54 баптар:	Конвенцияның ережелері қалай жүзеге асырылады	Бұл баптарда Үкіметтер, Біріккен Ұлттар Ұйымы (соның ішінде Бала құқықтары жөніндегі комитет және ЮНИСЕФ) және басқалар бірлесе отырып, балалардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін қандай

			әрекеттер жасауы қажет жайлы ақпаратты қамтиды.
--	--	--	---

### **Заңмен қақтығыстағы балалар**

Балалар – әлеуметтік топтардың осал ең бірі. Сол немесе басқа себептер бойынша заңмен тікелей қатынастағы балалармен: егер де бұзушылықты ересектер жасаған болса, онда олар қылмыстық сипаттама алатын әрекет кіретін «мәртебелік құқық бұзушылықтар»; жәбірленуші-балалар бұзушылық жасаған балалар және қылмыстың куәгер балалары.

Кәмелетке толмағандардың қылмысы теріс, әлеуметтік-құқықтық құбылыстардың, атап айтқанда он сегіз жасқа толмаған тұлғалардың қоғамға қарсы және құқыққа қайшы әрекеттерді жасаған.

Қазақстанда заңмен қайшылыққа түскен және мектепте оқығысы келмейтін балалар және жасөспірімдерге арнайы білім беру ұйымдары бар, ол жерде құқық бұзушылықтарды және әлеуметтік өмір салтына қарсы алдын-ала шаралар бойынша әлеуметтік-педагогикалық жұмыстар өткізіледі. Девианттық мінез-құлықты балалар үшін арнайы ұйымдар – бұл жүйелі түрде әкімшілік құқық бұзушылықтарды жасайтын, білім алудан қасақана бас тартатын, отбасынан жүйелі түрде кетіп қалатын, бір айдан бір жылға дейінгі мерзімде қоғамға қарсы іс-әрекеттер жасайтын балаларды орналастыратын оқу-тәрбиелік мекеме.

Қиын балалармен жұмыс – көптеген елдерде әлеуметтік жұмыс жүйесін құрайтын негізгілердің бірі болып табылады. Заңмен қатынасқа түскен балаларды қолдаудың тиімдірек тәсілдерін реформалау және енгізу арнайы білім беру ұйымдары көрсететін қызметтердің маңыздылығын туғызды.

ЮНИСЕФ-тің зерттеулеріне сәйкес, әлеуметтік көзқарас тұрғысынан сот ісін жүргізу орбитасына түскен кәмелеттік жасқа толмаған балаларға әлеуметтік, құқықтық және психологиялық көмек көрсету бағдарламасының мақсаты отбасында болу арқылы қалпына келу мүмкіндігін және қоғамға қайта келудегі қиындықтарды сезбеуінен тұрады. Құқықтық көзқарас тұрғысынан баламалы бағдарламаларды аяқтаған балалар рецидивінің бірден аз пайызы, ал арнайы мектептер және колониялардың түлек балалары оқиғаның 90 пайызында қайта құқық бұзушылық жасайды.



## **Қылмыстың жекелеген түрлері бойынша кәмелетке толмағандардың қылмысы**

Қылмыскерлік – белгілі уақыт кезеңі ағымында және сандық және сапалық көрсеткіштерді сипаттайтын нақты бір аумақта жасалған қылмыстан тұратын әлеуметтік-құқықтық құбылыс.

Мемлекеттік құқықтық статистика үшін ақпараттың көзі мемлекеттік құқықтық статистика және құқықтық статистика мен арнайы есепке алу субъектілерін арнайы есепке алуды жүргізу саласындағы ақпаратты жинау, өңдеу, жинақтау, жиынтық және өзектендіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті болып табылады.

Тіркелген қылмыстардың саны – қылмыстық заңнамамен қарастырылған, анықталған және ресми түрде есепке алынған қоғамға қауіпті іс-әрекеттердің саны.

Қылмыстың сипаты мен қоғамға қауіптілігінің дәрежесіне байланысты ауыр емес, ауырлығы орташа, ауыр, аса ауыр қылмыстар болып бөлінеді.

Қылмыс жасаған балалар - ішкі істер органдарында ресми түрде есепке алынған, қылмыстық іс қозғалған 14 жастан 17 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдер.

Қылмыстық жауапкершілікке тартылған балалар – айыпталушы ретінде тарту туралы қаулы шығарылған 14 жастан 17 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдер.

Кәмелетке толмағандардың қылмысы – қылмыс жасау кезіндегі жасы 18 жасқа емес, 14 жасқа толған қылмыс жасаған жасөспірімдер қылмыстарының жиынтығы.

Қылмыстың деңгейі – республика, облыс, аудан халқының белгілі санына (дұрысы 10 мың) есептеу бойынша тіркелген қылмыстардың саны. Кәмелетке толмағандар арасындағы жасалған қылмыстың таралу коэффициентін анықтау үшін 14-17 жастағы тұлғалардың саны формулаға қосылады.

Қылмыстың құрылымы қылмыстың бөлек түрлері саны мен тіркелген қылмыстың жалпы санын пайыздық қатынас сипаттайды (үлес салмағы). Бұл деректер арқылы қылмыстың сапалы сипаттамасының өзгеруі қандай қылмыстар есебінен жасалатынын анықтайды.

## **Кәмелетке толмаған тұлғаның заңды және психологиялық мәртебесі заң аспектісі**

БҰҰ бала құқықтары туралы

Біріккен Ұлттар Ұйымының бала құқығы туралы конвенциясы – өзіне балалардың құқықтарын қорғауға міндеттеме алған елдерде ратификацияланған маңызды келісім.

Бала құқығы туралы конвенцияда балалардың кім екендігі түсіндіріледі, сондай-ақ олардың барлық құқықтары мен үкіметтің міндеттемелері тізіліп көрсетіледі. Барлық құқықтар өзара байланысты, олардың бәрі бірдей маңызды және оларды балалардан бөлек қарастыру мүмкін емес.

Бала құқығы дегеніміз – қандай да бір айырмашылыққа: нәсіліне,

жынысына, тіліне, дініне, туған жеріне, ұлттық немесе әлеуметтік шығу тегіне, мүлігіне, меншігіне, ататегіне немесе өзге де жағдайына қарамастан әр баланың (18 жасқа толмаған әрбір адам бала деп танылады) бойында болуы қажет бостандығы мен құқығы.

Тұлғаның үйлесімді дамуы үшін бала махаббат пен мейірімділік бар ортада, отбасында, жақын және сүйіспеншілікке толы адамдар арасында өсуі керек.

Ересектердің міндеті – баланы өз бетінше өмір сүруге дайындау, қоғамның толыққанды мүшесі болуына көмектесу және баланың қалыпты физикалық және интеллектуалдық дамуына жағдай жасау.

Балалық шақты қорғау – балалардың құқықтық мәртебесін айқындайтын нормативтік құжаттарды әзірлеу негізінде балалардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін шаралар жүйесі; балалар еңбегін заңнамалық реттеу; қорғаншылық, қамқоршылық және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды асырап алу жүйесін жетілдіру; тиісті көмекке мұқтаж балалармен түзету және оңалту жұмыстарын жүргізу үшін мамандандырылған әлеуметтік қызметтер мен мекемелер желісін құру. Балалардың және балалы отбасылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақстан Республикасының ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі болып табылады.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанда балалардың құқығын қорғау жөніндегі негізгі халықаралық құжаттар ратификацияланған. Мемлекетте сондай-ақ кәмелетке толмағандардың құқықтары жазылған заңдар мен жарлықтар қабылданды. Халықаралық және ұлттық құқықтық құжаттар балалар тап болатын негізгі проблемалар мен қауіптерді шешуге арналған.

Балалардың әртүрлі топтары әртүрлі көмекке және тең әлеуметтік қорғауға мұқтаж. Әлеуметтік қорғауға мұқтаж балалардың басым топтарына: жетімдер; ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар; жағдайы нашар отбасынан шыққан балалар; асырап алынған балалар, көп балалы, толық емес отбасылардың балалары; функционалды даму ерекшеліктері бар балалар; жұмыссыз азаматтардың балалары; балалар - қарулы қақтығыстардың, экологиялық және технологиялық апаттардың құрбандары; босқындар мен мигрант отбасылардың балалары; заңмен байланыста болған және ішкі істер органдарында профилактикалық есепке алуда тұрған балалар кіреді [4].

Балаларды әлеуметтік қорғауға үш бірдей билік тармақтары жауапты: заң шығарушы, атқарушы және сот. Басымдылық мемлекет пен ол құратын институттарға тиесілі: олар балаларға қатысты әлеуметтік саясат пен заңнаманы қалыптастырады, оның іске асырылуын қамтамасыз етеді және әлеуметтік қауіпсіздікке кепілдік береді.

Саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар, қайырымдылық одақтар, діни мекемелер, бұқаралық ақпарат ұсынымдары, кәсіпорындар мен уәкілетті мекемелер, балалар мен жастар ұйымдары, демеушілік немесе қайырымдылық қызметімен айналысатын жеке тұлғалар жатады.

Балалық шақты әлеуметтік қорғауда отбасы мен мектеп, сондай-ақ арнайы әлеуметтік жұмыс қызметтері ерекше рөл атқарады: муниципалды қызметтер,

стационарлық мекемелер жүйесі, баспана, балалар үйі, интернаттар, қосымша білім беру және балаларды дамыту мекемелері, психологиялық, медициналық, әлеуметтік және педагогикалық қолдаудың мамандандырылған орталықтары, кеңес беру және оңалту қызметтері және т.б.

Әлеуметтік қорғаудың субъектілері сонымен қатар әлеуметтік қызметкерлер, әлеуметтік педагогтар және басқа да мамандар.

Кәмелетке толмағандар деген кімдер? Бұл терминді этимологиялық тұрғыдан «кәмелеттік» жасқа толмаған адам деп түсіндіруге болады. Яғни, белгілі бір жас кезеңіне жетпеген тұлға және бұл кезеңнің шегі түрлі тарихи кезеңдер мен түрлі елдерде әртүрлі болды.

Көптеген елдерде кәмелетке 18 жаста толады. Ал кейбір елдерде – кәмелеттік жас 21 жас болып табылады. Кәмелетке толмаған деп 18 жасқа толмаған баланы айтуға болады. Қай жастан басталады деген сауалдың туындауы заңды да. Үш жаста да, бес жаста да, тіпті он жастағы баланы кәмелетке толмаған деп айтуға бола ма?

«Кәмелетке толмаған» деген ұғым көп жағдайда заң терминологиясында қолданылады және қылмыстық жауапкершілік туындайтын жаспен байланыстырылады. Бұл жағдайда да бұл шек түрлі елдерде әртүрлі болады. Мысалы, Ұлыбританияда қылмыстық жауапкершілік 10 жастан басталады, Польшада - 13 жастан. Ресей мен Қазақстанда 14 жастан басталады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 78-бабына сәйкес, кәмелетке толмағандар деп «қылмыс жасаған уақытында он төрт жасқа толған, бірақ әлі он сегізге толмаған тұлғалар танылады» [43, 48 б.].

Осындай анықтамаға сәйкес, кәмелетке толмаған деп, 14 жастан 18 жасқа дейінгі баланы айтуға болады. Алайда 14\* жасқа толмаған балалар да құқық бұзушылық жасайды. Егер бала 11-12 жаста болса және ол құқық бұзушылықты жасаса, онда ол қылмыстық жауапкершілікке тартылмайды. Бірақ бұл жағдайда ол кәмелетке толмаған деп есептелуі мүмкін бе?

## **6. Өмірлік қиын жағдайдағы балалар мен ата-аналарға көмек пен қолдау әдістемелік ұсынымдар.**

1. Туылғаннан үш жасқа дейінгі жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, туғаннан төрт жасқа дейінгі психикасының және дене бітімінің дамуында кемістігі бар балаларға арналған, баладан бас тарту қаупі бар отбасыларды психологиялық-педагогикалық қолдауды жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарына күтіп-бағу үшін арнаулы бөлімше ашылады.

№	Ұйымдар атауы	Атқаратын функциясы
1	Арнаулы білім беру ұйымдарына	Арнаулы білім беру ұйымдарына он бір жастан он сегіз жасқа дейінгі девиантты мінез-құлықты балалар орналастырылады.

2	Ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдары	Ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына он бір жастан он сегіз жасқа дейінгі, тәрбиелеудің, оқытудың ерекше жағдайларын қажет ететін және арнаулы педагогикалық тәсілді талап ететін балалар орналастырылады.
3	Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы	Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығын қоспағанда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарына үш жастан он сегіз жасқа дейінгі жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар қабылданады.
4	Жалпы үлгідегі жалпы білім беретін мектеп-интернат	Жалпы үлгідегі жалпы білім беретін мектеп-интернатқа жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ табысы аз және көп балалы отбасылардың алты жастан он сегіз жасқа дейінгі, осы үлгідегі ұйымдарда күтіп-бағуға медициналық қарсы көрсетілімдері жоқ балалар қабылданады.
5	Медициналық-әлеуметтік ұйым	Медициналық-әлеуметтік мекемеге (ұйымға) төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі күтіп-бағуға, медициналық, тұрмыстық қызмет көрсетуге және әлеуметтік-еңбекке бейімдеуге мұқтаж мүгедек балалар қабылданады.
6	Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы	Отбасы үлгісіндегі балалар ауылына он сегіз жасқа дейінгі жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар қабылданады. Балаларды отбасы үлгісіндегі балалар ауылдарына қабылдау тәртібі мен оларды күтіп-бағу шарттары Қазақстан Республикасының отбасы үлгісіндегі балалар ауылдары және жасөспірімдер үйлері туралы заңнамасында айқындалады.
7	Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы	Жасөспірімдер үйінде балалар ауылы, балалар үйі, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернат әкімшілігінің шешімі негізінде, психоневрологиялық аурулары бар адамдарды қоспағанда, он алты жастан жиырма үш жасқа дейінгі балалар ауылдарының тәрбиеленушілері және балалар үйлерінің, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттардың түлектері әлеуметтік бейімдеуден өте алады.
8	Дербес заңды тұлға ретінде жұмыс істейтін мекеме.	Жасөспірімдер үйінде жергілікті атқарушы органдардың шешімі негізінде, психоневрологиялық аурулары бар адамдарды қоспағанда, он алты жастан жиырма үш жасқа дейінгі балалар ауылдарының тәрбиеленушілері және балалар үйлерінің, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттардың түлектері әлеуметтік бейімдеуден өте алады.
9	Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтары	Ата-анасын немесе басқа заңды өкілдерін анықтау үшін үш жастан он сегіз жасқа дейінгі қадағалаусыз және панасыз қалған балалар, уақтылы орналастыру мүмкіндігі болмаған жағдайда ата-анасының немесе оларды алмастыратын адамдардың қамқорлығынсыз қалған балалар, өміріне немесе денсаулығына тікелей қатер төнген кезде қорғаншылық және қамқоршылық органы ата-анасынан (олардың біреуінен) немесе оларды қамқорлығына алған басқа да адамдардан алып қойған балалар, арнаулы білім беру ұйымдарына жіберілетін балалар, сондай-ақ әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік

		депривацияға алып келген қатыгездікпен қарау салдарынан өмірлік қиын жағдайда жүрген балалар қабылданады.
10	Өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау орталықтары	Өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау орталықтарына үш жастан он сегіз жасқа дейінгі, өмірлік қиын жағдайда жүрген балалар қабылданады.

2. Баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдарға балаларды қабылдау және оларды күтіп-бағу талаптары, осы Заңмен белгіленбеген бөлігінде, Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген орган бекіткен осы ұйымдар туралы ережемен айқындалады.

3. Баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуына байланысты құқықтық қатынастарға Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасы қолданылмайды [15].

4. Баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың тауарлары мен көрсетілетін қызметтерін сатып алу қағидаларын Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы айқындайды.

### **Халықаралық тәжірибе**

Қазіргі таңда барлық дамыған елдерде балалық шақ мәселесі басты назарда болып отыр. Бізді аумақтық және әлеуметтік-құқықтық, геосаяси және тілдік шекаралар бөліп жатыр. Әйтсе де балаларға қатысты саясат бірдей болуы тиіс. Жер шарының кез келген жерінде балалардың бақытты балалық шағы мен құқықтарының қорғалуына құқықтары бар. Теріс, құқыққа қарсы мінез-құлық мәселесінің де шегі жоқ және де бұл мәселе жаһандық-құрлықтық болып табылады.

Дүние жүзіндегі көптеген елдерде заңға қайшы проблемалары бар жеткіншектер және балалармен жұмыс бойынша мол тәжірибе жинақталған. Ювеналдық әділет жүйесі, сынау қызметі, қатерлі топтың балаларымен жұмыс бойынша комиссиялар, балалар мен жеткіншектерді қайта әлеуметтендіру бойынша комитеттер және т.б.

Бұл тәжірибе қажетті және пайдалы. Біздің пікірімізше, қоғамның негізгі міндеті – бұл балалармен жеткіншектер арасында құқық бұзушылықтардың алдын алу. «Емдегеннен» гөрі «алдын алған» әрдайым тиімдірек емес пе. Өмірде қиын жағдайға душар болғандар; қатерлі топтар; теріс мінезқұлықты (девиантты) балалармен алдын алу, диагностикалық және түзету шараларын жүргізу жүйесін жасау қажет. Дамыған елдердің тәжірибесінде бізді көбіне аталған топ балаларымен және жеткіншектерімен жұмыс істейтін мамандардың кәсіби ұсынымдары қызықтырады.

### **ФРАНЦИЯ**

1945 ж. – Ордонанс (әділ соттың ювеналдық жүйесі) қабылданды. 1958 ж. 23 желтоқсанда – Декрет қабылданды. 1974 ж. – кәмелетке толу жасы 21 жастан 18 жасқа дейін түсірілді.

**Ордонанстың негізгі ұстанымдары:** Жазалау шараларынан бұрын тәрбиелеу шараларына артықшылық беру ұстанымы. Бұл – кәмелетке толмаған құқық бұзушының психологиясымен, тұлғасымен жете танысу. Тек кәмелетке толмағандардың істерімен ғана айналысуы тиіс соттардың мамандануы.

1958 ж. қабылданған Декреттің негізінде қарастырылды:

егер де мүмкін болған жағдайда, баланы отбасында, ата-анасымен немесе әжесі және атасымен қалдыру қажеттілігі; тағайындалған жазаға отбасының келісімін алу қажеттігі. Осы мақсатта ата-аналарды судьяның ресми қабылдауына шақыру жүзеге асырылады; баланың қалыпты тұрғылықты орнын айыру қажеттігі туындаған жағдайда, судья оның тәрбиесін сеніп тапсыра алады; отбасының басқа мүшесіне немесе сенім білдіруге тұрарлық үшінші тұлғаға; дәрігерлік немесе тәрбиелік сипаттағы, әдеттегі немесе мамандандырылған қызметке немесе мекемеге; балалық шаққа әлеуметтік көмек көрсету қызметіне.

Францияда Әділет министрлігі басқармаларының бірі болып табылатын, жастарды заңды қорғау – ЖЗҚ басқармасы әрекет етеді. ЖЗҚ басты міндеті – құқық бұзушылықтардың алдын алу, кәмелетке толмағандардың тәрбиесі мен жаңа құқық бұзушылықтардың жасалуының алдын алу. Бұл құрылым құқық бұзушылықты жасаған немесе қауіп төнген кәмелетке толмағандарды, сондай-ақ әлеуметтік проблемалары бар 21 жасқа толмаған кәмелетке толғандарды тәрбиелеу және оқыту мәселелерімен айналысады. Сонымен қатар ЖЗҚ жастардың заңды қорғау қызметтерінің әкімшілік, қаржылық және педагогикалық қызметтерін бақылау функциясын жүзеге асырады.

### **ЖЗҚ қызметінің құрылымы**

Сот жанындағы тәрбие қызметтері. Олар сотта орналасады. Осы қызметтің тәрбиешілері кәмелетке толмағандармен, олардың отбасымен кездеседі, кәмелетке толмағандардың жағдайын зерттеумен айналысады, тәрбие бағдарларын анықтау бойынша жұмыс жүргізеді және бас бостандығынан айыруға балама шаралар ұсынады. Егер бас бостандығынан айыру туралы жаза шығарылса, бұл қызметтің тәрбиешілері пенитенциар мекемелердің әлеуметтік-тәрбиелік қызметтерімен ынтымақтастықта жұмыс істейді. Бұл қызмет кәмелетке толмағанға қолданылатын шартты жазалау, заңды бақылау, қоғамдық жұмыстар, түзету жұмыстары секілді шараларды атқарады және ашық қоғамда тәрбиелеу секілді шараны сирек атқарады.

Тәрбие жұмысының орталығы (панажай, жатақхана). Соттың шешімі бойынша отбасында бола алмайтын, құқық бұзушылық жасаған немесе басына қауіп төнген кәмелетке толмағандарды қабылдайды. Тәрбиешілер тобы баланы тәрбиелеу мен дамытуға бағытталған жеке бағдарлама жасайды, оған қажетті сабақтар жасалады. Бұл орталықтар қала ішінде орналасады. Мектептермен, әлеуметтік-тәрбиелеу қызметтерімен бірлесіп жұмыс істейді. □ Күндізгі орталықтар кәмелетке толмағандарға білім беру және олардың кәсіби дайындығымен айналысады. Оқу орындарымен, психологтармен және әлеуметтік қызметкерлермен ынтымақтастықта жұмыс істейді.

Ашық қоғамдағы тәрбие қызметі. Бұл қызметтің тәрбиешілерінің негізгі міндеті – өз отбасында өмір сүретін (яғни ажыратылмаған) кәмелетке толмағандардың түрлі қызметінде, оның мектепте білім алуына, кәсіби

қызметіне, мәдени дамуы мен спортта және т.б., яғни күнделікті өміріне көмек көрсету. Сонымен қатар кәмелетке толмағандардың отбасымен жұмыс жүргізілетінін де атап өту керек. Ашық қоғам тәрбиешілері әлеуметтік сауалнама жасаумен де айналысуы мүмкін, сондай-ақ олар шартты жазалау, заңды бақылау, қоғамдық жұмыс және қалпына келтіру жұмыстары секілді шараларды жүзеге асырады.

Жабық түрдегі тәрбие орталығы. Күрделі проблемалары бар кәмелетке толмағандарды бірнеше айға қабылдайды. Тәрбиешілері кәмелетке толмағандармен тұрақты түрде бірге тұрады және олардың мінез-құлқына ұдайы бақылау жасайды. Алдыңғы аталып өткен қызметтердің функцияларына ұқсас түрлі тәрбие жұмыстары да жүзеге асырылады, бірақ бұл орталықтардың негізгі міндеті – жеткіншектер өміріндегі қарым-қатынастарды қалыпқа келтіруге, қоғамдық ережелерді құрметтеуді үйренуге, басқаларды құрметтеуді үйренуге мүмкіндік беру.

Дереу орналастыру орталықтары. Кәмелетке толмағандарды 3 айдан 4 айға дейінгі кезеңге қабылдайды. Бірден орналастырады және кәмелетке толмағандарды қоғамнан оқшаулауы тиіс. Неғұрлым ұзақ мерзімге есептелген тәрбие жұмысы жүргізіледі.

### ШВЕЦИЯ

Швециядағы әлеуметтік қызметкердің негізгі мақсаты – кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығының алдын алу мен болдырмау. Швецияда кәмелетке толмаған құқық бұзушылармен әлеуметтік жұмыс келесі ерекшеліктерге ие: кәмелетке толмаған құқық бұзушылармен жұмыс істейтін әлеуметтік қызметке жоғары өкілеттіктер жүктелген және қоғам алдында зор жауапкершілікке ие; әлеуметтік қызметкердің ресми мәртебесі өте жоғары, ал кәсібі беделді; Швецияда әлеуметтік қызмет муниципальді болып табылады. Бұл мамандардың нақты жеткіншекке оның тұрғылықты орнында әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсетуіне мүмкіндік береді. Бұл болса кәмелетке толмағанға көрсетілген әлеуметтік көмекті уақытылы, мекен жайында және неғұрлым тиімді етеді, себебі жеткіншектің жеке ерекшеліктері мен оның отбасының ерекшеліктері ескеріледі; әлеуметтік қызмет полицияға немесе сотқа тәуелсіз болып табылады (тығыз ынтымақтастыққа қарамастан). Аталған контексте кәмелетке толмағандардың құқықтары мен мүдделерін сақтау кепілдігі туралы айтуға болады. Мұндай тәуелсіздік жеткіншек тарапынан әлеуметтік қызметкерге сенім білдірудің жоғары дәрежесін қамтамасыз етеді.

### ПОЛЬША ЗАҢНАМА

Кәмелетке толмағандардың ісін қарастыру рәсімі туралы заң (Juvenile Procedures Act) 1982 ж.;

Қылмыстар мен кішігірім құқық бұзушылықтар туралы заң (Criminal Law and Petit Offences Act).

Польшада отбасылық сот 1978 ж. енгізілген. Ол ата-аналары мен балалардың арасындағы және ерлі-зайыптылардың арасындағы қатынастарды, психикалық ауытқушылығы бар тұлғаларды мәжбүрлі емдеу және кәмелетке толмаған құқық бұзушылардың істерімен байланысты мәселелерді қарастырады. Отбасылық соттар әрбір ауданда жергілікті деңгейде ұсынылады.

Польшада дауыс беру құқығына ие болу жасы 18 жастан; қылмыстық жауапкершілік 13 жастан басталады. Қылмыстық құқық саласында құқық бұзушылық жасаған 13-17 жастағы жеткіншектер кәмелетке толмағандар болып саналады және сотқа тартылмайды. Егер жеткіншек 15 жасқа толған болса және ол ауыр қылмыс жасаса (кісі өлтіру, зорлық, лаңкестік акт) іс жалпы юрисдикцияның қылмыстық сотында қарастырылады. Әр істі қарастыру барысында жеткіншектің жеке тұлғалық қасиеттері және оның кемелдену дәрежесі ескеріледі. Кәмелетке толмағандардың барлық басқа істері отбасылық соттарда қарастырылады [19].

### **Кәмелетке толмағандарға арналған әділ сот жүйесі**

Отбасылық сот жеткіншекке әсер етудің келесі шараларын тағайындай алады: сөгіс; түрлі сипаттағы шектеулер; залалды өтеу; баланың мінез-құлқы туралы сотқа тұрақты хабарлап отыруға міндетті ата-аналары тарапынан бақылау (тәжірибеде мұндай шара тиімсіз болып шықты); балалармен жұмыс істейтін ұйымның немесе жауапты тұлғаның тарапынан бақылау; кәмелетке толмағандармен жұмыс жөніндегі отбасылық сот қызметкері – куратордың тарапынан бақылау; «куратор орталығына» бару (бұл балалар мектептен кейін бірнеше сағат өткізетін күндізгі панажай тәріздес); тәрбие орталығында (балалар үйінде) ұстау. Ол жерге жетімдер немесе ата-аналары ата-ана құқығынан айырылған балалар жіберіледі. Мұндай орталықтар Әлеуметтік қамтамасыз ету министрлігінің қарамағына жатады; әлеуметтік тәрбие орталықтарында ұстау (Әлеуметтік қамтамасыз ету министрлігі). Бұл орталықтардағы тәртіп неғұрлым қатал, оған «қиын» жеткіншектерді жібереді; психикалық ауытқулары бар 13-17 жастағы кәмелетке толмаған құқық бұзушыларға арналған мамандандырылған орталықтары болады; түзету орталықтарында (Әділет министрлігі) ұстау; бұл – 17 және одан үлкен жастағы жастарға ең қатал жаза. Түзету орталықтары тәртіптің қаталдығы бойынша ашық, жартылай ашық және жабық түрдегі орталықтарға бөлінеді. Жабық түрдегі орталықтарда қоғам үшін ерекше қауіп төндіретін және ашық және жартылай ашық режим орталықтарынан қашқан жас адамдар ұсталады; белгілі бір мерзімге (мәселен, 2 жыл) үкімнің орындалуын кейінге қалдырған шартты жазалау.

### **Әлеуметтік қызметтердің кәмелетке толмағандармен жұмыс түрлері**

Польшада балалармен жұмыс істеуде психологтардың, әлеуметтік қызметкерлердің жеткілікті мол тәжірибесі жинақталған. Заңға қайшылық әрекет жасаған балалармен жұмыс істеуге кураторлар (педагогтар, әлеуметтік қызметкерлер, психологтар немесе заңгерлер) тартылады. Кураторлар түрлі құрылымдар: мектептер, отбасы, әлеуметтік қызмет, полиция, медициналық мекемелер арасында үйлесімділік байланысын жүзеге асырады. Куратор (судья көмекшісі) лауазымы Польшада 1920 ж. енгізілген. Қазіргі кезде Польшада 3600 астам кураторлар бар. 2000 мүшеден тұратын

Кураторлар қауымдастығы әрекет етеді. Педагогтар, әлеуметтік қызметкерлер, психологтар немесе заңгерлер куратор бола алады. Үміткерлердің жасы 24 аспауы керек, аталған салаларда 5 жылдық жоғары білімі (магистр дәрежесі) болуы және арнайы дайындық курсынан өтуі тиіс.

### **Куратордың функционалдық міндеттері:**



Жеткіншектің отбасына бару, жеткіншекпен және отбасы мүшелерімен әңгімелесу; мектепке, жеткіншектің жұмыс орнына бару; судьяның тапсырысы бойынша жеткіншек тұлғасы және отбасы жағдайы туралы есеп жасау; түрлі құрылымдар: мектеп, отбасы, әлеуметтік қызмет, полиция, медициналық мекемелер арасында үйлесімділік байланысты жүзеге асыру. Польшада кураторлардың қызметінен басқа әлеуметтік қызметтер жүйесі тиімді әрекет етеді. Әлеуметтік қызметкерлер қатерлі топтағы жеткіншектерге әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсетеді. Әлеуметтік қызметкердің жұмысына: қызығушылықтар бойынша клубтар мен секциялардың сабақтарына қатысу, мұғалімдермен және ата-аналармен әңгімелесу кіреді. Мұндай әлеуметтік қызметтің мақсаты жастар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу болып табылады.

АҚШ Профилактика АҚШ-та балаларға әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсетудің жеткілікті мөлшерде мол тәжірибесі жинақталған. АҚШ-та қатерлі топтағы

жеткіншектермен және кәмелетке толмаған құқық бұзушылармен әлеуметтік жұмыс бірқатар бағдарламалар негізінде құрылады: полицияның базалық бағдарламалары; кәмелетке толмағандардың ісі бойынша соттардың базалық бағдарламалары; мектептердің базалық бағдарламалары.

#### **Әлеуметтік қызметтердің кәмелетке толмағандармен жұмыс түрлері**

Балаларға әлеуметтік көмек көрсететін арнайы мекемелердің жұмысын ұйымдастыру түрлері (жеткілікті қамтамасыз етілмеген отбасылары үшін тегін): ата-аналар үшін арнайы кәсіби оқыту топтарын ұйымдастыру, еңбекпен қамтамасыз ету бойынша көмек көрсету; ата-аналары күндізгі және кешкі уақытта жұмыс істейтін балаларды қарауды қамтамасыз ету; қалалық денсаулық орталықтары жанынан күйеуі жоқ аналар үшін қызметтер құру; зорлық көрген балаларды қорғау қызметтерін құру және қолдау көрсету; балалар үйін құру және тексеру, асырап алушы отбасылармен жұмыс, баланың жаңа отбасына бейімделуін бақылау; әлеуметтік қызметтердің балаларға білім алуда көмек көрсетуін, ата-аналарға үй шаруашылығын жүргізуде көмек көрсетуді дамыту.

АҚШ-та басқа да бірқатар батыс елдердегідей, үйлерінен қашып кеткен және баспанасыз балалармен келесі жұмыстар жүргізіледі: панажайлар мен жатақханалар жұмыс істейді; жеке және топтық кеңес берулер жүргізіледі; баланы отбасына қайтару мақсатында ата-аналарымен әңгіме жүргізіледі; балаларымен қайта қосылған отбасыларына көмек көрсетіледі және т.б.; «сенім телефондары» қызметтері құрылады.

Мектептегі әлеуметтік қызметкердің негізгі қызметі – қиын жағдайларға ұшыраған балаларды әлеуметтік-психологиялық көмекпен қамтамасыз ету. Бұл оқушылардың өзімен, отбасымен, мектеппен және әлеуметтік ортасымен өзара ықпалдастығы арқылы жүзеге асырылады.

Мектептегі әлеуметтік педагогтың кәсіби қызметіне үйді аралау; жеке және топтық кеңес беру; дағдарыс жағдайында жанашылдық (делдалдық); тәрбиеленушіні бақылау, оны қорғау; бала-ата-ана қатынастарын талдау; кесте жасауда көмек көрсету жатады.

## Қорытынды

Әдістемелік ұсынымда кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссиялардың қызметі, құқық қорғау қызметін жетілдірудегі әлеуметтік-педагогикалық шарттары негізделді. Жұмыста кәмелетке толмағандардың қылмыс жасауының, құқық бұзушылықтарының және қараусыз қалуының алдын алу, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау аспектілері негізі себептері мен жағдайлары, Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша құқықтық мәртебесі, кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтары профилактикасының құқықтық және әлеуметтік педагогикалық аспектілері, оларды ұйымдастыру шараларына тоқталдық.

Әдістемелік ұсыным Кәмелетке толмағандар ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі Комиссиялар (КІК) қызметінің негізгі бағыттары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының тапсырмасы бойынша «Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссиялардың қызметі жөніндегі құқық қорғау қызметін жетілдірудегі әлеуметтік-педагогикалық шарттары» ғылыми-әдістемелік ұсынымдар әзірленді.

Әдістемелік ұсыным кәмелетке толмаған жасөспірімдердің құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау саласындағы мемлекеттік органдар мен мекемелердің қызметін үйлестірудегі шешімі табылмаған өзекті мәселелердің нормативтік құқықтық базаға өзгерістер енгізу арқылы шешілуі және сол өзгерістердің ведомствоаралық комиссия қызметінің сапасының артуына көмектеседі.

Комиссия отырысында өзекті мәселелердің шешілуі мақсатында ведомствоаралық комиссия мүшелерінің ынтымақтастығы мен жұмыс барысындағы алгоритмді жетілдіру және сапасы бойынша толықтырылды.

Балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау саласындағы мәселелер, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар, қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу, оларды әлеуметтік оңалту бойынша бағдарламалар жасалды.

Кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мен қалпына келтіру, кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз, панасыз қалуына, құқық бұзушылықтары мен қоғамға жат қылықтарына себеп болатын жағдайлар мен оның себептерін анықтау мен жою жөніндегі шараларды жүзеге асыру жиынтығы берілді.

## Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1) Қазақстан Республикасының «Бала құқықтары туралы» 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345>
- 2) Қазақстан Республикасының «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Заңы
- 3) Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауын іске асырудың жалпыұлттық жоспары
- 4) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссиясы туралы Ережесі.
- 5) Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі – ҚР 1994 жылғы 27 желтоқсандағы №268-ХІІІ Кодексі
- 6) Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (Ерекше бөлім) – ҚР 1999 жылғы 1 шілдедегі №409 Кодексі
- 7) Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы – ҚР 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 Заңы
- 8) Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны ратификациялау туралы – ҚР 2015 жылғы 20 ақпандағы №288-V ҚРЗ Заңы
- 9) Факультативный протокол к КПП о вовлечении детей в вооруженные конфликты
10. Веб-сайт по правам детей в Республике Казахстан [www.balazan.kz](http://www.balazan.kz)
11. Минимальные стандартные правила Организации Объединенных Наций, касающиеся отправления правосудия в отношении несовершеннолетних (Пекинские правила), принятые резолюцией Генеральной Ассамблеи ООН 40/33 от 29 ноября 1985 года;
12. Факультативные протокол, касающийся процедуры сообщений// Сайт ООН. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: [http://www.un.org/ru/documents/decl\\_conv/conventions/child\\_optprot.shtml](http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/child_optprot.shtml).
13. Механизм подачи жалоб в рамках Конвенции по правам ребенка. Приложение 1: Факультативный протокол с примечанием <https://archive.crin.org/en/docs/op3%20crc%20annex%20I.pdf>
14. Процедура подачи индивидуальных жалоб в рамках договоров по правам человека // Организация Объединенных Наций. [Электронный ресурс]. - Режим доступа: <http://www.ohchr.org/RU/HRBodies/TBPPetitions/Pages/IndividualCommunications.aspx>. Процедура подачи индивидуальных жалоб в рамках договоров по правам человека // Организация Объединенных Наций. [Электронный ресурс]. - Режим доступа: <http://www.ohchr.org/RU/HRBodies/TBPPetitions/Pages/IndividualCommunications.aspx>.
15. Решение Комитета по правам ребенка в соответствии с Факультативным протоколом к Конвенции о правах ребенка, касающимся

процедуры сообщений (шестьдесят девятая сессия). Сообщение № 1/ 2014. [Электронный ресурс]. - Режим доступа: <http://juris.ohchr.org/ru/search/results?Bodies=5&sortOrder=Date>.

16. Факультативный протокол к Конвенции о правах ребенка, касающийся процедуры сообщений, от 19 декабря 2011 г. — принят резолюцией ГА ООН A/RES/66/138. URL: <http://www.ohchr.org/RU/ProfessionalInterest/Pages/OPICCRC.aspx> (дата обращения: 09.09.2015).

17. URL: <http://www.crin.org/ru/biblioteka/arhiv-novostyey/oon-razrabotala-mehanizm-zhalob-dlyadetey> (дата обращения: 31.08.2015).

18. Права человека: Сб. международных договоров. - Организация Объединенных Наций. Нью-Йорк и Женева, 2002. - Т. I (часть первая). Универсальные договоры.

19. Пянзина, Н. А. Обязательства государств по реализации Конвенции о правах ребенка / Н. А. Пянзина // Научно-аналитический журнал Обозреватель - Observer. – 2013. – № 1(276). – С. 69-79.

20. Кулакова, Н. А. Механизм подачи жалоб в рамках конвенции ООН о правах ребенка 1989 г / Н. А. Кулакова // Вестник Санкт-Петербургского университета. Право. – 2015. – № 3. – С. 75-86.

21. Беспалов, Ю. Ф. Обзор докладов и сообщений международной научно-практической конференции "права ребенка в Российской Федерации: законодательство, правоприменительная деятельность, Российская наука" / Ю. Ф. Беспалов // Вестник Российской правовой академии. – 2018. – № 1. – С. 91-94.

22. Неправомочные (*ultra vires*) действия Комитета ООН по правам ребенка и новый Факультативный протокол к Конвенции о правах ребенка Аналитический доклад Код документа: INT-12-034, май 2012 <http://www.familypolicy.ru/rep/int-12-034.pdf>

23. Декларация прав ребенка. Принята резолюцией 1386 (XIV) Генеральной Ассамблеи ООН от 20 ноября 1959 г. — [ЭР]. Режим доступа: [http://www.un.org/ru/documents/decl\\_conv/declarations/childdec.shtml](http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/childdec.shtml)

24. Декларация о защите женщин и детей в чрезвычайных обстоятельствах и в период вооруженных конфликтов, 1974 г.

25. [ЭР]. Режим доступа: [http://www.un.org/ru/documents/decl\\_conv/declarations/armed.shtml](http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/armed.shtml). 10.2014 г.

26. Декларация о социальных и правовых принципах, касающихся защиты и благополучия детей, 1986 г. — [ЭР]. Режим доступа: [http://www.un.org/ru/documents/decl\\_conv/declarations/childpri.shtml](http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/childpri.shtml). 10.2014 г.

27. Конвенция о правах ребенка. Принята резолюцией 44/25 Генеральной Ассамблеи от 20 ноября 1989 г. — [ЭР]. Режим доступа: [http://www.un.org/ru/documents/decl\\_conv/conventions/childcon](http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/childcon)

28. Конвенция о правах ребенка, касающаяся участия детей в вооруженных конфликтах, 2000 года (факультативный протокол). — [ЭР]. Режим доступа: [http://www.un.org/ru/documents/decl\\_conv/.../rightschild\\_protocolshtml](http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/.../rightschild_protocolshtml). 14.10.2014 г.

29. Постановление Верховного Совета Республики Казахстан «О ратификации Конвенции о правах ребенка» от 8 июня 1994 г. — [ЭР]. Режим доступа: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/B940001400>
30. Закон «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам обеспечения защиты прав ребенка»
31. Нугманова, Э. А. Совершенствование законодательства Республики Казахстан по правам ребенка в соответствии с международными стандартами / Э. А. Нугманова // Право и государство. – 2014. – № 3(64). – С. 29-35.
32. Қапсыямов Қ.Ж. Орталық Азия мен Қазақстанның балалар құқығын қорғау саласындағы аймақтық ынтымақтастығы және даму перспективалары / Ж. Қапсыямов Қ.Ж., Қапсыямова С.С., Р. Т. Аккулов // Вестник Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева. Серия: Право. – 2019. – No 3(128). – P. 23-30. – DOI 10.32523/2616-6844-2019-128-3-23-30.
33. Косевич, Н. Р. Система международной защиты прав ребенка: определение, этапы становления и развития, принципы защиты прав ребенка / Н. Р. Косевич // Актуальные проблемы уголовного права, криминологии и исполнительного права: научные труды кафедры уголовного права. – М.: РГУП, 2015. – Вып. 5. – 192 с
34. Универсальный периодический обзор - Республика Казахстан (<https://www.ohchr.org/RU/HRBodies/UPR/Pages/KZindex.aspx>);
35. Республика Казахстан и договорные органы ООН ([https://tbinternet.ohchr.org/\\_layouts/15/treatybodyexternal/TBSearch.aspx?Lang=Ru&CountryID=89](https://tbinternet.ohchr.org/_layouts/15/treatybodyexternal/TBSearch.aspx?Lang=Ru&CountryID=89));
36. Официальный сайт Президента Республики Казахстан (<http://www.akorda.kz/ru>);
37. Официальный сайт Уполномоченного по правам человека в Республике Казахстан (<https://www.gov.kz/memleket/entities/ombudsman?lang=ru>);
38. Цели устойчивого развития в Республике Казахстан (<https://www.gov.kz/page/sdg?lang=ru>);
39. Официальный сайт Парламента Республики Казахстан (<http://www.parlam.kz/ru>);
40. Открытое Правительство Республики Казахстан (<https://open.egov.kz/>)
41. Никонов Катажина. Международно-правовая защита прав отдельных категорий детей: дис. ... канд. юрид. наук : 12.00.10 / Никонов Катажина. М., 2010. 186 с.
42. Кравчук Н.В. «Наилучшие интересы ребенка»: содержание понятия и его место в семейном законодательстве России / Н.В. Кравчук // Актуальные проблемы российского права. 2017.

## Қосымшалар

1-қосымша

### Әлеуметтік зерттеулердің нәтижелері.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2007 жылғы 24 мамырдағы  
№ 415 қаулысы

#### ҚАУЛЫ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамы

Ескерту. Құрам жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.12.2020 № 950 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі, төраға

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі, төрағаның орынбасары

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті балалардың қауіпсіз ортасын қамтамасыз ету және құқықтық қорғау басқармасының басшысы, хатшы

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі

Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі

Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министрі

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі

Қазақстан Республикасы Адам құқықтарын қорғау жөніндегі ұлттық орталығының жетекшісі (келісу бойынша)

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия хатшылығының консультанты (келісу бойынша)

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитетінің төрағасы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің төрағасы

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Консулдық қызмет департаментінің директоры

«Әйелдердің шығармашылық бастама лигасы» қоғамдық бірлестігінің басқарма төрағасы (келісу бойынша)

«Қазақстанның дағдарыс орталықтары одағы» басқармасының төрағасы (келісу бойынша)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан  
Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау  
жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру туралы

## ХАБАРЛАМА

2021 жылдың 18 мамырында Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары жөніндегі уәкіл Аружан Саин ҚР Үкіметі жанындағы кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссияның (ВАК) Zoom платформасында онлайн-конференция режимінде өткен ХХХ отырысына қатысты.

Отырыс ВАК төрағасы, ҚР Білім және ғылым министрі **Асхат Аймағамбетовтың** сөзімен ашылды. Содан кейін ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің төрағасы **Гүлзат Көбенова** қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес білім беру ұйымдарының бейнебақылау жүйесі (ББЖ) және санитарлық-гигиеналық ыңғайлықпен (жылы дәретханалармен) қамтамасыз етілуін талдады.

Балабақшалар мен мектептерге орнатылған ББ жүйесінің санына наразылық болмағанымен, оның сапасы күмән тудыруда. Сонымен, Алматы қаласының барлық мектебіндегі, Алматы және Түркістан облыстарындағы көптеген мектептегі, Қостанай облысындағы мектептердің үштен бірінде бейнебақылау жүйесі «Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарақтауға стандарттарды және оларға қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР ІІМ 2019 жылғы 23 қаңтардағы №49 және ҚР БҒМ 2019 жылғы 23 қаңтардағы №32 бірлескен бұйрығының талаптарына сәйкес келмейді.

Түркістан және Алматы облыстарындағы бірқатар мектеп (сәйкесінше 64 және 20) жылы дәретханалар тұрмақ, қора-қопсы дәретханамен жабдықталмаған! Бұл мәселе қосымша білім беру ұйымдарына да қатысты. Түркістан (**Сәкен Қалқаманов**) және Қарағанды (**Абзал Нүкенов**) облыстары әкімдерінің орынбасарлары өз аймақтарына айтылған ескертулерге жауап берді.

Денсаулық сақтау вице-министрі **Ажар Ғиянат** атап өткендей, Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың 38-тармағында 2020 жылдың тамыз айынан «Жобаланатын, салынып жатқан және реконструкцияланатын білім беру объектілерінде кәрізденбеген және ішінара кәрізденген жерлерде санитариялық тораптар ғимаратта (мектеп, жатақхана, оқу корпусы) орналастырылады» деген шарт қойыла бастағанына қарамастан осындай жағдай туындауда.

Осыдан кейін төраға жақында Қазан қаласында орын алған қайғылы оқиғаны еске салып, сөзді ҚР БҒМ Мектепке дейінгі және орта білім комитетінің төрағасы **Майра Мелдебековаға** берді. Ол білім беру ұйымдарындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы ұсыныстарын

террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруға қойылатын талаптарға негіздеді.

ҚР Білім және ғылым министрлігі (ҚР БҒМ) Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің (БҚҚК) төрағасы **Есенғазы Иманғалиев ВАК-ның алдыңғы, XXIX отырысының** хаттамалық шешімдерінің орындалуы жайлы мәлімдеді: алдыңғы отырыстан бері бір жарым ай ішінде 24 ұсыныстың 15-і орындалды, 2-уі орындалмады, 7-уінің орындалу мерзімі бар.

БҚҚК төрағасының орынбасары **Дулат Жекебаев** пен «Экономикалық зерттеулер институтының» стратегиялық әзірлемелер және тұрақты даму орталығының директоры **Бақытгүл Қамбар** Қазақстан Республикасы Президентінің ұлттық мониторинг механизмі – қазақстандық балалардың әлауқаты индексіні әзірлеу жөніндегі тапсырмасын іске асыру жөнінде баяндама жасады.

Кездесудің үшінші үлкен тақырыбы мемлекеттік спорт мен шығармашылық тапсырыстарды орналастыруға қатысты болды. Бұл туралы Мәдениет және спорт вице-министрі **Ерлан Қожағапанов** сөз сөйлеп, оның сөзін Қарағанды облысы әкімінің орынбасары **Абзал Нүкенов** толықтырды.

Балалар омбудсмені **шығармашылық және спорттық тапсырыстарды жан басына шаққандағы қаржыландыруды енгізуде** ҚР Мәдениет және спорт министрлігі деңгейінде де, жергілікті атқарушы билік деңгейінде де ұйымдастырушылық және қаржылық қиындықтарға тап болуы жайлы пікір білдірді.

**Анықтама:** Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссия (ВАК) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, кәмелетке толмағандарды зорлық-зомбылықтан және қатыгездікпен қараудан, кәмелетке толмағандар арасындағы қоғамға жат әрекеттерден қорғау жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар тұжырымдау мақсатында құрылды. (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 24 мамырдағы № 415 Қаулысы.)

Қазіргі уақытта Қазақстанда 214 комиссия жұмыс істейді, оның 14-і аймақтық, 39-ы қалалық және 161-і аудандық. 2015 жылы жаңа әкімшілік және қылмыстық заңнаманың қабылдануымен кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялардың профилактикалық рөлі айтарлықтай өсті. Олар қарайтын істер саны да көбейді.



Қарасай ауданы әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиясының

### ҚАУЛЫСЫ

Қаскелең қаласы

2021 жылы «20» қараша

Қаралған материалдардың қатысушысы:

АТЖ..., жасы, туылған күні

мекен жайы.

Ата –анасы туралы мағлұмат

### АНЫҚТАЛДЫ:

Баланың тәртібі нашар, ұрлық жасау күдігін бірнеше рет ұсталған. Арнайы мекемеге орналастыру ұсынылады. Себебі: Кәмелетке толмаған жасөспірім АТЖ..., қаңғыбастыққа салынып, ата-анасының қадағалауынсыз қалып, ырыққа көнбей, педагогикалық немқұрайлықтығына қатысты девиантты мінез құлықты оқушының іс-әрекетіне мектеп ұжымының педагогикалық кеңес шешіміне сәйкес

### Комиссия отырысымен қаулы қабылданды:

Қарасай ауданы Ішкі істер бөліміне:

Девианттық мінез –балаларға арналған арнайы мекемеге орналастыру үшін сотқа дейінгі материал дайындалсын.

Комиссия төрайымы: АТЖ...

Комиссия хатшысы: АТЖ...

Қарасай ауданы әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия отырысының

### ХАТТАМАСЫ №20

**Өткізілген уақыты:** Қаскелең қаласы  
2021 жылы «29» қазан  
сағат 15.00-де

**Төрағалық етуші:** Аудан әкімінің орынбасары АТЖ

**Қатысқандар:** комиссия мүшелері, комиссия хатшысы,  
кәмелетке толмағандар істері бойынша  
инспектор

### КҮН ТӘРТІБІ

➤ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы №789 қаулысымен бекітілген Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның қызметі туралы ережеге Қазақстан Республикасының Үкіметінің 18.03.2020 № 122 қаулысымен енген өзгерістерді талқылау

**Жауапты:** АТЖ..., комиссия хатшысы

➤ Полиция басқармасының кәмелетке толмағандарды ісі бойынша инспекторларының ұсынған бес материалдық іс қаралады.

**Жауапты:** ПБ КТІБ инспекторлары

### ШЕШІМ

1. Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның қызметі туралы ережеге Қазақстан Республикасының Үкіметінің 18.03.2020 № 122 қаулысымен енген өзгерістерді талқылау комиссия мүшелерінің назарына алынсын.

#### 1.1. Полиция басқармасына:

1. Кәмелетке толмаған жасөспірімнің ата-анасы АТЖ..., профилактикалық жұмыс жүргізіліп, бақылауға алынсын
2. Кәмелетке толмаған жасөспірім АТЖ..., Девианттық мінез –балаларға арналған арнайы мекемеге орналастыру үшін сотқа дейінгі материал дайындалсын

#### 1.2. Білім бөліміне:

1. Кәмелетке толмаған жасөспірім АТЖ..., қамқорлығына алуға ниет білдірген тұлғамен түсіндірме жұмыстары жүргізілсін
2. Кәмелетке толмаған жасөспірім АТЖ..., ата-анасы АТЖ..., ата –аналық құқығынан айыру үшін сотқа материал жіберілсін.
3. 2021 жылдың 20 қарашаға дейін хаттамалық шешім бойынша қабылдаған шаралар туралы ақпарат енгізілсін.

**Аудан әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия төрайымы**

АТЖ...

**Комиссия хатшысы**

АТЖ...

Алматы облысы №2 кәмелетке толмағандар істері бойынша  
мамандандырылған ауданаралық сотқа

## ҰСЫНЫС

Мекен жайы...бойынша тұратын кәмелетке толмаған АТЖ...қатысты Қарасай ауданы бойынша әкімшілігі қарамағында кәмелетке толмағандардың істері мен құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссия 29 қараша 2021 жылы кәмелетке толмаған АТЖ...қатысты материалдарды комиссия отырысында қарастырып, келесіні анықтады:

Кәмелетке толмаған жасөспірім АТЖ 21.05.2007 жылы Қарасай АІБ БІБ Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 179 бабы, 2та рмағы, «а» тармақшасы бойынша жазасы шартты түрде кесілген, алдын - алу есебіне қойылған. 2008 жылдың қыркүйегінен бастап қаңғыбастық пен қараусыздық санатына ауыстырылған. Психикалық денсаулық орталығында «мінез құлқының әлеуметтік бұзылуы» диагнозымен есепке алынған.

Ата-анасы туралы мәлімет: Кәмелетке толмаған жасөспірім АТЖ... әкесі АТЖ... 02.09.2020 жылы қайтыс болған (қайтыс болуы туралы куәлік №2-543-21-0103). Әкесі соңғы бес жыл бойы бала тәрбиесіне ісік ауруына шалдығуна байланысты, денсаулығы жарамағандықтан толыққанды ат салыспаған.

Анасы АТЖ... отбасына түскен ауырпалықты көтере алмай, жұмыссыздықтың кесірінен баланы асырап бағуға шамасы келмей ішкілікке салынған. Психоневрологиялық, наркологиялық есепте тұрады.

Қазіргі кезде Кәмелетке толмаған жасөспірім АТЖ...,балалар үйі әкімшіліктері нашар сипаттайды. Балалар үйінің тәртібін жиі бұзады.

Балалар үйіне орналастырылмас бұрын жүйелі түрде белгісіз бағытта балалар үйінен кетіп қалады. Сабақты себепсіз босатады, сабаққа құлшынысы жоқ, ересектердің ескертулеріне дұрыс жауап қайтармайды. Балалар үйіне бірнеше рет мас күйінде келген. Ұрлыққа және қаңғыбастыққа әуестеу. Сонымен қатар, ол хабарсыз кеткен ретінде ресми түрде іздеуге салынған (КУЗ №245... 25.12.2020ж. Іздеу ісі -№ 097... 25.12.2020ж.).

Сонымен қатар онымен бірнеше рет Қарасай АІБ инспекторлары, тәрбиешілер мен психолог, социолог мұғалім түсіндіру жұмыстарын жүргізген алайда ешбір нәтиже жоқ. Ол ісі мен әрекеттерін қадағалай алмайды, теріс әсерге тез берілгіш.

Жоғарыда аталғандардың негізінде және Қазақстан Республикасының «Балалар қараусыздығы мен қаңғыбастығын алдын алу және кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықты алдын алу туралы» Заңының 8 т б п 9 бабы, .2т. 113 бабын басшылыққа ала отырып, Кәмелетке толмаған жасөспірім АТЖ... толыққанды кәмелетке толғанша «Девиантты мінез құлықты балаларға арналған арнайы білім беру ұйымына» ММ ары қарай оқу курсы жалғастыру үшін жіберуді сұраймыз.

Қосымша: материал көшірмесі \_\_\_ парақта

Қарасай ауданы әкімінің орынбасары,  
кәмелетке толмағандардың істері  
мен олардың құқықтарын қорғау жөніндегі  
ведомствоаралық комиссияның Төрағасы  
Комиссия хатшысы:

АТЖ...  
АТЖ...

Алматы облысы №2 кәмелетке толмағандар істері бойынша мамандандырылған ауданаралық сотына

**Талапкер:** Қарасай ауданы әкімдігі  
жанындағы кәмелетке толмағандардың  
ісі және олардың құқықтарын қорғау  
жөніндегі комиссиясы  
Мекенжай, 040900, Алматы обл.,  
Қарасай ауданы, Қаскелең қаласы,  
Абылайхан көшесі 213.  
**Жауапкер:** Ата-анасы АТЖ...  
Мекен жайы:...

### АРЫЗ ШАҒЫМ

Қарасай ауданы әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия Алматы облысы №2 кәмелетке толмағандар істері бойынша мамандандырылған ауданаралық сотына кәмелетке толмаған жасөспірім қатысты материалды қарауды ұсынады...

### СҰРАЙМЫН

Қарасай ауданы әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы» Заңының 67 және 68 баптарын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия туралы Үлгі Ережені бекіту туралы» Қаулысының 12-тармағын басшылыққа ала отырып, Алматы облысы №2 кәмелетке толмағандар істері бойынша мамандандырылған ауданаралық сотына ата-аналық міндеттерін орындаудан қасақана жалтаруына байланысты азаматша АТЖ... кәмелетке толмаған қызы АТЖ... қатысты ата-аналық құқығынан айыру туралы сұрайды.

**Қосымша:** Қарасай ауданы ішкі істер басқармасы полиция бөлімінің азаматша АТЖ... қатысты қадағалау ісі \_\_\_\_\_ бетте.

Аудан әкімінің орынбасары,  
Қарасай ауданы әкімдігі жанындағы  
кәмелетке толмағандардың ісі және  
олардың құқықтарын қорғау  
жөніндегі комиссия төрайымы  
Комиссия хатшысы:

АТЖ...  
АТЖ...

## БЕРІЛЕТІН СЕНІМХАТ ҮЛГІСІ

Қаскелең қаласы

« \_\_\_\_\_ » 2021 ж.

**СЕНІМХАТ**

Бұл сенімхат Қарасай ауданы инспекторы, полиция капитаны, 13.09.2009 жылы Әділет Министрлігі берген (АЛ 24540) (№ 09...63) жеке куәлік иегері, АТЖ..., Алматы облысы, Қарасай ауданы, Жандосов ауылы Жандосов ауылы..., мекен жайында орналасқан, кәмелетке толмағандар істері мен олардың құқықтарын қорғау комиссиясының кәмелетке толмаған жасөспірім АТЖ..., мүддесін қорғау үшін, ата-анасы АТЖ... қатысты аналық құқығынан айыру туралы сот мәжілісіне қатысу үшін, шағым арызына қол қою, істі төрелік сотқа тапсыру, бейбіт келісімге қол қою, істі (қайта сеніп тапсыру), сот қаулыларының орындалуын мәжбүрлеу, сот шешімімен берілген мүлік пен ақшаны алудан басқа, шағым мақсатын өзгерту, іс материалдарымен танысу, соттың шешімдерін, қаулыларын, ұйғарымдарына шағымдану құқықтары беріледі. Бұл сенімхат құзыреті үшінші тұлғаға берілмейді. Сенімхат сот үрдістері аяқталғанша жүзеге асады.

**Аудан әкімінің орынбасары,  
Қарасай ауданы әкімдігі жанындағы  
кәмелетке толмағандардың ісі және  
олардың құқықтарын қорғау  
жөніндегі комиссия төрайымы**

АТЖ...

ЖЕКЕ ІСТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА АРНАЛҒАН ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ  
КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ЖЕКЕ ІСТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА  
АРНАЛҒАН ЖӘНЕ КТУОБОО  
ЖІБЕРІЛЕТІН ҚҰЖАТТАР тізімі

1. Кәмелетке толмағанды Орталыққа (жергілікті білім басқармасы қарамағындағы кәмелетке толмағандарды қамқорға алу жөніндегі бөлімше және/немесе жергілікті БББ бастығы) жіберу туралы Қаулы
2. Жеке қараудың хаттамасы
3. Кәмелетке толмағанның сауалнамасы
4. Кәмелетке толмағанның жасын растайтын құжаттар
5. Ата-анасының, немесе олардың орнында жүрген тұлғалар мен олардың мекен жайы туралы ақпарат
6. Алдын алу жұмыстары жүргізілгені турлы ақпараттар
7. Денсаулық жағдайы туралы анықтама.
8. Арматуралық тізімдер
9. Өзге де құжаттар.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 27.01.05 ж. №42 бұйрығымен бекітілген, арнайы білім ұйымдары туралы Ереженің 1 қосымшасына сәйкес (ҚР Әділет министрлігінде №3510 23.03.05 ж. тіркелген, 25.03.05 ж ҚР Ішкі істер министрлігімен және 19.02.05ж. ҚР Денсаулық сақтау Министрлігімен келісілді)

### **АБҰ ЖІБЕРІЛЕТІН КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ЖЕКЕ ІСТЕРНІН ҚҰРУҒА АРНАЛҒАН ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ:**

1. Өтеу мерзімі көрсетілген, кәмелетке толмағанды арнайы оқу ұйымына жіберу туралы сот шешімі.

2. Жеке куәлік немесе 16 жасқа толмағандар үшін туу туралы куәлігінің көшірмесі.

3. Жергілікті тіркелу куәлігі (әскери жастағы тұлғалар үшін).

4. Жалпы білім беру мектебінің, мектеп интернаттың, балалар үйінің, кәсіби мектептің оқушысының жеке ісі.

5. Арнайы оқу ұйымына жіберілген кәмелетке толмағанның соңғы оқу орнынан келген мінездемесі.

6. Тұратын баспанасының көлемі, отбасының құрамы туралы, ата-ананың немесе олардың орнындағы азаматтардың жұмыс орындарынан берілген анықтама.

7.\* баланың № 026/У медициналық картасы - форма және амбулаториялық науқастың медициналық картасына салынатын қосымша парақ - нысан № 025-1/У.

8. Аурудың алдын алатын егулер картасы - нысан № 063/У және арнайы білім ұйымдарына жіберілу үшін жасалу уақыты бір айдан аспаған зертханалық зерттеулердің мәліметтері.

9. Дәрігер психоневрологтың (балалар мен қыздар үшін), дәрігер гинекологтың (қыздар үшін), дәрігер-дерматовенерологтың (14 жастан асқан балалар мен қыздар үшін) анықтамасы.

10. КТУОБОО болған бала арнайы білім алу ұйымына жіберілетін болса, жұқпалы аурулардың жоқтығы туралы дәрігер анықтамасы болу керек. Егер де жасөсірімде оны арнайы білім алу мекемесіне жіберуге кедергі болатын өзге аурудың бар екені анықталса ол бала емделгенше сол жерде болады.

11. Кәмелетке толмағанды арнайы білім беру ұйымына жіберуге мүмкіндігі туралы қорытынды тек 9,10 тармақтарда көзделген құжаттарды зерттеу мен медициналық куәландыру негізінде жасалады.

\* Ескерту: баланың медициналық картасы уақыт өте баланың денсаулығы Төлқұжатымен ауыстырылады (есептеу формасы № 026/у-3).



ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН  
ҚАЗАҚСТАННЫҢ АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ  
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДМБАБҰ

- Алматы қаласындағы девиантты мінез-құлықты балаларға арналған арнайы білім ұйымы (Жұбанов көш., 68 «А» үй, тел. 8-7272-771361; 760090);
- Атырау облысындағы девиантты мінез-құлықты балаларға арналған арнайы білім ұйымы (Атырау қ. Химиктр пос., тел. 8-712-2 459336);
- Маңғыстау облысындағы девиантты мінез-құлықты балаларға арналған арнайы білім ұйымы (Ақтау.б ш.а. 34 үй, тел. 8-729-2 504383)
- Қарағанды облысындағы девиантты мінез-құлықты балаларға арналған арнайы білім ұйымы(Бұхар жырау а/ны, Керней ауылы, тел. 8-72154 -26464);
- «Девиантты мінез-құлықты балаларға арналған облыстық мектеп интернат» ММ (Қызылорда қаласы, Ақжарма пос., тел. 8-7242-213505);
- Шығыс Қазақстан облысындағы девиантты мінез-құлықты балаларға арналған арнайы білім ұйымы (Серебрянск қаласы, Серебрянская көш 156,тел. 8-723 -37-21032 22670);
- Павлодар облысындағы девиантты мінез-құлықты балаларға арналған арнайы білім ұйымы ( Павлодар қ. Украинская көш., 38, тел. 8-318-515322);
- Оңтүстік Қазақстан облысындағы девиантты мінез-құлықты балаларға арналған арнайы білім ұйымы ( Кентау қаласы, тел 872536 3- 16-53, 3-16- 54)
- «Қылмыстық жауапқа тартылатын жасқа жеткенше қылмыстық әрекеттер жасаған кәмелетке толмағандарға арналған облыстық арнайы мектеп интернат» (Глубоковский ауданы, Белоусовка аулы, тел. 8-723- 31-31500).

## ТҰРҒЫН ҮЙ ЖАҒДАЙЛАРЫН ЗЕРТТЕУ

Балалардың өмірі үшін қолайсыз және жиі қауіпті отбасылар бар екенін бәрі біледі. Бұл қалыпты өмір сүруге мүмкіндігі жоқ, нашар тамақтанатын, санитарлық нормаларға үйренбеген, жататын немесе демалатын орны жоқ балалар және т.б.

Әлеуметтік қызметкерлер кәмелетке толмаған азаматтардың өмірін жақсарту және олардың заңды өкілдеріне (ата-аналарына ықпал ету немесе тіпті мүшелері түсініктемелерге реакция жасамайтын және балаларды тәрбиелеуге жауапсыз қарайтын отбасының кәмелетке толмаған баласын шығару үшін әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылардың тұрғын үй-жайларын тексереді. Кәмелетке толмағанның тұрмыстық жағдайын тексеру актісі- бұл сараптама жағдайы нашар отбасыларға қатысты оны қамқоршылықтағы балалар мен баланы қамқоршылыққа алуға немесе асырап алуды жоспарлап отырған отбасыларға өмір сүру жағдайлары мен тәрбиесін жақсартуға арналған.

Екі жағдайда да комиссия баланың өмірі үшін қажетті шарттардың орындалғанын анықтайды және кәмелетке толмағанның тұрмысы мен тәрбиесіне сараптама актісін жасайды.

### **Тұрғын үй жағдайына тексеру жүргізудің себептері:**

- тұрғын үйдің өзгеруі (жана отбасы (бала) жаңа мектепке түскен кезде немесе балабақша кәмелетке толмағанның тұрмыстық жағдайын түсіндіру мақсатында);
- көршілерден, мұғалімдерден, тәрбиешілерден шағымдар және басқа адамдар ата-аналарға қарсы, балаларға деген қатыгездік және т.б.
- баланың өтініші бойынша медициналық көмек және дәрігердің тұрмыстық жарақаттарды анықтауы (оның ішінде ата-анасымен бірге);
- тергеуде жатқан баланы тауып, кәмелетке толмаған балаға полицияға арыз.

## ТҰРҒЫН ҮЙ ЖАҒДАЙЛАРЫН ЗЕРТТЕУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ

Комиссия құрамына: сынып жетекшісі, әлеуметтік педагог, мектеп директорының орынбасары, учаскелік полиция қызметкері, өкіл кіруі мүмкін медициналық мекеме, қорғаншылық және қамқоршылық органдарының өкілі, кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспектор, санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органының қызметкері, БТИ қызметкері және сараптама мақсатына байланысты басқа адамдар.

Тексеру кезінде комиссия кәмелетке толмағанның және актіге қажетті деректерді төмендегідей деректерді енгізеді:

- материалдық сипаттағы отбасының позициясы;
- бүкіл отбасы тұратын үй-жайдың (үйдің, пәтердің, бөлменің) жағдайы;
- тұрғын үйде тұратын адамдардың саны;
- тұрғын үйдің санитарлық түрі;
- балаға орынның болуы (ойын, демалу, ұйықтау үшін).

Сауалнаманы келесідей жүргізуге болады: **ескертуімен** келісім бойынша белгілі бір күні (көбінесе бұл қамқоршылықтағы балаларға қатысты) және **ескертусіз**.

Комиссия анықтауы керек кәмелетке толмаған адамға негізгі қажеттіліктер қаншалықты қамтамасыз етілгені және мәліметтер актіде жазылуы керек.

Баланың денсаулығына қатысты оның жасына, даму деңгейіне, даму қажеттілігіне сәйкес даму деңгейін көрсету қажет денсаулық сақтау және қажетті дәрі-дәрмектер психикалық немесе физикалық зорлық-зомбылық белгілері.

Кәмелетке толмаған баланың сыртқы келбеті туралы айтар болсақ, гигиеналық нормалардың сақталуын, аяқ киім мен киімнің күйін, барлық маусымға арналған киімнің болуын және т.б.

Баланың әлеуметтік бейімделуі де маңызды: адамдармен қарым-қатынас жасау дағдылары, жеке ерекшеліктері мен жас ерекшеліктерін, мінез-құлқын және т.б. ескере отырып, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары. Кәмелетке толмаған баланы тәрбиелеу мен оқытуға қатысты баланың үлгерімін, режимін, бос уақытын ұйымдастыруды, қоршаған ортаның болуын ескере отырып, мектептегі үлгерімге, сабаққа қатысуға (оның ішінде балабақшаларға), проблемалар мен оқудағы жетістіктерге назар аудару қажет, дамуға қолайлы.

Кәмелетке толмаған баланың қауіпсіздігі сақталған сақталмағанын атап өту маңызды: қауіпті заттарға, дәрі-дәрмектерге, газға, электр құрылғыларына және т.с.с. қол жетімділік жоқ па; балаға зиян келтіру қаупі бар ма. Кәмелетке толмаған баланың отбасылық ортасын сипаттағанда комиссия баланың нақты күтімі, туыстарының тұрғылықты жері, баламен бірге тұратын басқа адамдардың сипаттамасы (ата-анасынан басқа), баланы туыстарының тәрбиесі мен күтіміне қатысуы, кәмелетке толмағанның ата-анасымен қарым-қатынас дәрежесі, отбасы құндылықтары, кәмелетке толмаған адамның заңды өкілдерінің қарым-қатынас шеңбері, оның отбасы мүшелерінің көршілерімен, баланың балалармен және мұғалімдермен қарым-қатынасы.

Сондай-ақ, актінің маңызды құрамдас бөлігі – мүліктік жағдайлар

(отбасылық кірістер туралы ақпарат): қаражат көздері (алименттер, ата-аналардың көмегі, жәрдемақылар, зейнетақылар және басқа да әлеуметтік төлемдер); орташа айлық кірістің шамамен көрсеткіші; бар мүлік және баланың осы мүлікке құқықтары туралы ақпарат.

Тұрғын үй жағдайларын зерттеу үшін құрылған комиссия кәмелетке толмаған азамат. Баланың денсаулығы мен өміріне, оның моральдық немесе физикалық дамуына қауіп төндіретін мән-жайларды анықтап, сараптама хаттамасында көрсетуі керек; кәмелетке толмағанның заңмен қорғалатын құқықтары мен мүдделерінің бұзылуына ықпал ететін жағдайлар; дөрекі, қатыгез, немқұрайды қарау, психикалық немесе физикалық зорлық-зомбылық фактілері.

## Оқушының педагогикалық-психологиялық картасы

Аты-жөні \_\_\_\_\_

сынып \_\_\_\_\_

Денсаулық жағдайы және даму деңгейі

Денсаулықты жалпы бағалау (Ф.

2бу) \_\_\_\_\_

1.2 Жүйке жүйесінің белгілері: белгілері жоқ; шаршаудың жоғары деңгейі, белсенділіктің төмендеуі, депрессиялық көңіл-күй, тітіркенудің жоғарылауы, ашулану, мұғалімдерге агрессивтілік, байланыстардан бас тарту, жалпы істер, деструктивті әрекеттерге бейімділік, садизм және басқа белгілер

Патологиялық құмарлықтар: темекі шегеді (темекі тартпайды, жиі-жиі, жүйелі түрде шегеді); алкогольді ішеді (ішпейді, анда-санда, жүйелі түрде қолданады); токсиндік-наркотиктерді қолданады (пайдаланбайды, бір рет қолданды, үнемі);

1.4. Диспансерде тіркелген,

себебі \_\_\_\_\_

Отбасының психологиялық ахуалы; қолайлы, қолайсыз; өте қолайсыз.

2.1. Ата-аналық деректер

Шешесі Білімі мамандығы, жұмыс орны \_\_\_\_\_

Байланыс нөмірі \_\_\_\_\_

Әкесі Білімі \_\_\_\_\_ мамандығы, жұмыс орны \_\_\_\_\_

Байланыс нөмірі \_\_\_\_\_

2.3 Отбасы түрі: толыққанды; сәтсіз отбасы, оның ішінде: педагогикалық тәрбие жеткізіліксіз (ата-ана тәрбие мәдениетін игере алмайды); белгілері: талаптардың бірлігі жоқ, балаға немқұрайлылық, қатыгездік, жүйелі физикалық жазалау, қызығушылықтарын, баланың мектептен тыс мінез-құлқын білмеудің төмендігі), моральдық дисфункциялық (асоциалды; ата-аналар азғын өмір салтын ұстану: маскүнемдік, паразитизм, ұстау. жезөкшелер үйі, соттылығы бар, олар бала тәрбиесіне қатыспайды), жанжал (отбасында дисфункционалды эмоционалдық атмосфера бар, ата-аналар арасында үнемі жанжалдар болады, ата-аналар өте ашушаң, қатыгез, шыдамсыз).

2.4. Ата-ана мен бала қарым-қатынасының сипаты: отбасылық диктат (баланың бастамасы мен өзін-өзі бағалауын жүйелі түрде басу); шамадан тыс қамқорлық (баланың барлық қажеттіліктерін қанағаттандыру, қиындықтардан, уайымдардан, күш-жігерден қорғау); келісімділік (баланы тәрбиелеуге белсенді қатысудан аулақ болу, баланың толық дербестігін мойындау); ынтымақтастық (өзара сыйластық қарым-қатынасы, қуаныштардың, қайғылардың ортақ тәжірибесі және т.б.)

2.5. Еңбек және демалыс режимін ұйымдастыру: отбасы қандай міндеттер атқарады

\_\_\_\_\_ Кім және қаншалықты үй тапсырмасын орындауға көмектеседі және бақылайды \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Оқу іс-әрекетінің ерекшеліктері:

3.1. оқушылардың үлгерімі \_\_\_\_\_

3.2. оқуға қатынасы (жағымды, бейтарап, немқұрайлы, теріс) \_\_\_\_\_

3.3. Оқушының интеллектуалдық мүмкіндіктері: жоғары, орташа, төмен \_\_\_\_\_

3.4. Оқу ынтасы: пәнге деген танымдық қызығушылық, мектеп жасында оқу қажеттілігін сезіну, үлкендердің разылығын алу құрдастар тобында өзін-өзі мойындатуға ұмтылуы \_\_\_\_\_

4 Оқушының танымдық процестерінің сипаттамасы \_\_\_\_\_

5.2. Сыныпта кімге жақын

Өзара сыйласу сипатты \_\_\_\_\_

5.3. Басқа сыныптастармен қарым-қатынас (іскерлік, біркелкі, достық, жылы, жанжал, ешкіммен сөйлеспейді) \_\_\_\_\_

5.4. Басқалармен қарым-қатынас жасаудың мәнерлі стилі: басым стиль (өзіне сенімді, өз пікірін таңуға тырысады, сөзін оңай бөледі, бірақ оның сөзін бөлуге жол бермейді, қателескенін оңай мойындамайды) доминантты емес стиль (ұялшақ, мойынсұнғыш, қателескенін оңай мойындайды, сөйлескен кезде ынталандыруды қажет етеді)

Экстраверт үнемі қарым-қатынасқа бағытталған, оңай араласады, білуге құмар, ашық, басқаларға көңіл бөледі; интроверт (байланысқа бейім емес, жабық, қарым-қатынастан белсенділікті артық көреді, сөйлесуде қысқа).

5.5. Қоғамдық пікірге көзқарас; пассивті-позитивті (сынды түсінеді, онымен келіседі, бірақ кемшіліктерін түзетпейді; немқұрайлы (сынға жауап бермейді, мінез-құлқын өзгертпейді); теріс (таласады, пікірлермен келіспейді, мінез-құлқы өзгертпейді) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Қоғамдық қызметке және қоғамдық пайдалы еңбекке қатынасы:

6.1. Қоғамдық тапсырмаларға көзқарас: көзге көрінетін қызығушылықсыз, бас тартады.

6.2. Қоғамдық тапсырмаларды орындау: ар-ожданы, ар-ождансыз, көңіл-күй бойынша, қысыммен, бастамашылықпен.

6.3. Сыныптың еңбек ісіне қатынасы: белсенді қатысады, немқұрайлы, демонстративті түрде бас тартады.

6.4. Дене шынықтыруға қатынасы: позитивті (еңбек, көбінесе физикалық еңбекті ой еңбегінен артық көреді); немқұрайлылық ( дене еңбегін қызық

әрекет ретінде ажыратпайды, одан бас тартпайды, бірақ оны бастамасыз орындайды

6.5. Қоғамдық мүлікке деген көзқарас: ұқыптылықпен, іскерлікпен, немқұрайлылықпен, көрнекі түрде немқұрайлылықпен, мүлікті қасақана бүлдіргенге дейін.

Қызығушылықтар ошағы:

7.1. Іс-әрекеттерге қызығушылық танытады: дене, ой еңбегі, техникалық, қоғамдық пайдалы, ұйымдастырушылық, көркемдік (көркемдік, әдеби, музыкалық, хореографиялық және т.б.), спорттық іс-әрекеттер. \_\_\_\_\_

7.2. Ол қандай үйірме

(секция)қатысады \_\_\_\_\_

7.3. Мәдени өресі: ол театрларға, мұражайларға, көрмелерге қаншалықты жиі барады

Оқырмандардың қызығушылығы қандай, қай әдебиетті ұнатады, оқудың жүйелілігі (кітап оқымайды, анда-санда оқиды, жүйелі оқиды)

Оқушының еркін қарым-қатынас сферасының ерекшеліктері.

8.1. Апта ішінде «көшеде» сөйлесуге қанша уақыт кетеді, үйге қайтқан кешкі сағаттар

8.2. сыныптан тыс кімнің достық қарым-қатынасы бар, олар оқушыға қандай әсер етеді \_\_\_\_\_

8.3. «Көше» қатынасының тұрақты немесе қолайлы орны (клуб, аула, кіреберіс)

8.4. Көше ойындарындағы қарым-қатынас мазмұны: ұсыным-жабдықтармен, автомобильдермен жұмыс істеу, кинотеатрға бару, гитарада ойнау, музыка тыңдау, әртүрлі тақырыпта әңгімелесу, уақытты мақсатсыз өткізу, ішімдік ішу, темекі шегу, құмар ойындар.

Тұлғаның өзін-өзі бағалауы

9.1. Өзін-өзі бағалау деңгейі: адекватты (өзінің жағымды және жағымсыз қасиеттерін және жеке жетістіктерін дұрыс бағалайды); асыра бағалау (өзіне сын айтпайды, жетістіктерін асыра көрсетеді); тым төмен бағалану

9.2. Менде қандай қасиеттер болғанын қалаймын, неден арылғым келеді \_\_\_\_\_

---

Мінез-құлық

ерекшеліктері: \_\_\_\_\_

10.1. Оқушының оң іс-әрекеті, олардың қаншалықты жиі орындалатыны \_\_\_\_\_ оларды жасаудың ықтимал себептері \_\_\_\_\_

10.2. Теріс әрекеттер (қылық), олардың көрінісі (эпизодтық, жүйелі түрде), олардың сипаты: дөрекілік, ұрыс-керіс, сабаққа келмеу, сабаққа кешігіп келу, сабақта тәртіпті бұзу, талаптан, тапсырмадан бас тарту, сабақта жұмыс істемеуі)

10. Оқушының құқық бұзушылықтары: ұрлық, бопсалау, кіші және әлсіздерді ұрып-соғу, садистік бейімділіктердің көрінісі, зорлық-зомбылық көрсету, жануарларға қатыгездік көрсету, қоғамдық тәртіпті бұзу (бұзақылық)

10.4. Өз әрекеттеріне қатынасы: немқұрайлылық, алаңдаушылық, ақтау, айыптау \_\_\_\_\_

10.5. Педагогикалық әсерлерге қалай қатысы бар: қатыгездікпен, немқұрайлылықпен, түсінеді, талаптарды орындауға тырысады \_\_\_\_\_

10.6. Мектеп ішінде ОДН \_\_\_\_\_ тіркелген

денсаулық жағдайы қызығушылықтардың шоғырлануы

А-состояние здоровья

Б- Отбасының әлеуметтік жағдайы

В- Адамның өзін-өзі бағалауы

Г-когнитивтік процестер

Д- ересектерге және құрбыларына ойы

Е- Сыртқы келбеттің мәдениеті

Ж-Сабаққа қатысуы

З-Үйдегі тәрбиесі

И-Қызығушылығы

К-мазасыздық

Л-тіл байлығы

М-адамгершілігі

Н-адамгершілігі

О-Еңбекке көз қарасы

П-Қоғамдық жұмыстарға қатысуы

Р-тазалығы

С-Ұжыммен ынтымағы

1.төзгісіз (тәртібі төмен)

2. әлсіз (жан-жақты тәрбиені қажет етеді)

3. төмен (тәрбие шараларын қажет етеді)

4.жақсы

5.өте жақсы

5																		
4																		
3																		
2																		
1																		
	А	Б	В	Г	Д	Е	Ж	З	И	К	Л	М	Н	О	П	Р	С	

1) 2020-2021 оқу жылы-

2) 2021-2022 оқу жылы-

3) 2022-2023 оқу жылы-

Мектеп директоры:

Сынып жетекшісі:

Психолог:



## ПСИХОЛОГ ҚОРЫТЫНДЫ № \_\_\_\_\_

Психологиялық зерттеу жүргізу

**ҚР АІЖК қылмыстық жауапкершілік туралы біледі.** \_\_\_\_\_ **м.о., қолы.**




30.06.2021 жылы Алматы облысы №2 кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында талапкер Қарасай ауданы әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның талап арызына сәйкес кәмелетке толмаған жасөспірім 29.12.2003 жылы туылған АТЖ... жауапкер АТЖ... қатысты ата-аналық құқығын қалпына келтіруіне қатысты психологиялық зерттеу-анықтау, сұхбаттасу іс-шаралары атқарылды.


**Сұранысқа ие зерттеу аймағы:** отбасының психологиялық ахуалы, жасөспірімнің психологиялық жағдайы, психологиялық зорлық, қысым немесе әсер ету, ата-анасының біріне етене жақындығын анықтау, жасөспіріммен сұхбат, бақылау.

**Қолданылған әдістемелер:**


1. Сұхбат, бақылау
2. ADOR/ПОР әкесіне көз қарасын анықтау тесті
3. Отбасы тәрбиесінің анализі- (**А.Варга, В Варга диагностикалық тесті**)
4. Басса-Дарки тесті (**Ениколопов**).
5. Ата-ананың көзқарасын зерттеу әдістемесі **PARI диагностикалық тесті**
6. «Менің отбасым» - суретті тест (**Р.Жиле проективті әдістемесі**)

**АТЖ...**— темпераменті сангвинник, танымдық процесстері жас ерекшелігіне сай, интелектісі жоғары, психоэмоционалдық ерік-жігері интензивті, дарындылығы жоғары деңгейде. АТЖ... он бірінші сынып оқушысы ретінде өзін салиқалы, әрі сабырлы ұстанады. Мінезі биязы, тұйық және өз ойын нақты жеткізе алады. Сыпайы әрекетімен айналасындағыларды баурай алады. Отбасындағы кикілжіңнен хабардар және оқиғаның салдары оның оқу үлгеріміне әсер етпеуі мақсатында жайлы ортасынан орнын қозғауға болмайды. Жасөспірім ата анасы жайында , ADOR/ПОР: әкесін бағалау.

қызығушылық шкаласы		5
директивтілік шкаласы		1
өшпенділік шкаласы		1



Еникипиловтың авторлығындағы *Басс Дарки* тестінің қорытындысы бойынша нәтиже:



**Жанама агрессия** – басқа адамға тікелей бағытталмаған немесе ешкімге бағытталмаған күрт туған агрессия.

**Ызақорлық** – кішкентай тітіркену өзінде кері сезімдерді көрсетуге даярлық (ашуланшақтық, дөрекілік).

**Өкпелеу** – қоршаған адамдарға деген нақтылы және ойдан шығарылған іс — әрекеттерге қызғанушылық пен жеккөрушілік.

**Күдіктенушілік** – адамдарға қатысты сенбеушілік және сақтықтан басқа адамдар зиян келтіруді жоспарлайды дегенге сенушілік.

**Кінәні сезіну** – субъектінің өзінің жаман адам екендігіне сенімділігі сонымен бірге ар – ұятының жоқтығы сезінуі.

**Әкесінің АТЖ...** - темпераменті флегматик, ерік жігері орта деңгейде. Орта жастағы ер азамат, ажырасқан-жесір, үш баласы бар. Ол өз сөзінде ажырасқан әйелі қайтыс болған соң, кәмелетке толмаған қызы өз тәрбиесінде

болғанын қалайтындығын айтты. Қызы ендігі тағдыры қандай болатындығына мазасызданады, уайымдайды. Алайда туған қызымен екеуінің ортасында ешбір психологиялық тұрғыда мейірімділік пен бауырмалдық қарым-қатынас орнамаған. Бақылау барысында дәлізде қызына жақындап сөйлесіп немесе жылы ұшырап тағдыры қандай болатындығына мазасызданады, уайымдайды. Алайда туған қызымен Ата-ана ретінде жарамдылығын анықтау мақсатында "Отбасы тәрбиесінің анализі" - А.Варга, В.Варга диагностикалық тесті ұсынылды.

#### Тестің қорытындысы






Гиперпротекция		13
Гиперопека		9
Ата - аналық қабілетінің дамуы		6
Тәрбиелеудегі сенімсіздік		11
Тәрбиелеудегі тұрақсыздық		7
Дау-жанжалды тәрбиелеу сферасында қолдану		12
Баланы бір-бірінен қызғану		12
Ата-ана ретінде жақтырмаушылық, төменсіту		4
Баланың жан дүниесіне аса қатты араласу, манипуляция		2


төмен деңгей ⇒ орта

деңгей ⇒ жоғары деңгей

#### 1. Ата-ананың көзқарасын зерттеу әдістемесі *PARI* диагностикалық тесті


#### 2. Отбасындағы рөлі

Отбасының қызығушылығын шектелуі		18
Әке ретінде өзін қажетсіздендіруі		16
Отбасылық дау		13
Ата ана ретіне басыну		18
Отағасы ретінде ризашылығы		11




төменгі ⇒ орта ⇒ жоғары

### 3. Баламен қарым қатынасы



төмен ⇒ орта ⇒ жоғары

### 4. Баламен эмоциялық арақашықтығы ұстану




төмен ⇒ орта ⇒ жоғары

### 5. Балаға шамадан тыс көңіл бөлу



Баланың тез есеюге мәжбүрлеу



12

төменгі ⇒ орта ⇒ жоғары

**Шешім:** Кәмелетке толмаған жасөспірім АТЖ... туған бауырлармен бірге болғандағы отбасының психологиялық ахуалы нормаға сай, жасөспірімнің психологиялық жағдайы анасынан айрылуына байланысты (ПРЛ пограничное расстройство личности) тұлғаның шектеулі қобалжуы сынды, депрессияға ұшыраған. Яғни, аталмыш сот процедураларына байланысты да іштей күйзеліске түсуі орын алып отыр. Өз ойы мен пікірін үзілді кесілді айтып қарсылық танытып отыр. Бір анадан туған бауырларынан және жақын тұтатын адамдары, айналасындағылардан ешқандай психологиялық қысым немесе әсер етулер анықталмады. Апасына бауыр басқан және бауырларына еркелеп шүйіркелесіп жүр. Кәмелетке толмаған жасөспірім АТЖ... (зона комфорта) жайлы ортасынан қозғамай, толыққанды тұлға ретінде қалыптасуына кедергі келтірмеу қажеттігі ұсынылады.

**Ұсыныстар:**

1. АТЖ...,биологиялық әкесі ретінде ата-аналық құқығын қалпына келтіру қажет.
2. Алғашқы кезеңде бір ай көлемінде кәмелетке толмаған жасөспірімнің АТЖ... биологиялық әкесі АТЖ... мырза кәмелетке толмаған жасөспірім қызы АТЖ... психикасына жарақат әкелмеуі мақсатында психогигиеналық нормаларды ұстана отырып, әкелік парызын лайықты түрде қамқорлық болуы қажет.

**Инспектор – психолог:**

## ПСИХОЛОГ ҚОРЫТЫНДЫСЫ № \_\_\_\_\_


Психологиялық зерттеу жүргізілді:

**ҚР АІЖК қылмыстық жауапкершілік туралы біледі. \_\_\_\_\_ М.О**

26 желтоқсан 2020 жылы Қарасай ауданы әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның талап арызына сәйкес, қылмыстық істе куәгер деп танылған жасөспірімнен АІ ПБ аға тергеуші капитаны АТЖ... және заңды өкіл, анасы АТЖ... ханымның қатысуымен кәмелетке толмаған жасөспірім АТЖ... жауап алынды.

**Жауап алу регламенті – 1 сағ 26 минут**

**Қуаныш** - темпераменті сангвиник, танымдық процесстері жасына сай дамыған, жауап алу барысында эмоциялық жағдайы қалыпты, өзін-өзі сенімді ұстады. Жасөспірім басынан өткен жағдайды баяндау барысында қобалжып, дауысында діріл пайда болып, алқынып, үрейленіп, жүрексіне бастады.



Жадында сақталған оқиға желісіне қарай маманның сүйемелдеуімен болған сәттерді детальді түрде еске түсіру мақсатында үйдің сызба-сұлбасы салынды.

Сызба-сұлбаға саусағымен нұсқау арқылы мән-жайды кезегімен тізбектеп айтуға кірісті. Парақ бетіне сызба арқылы жазылған фактілер түрлі-түсті фломастер арқылы белгіленіп, тергеушінің хаттамасында, бақылау видео камерасында тіркелді.

Жалпы, сол күнгі жағдаяттың салдарынан қатты стресстің кесірінен қараңғы, жабық бөлмеде жалғыз қалуға, сабақтан жалғыз қайтуға, бөтен адамдармен жеке қалуға, қорқады. Жауап алу кезінде хаттамада тіркелген қанды оқиғаны айту барысында және кейін баланың бойынан үдетілген үрей мен жаңғалалақтық байқалды. Әр сәттен секем алып, бөтен адамдарға сенімсіз көздермен қарап, жан-жағына жалтақтай берді. Жауап алудың соңына қарай тергеушіге, маманға үнемі басы аурытындығын, жағымсыз түстер көретіндігін айтып шағымданды.

27 желтоқсан 2020 жылы кәмелетке толмаған жасөспірім Серік заңды өкілі анасы АТЖ... ханымның сұранысы бойынша, арнайы жазылған өтініш хатына сәйкес психологиялық зерттеу-анықтау жұмыстары өткізілді.

**Зерттеу- анықтау регламенті: 3 сағ 11 минут**

**Қолданылған әдістемелер:**


1. «Кактус» проективті әдістемесі М.А.Панфилова

2. Темплл и Дорк проективті тесті

3. А.Е. Личко (ПДО) патомінезді диагностикалық **тест сауалнамасы**

Қуаныш бір күн бұрынғы тергеушінің жауап алуынан кейін, ұмытуға тырысқан оқиғаны қайта еске түсіруге келгендіктен қатты қобалжып, қайтадан


сол бір күнгі қанды оқиғаның түнімен түсіне кіріп, елегізіп шыққандығын айтып шағымданды. Туған әпкесі Аяулым тіпті сол оқиғадан кейін қатты ауруға шалдығып, көптеген ота жасалғандығын, әлі де сол әпкесі үшін уайымдайтындығын, әкесі мен анасы сол күні мүлдем өліп қалуы, әбден мүмкін болғандығын айтып еңіреп жылап алды. Жан-жағына жалтақтап өмір сүргеннен шаршағандығын айтты. Мектепке барып қайту, қосымша ағылшын тіліне бару, атасы немесе анасының қасында жүрмесе қиналатындығын, сәл бір жылдам қозғалыстар мен аяқасты қатты шудан, жанынан өткен машиналардан, әсіресе келіп жанына тоқтаған жағдайда, тіпті зәре құты қашатындығын айтып қынжылды. Қанша жасырғанмен достарының алдында ыңғайсыз жағдайға қалған кездері көп болған. Оқыс жағдай туындаған ыршып секіру, қашуға дайын тұру, қараңғыдан, тар немесе жабық бөлмеден қорқу деген сияқты сәттерден соң бірден бұлшық еттері тырысып қалатындығын, біраздан кейін денесін тоқпен ұрғандай әсер болып, артынан қатты басы ауырып, жүрегі айныйды.



М.А. Панфилованың «Кактус» проективті әдістемесінің қорытынды бойынша Агрессия-гүлде иненің көп, әрі жиі орналасуы. Қатты шығыңқы, ұзын, жақын орналасқан инелер агрессивтіліктің жоғары дәрежесін көрсетеді. Тәуелділік - сенімсіздік - парактың төменгі жағындағы кішкене сурет. Мазасыздық - қара түстерді пайдалану, ішкі көлеңкелердің басым болуы, сынған қысқа сызықтар. Интроверсия - тек бір кактус бейнеленген. Үйді қорғауға деген ұмтылыс, отбасылық қәіпсіздік сезімі - гүлді ыдыста болуы, үй кактусының бейнесі.

Екінші проективті тест сауалнамасы **Темлл мен Дорканың әдістемесіне** сәйкес, бала мен баланың қарым-қатынасын модельдейтін жағдайларда көрінетін жоғары мазасыздық байқалады («Үлкендермен қарым-қатынас», «Агрессия объектісі», «Үлкен балалармен ойнау», «Агрессивті шабуыл», «Оқшаулау»). т.б.

Үшінші тест А.Е. Личко (ПДО) патомінезді диагностикалық **тест сауалнамасы бойынша қорытынды** гипертим-10 жоғары деңгейі, гистероид-14



психоастеноид-14, яғни баланың бойында мазасыздық, қатар жүретін тұлғаның болуы немесе клаустрофобияның дамуына дейін болатын неврологиялық проблемалар бар.

**Шешім:** Тест нәтижелері бойынша Қуаныш клаустрофобия дертіне шалдыққан, яғни балаға қорқыныштың құрсауында қалмай, оған иелік етуге, яғни назарын тез аударуға, эмоциясы мен әрекеттерін қадағалауға және сол арқылы мазасыздық деңгейін төмендетуге үйрету үшін он күндік когнитивті-мінез-құлық терапиясы қолданылды.

*15-қосымша*

### **ОТБАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ПАСПОРТЫ**

Мектептегі әрбір оқушының отбасына әлеуметтік паспорты жасалады, онда оқушының отбасы жағдайы, мүшелер саны және отбас түрі анықталынады.

Тұратын мекен-жайы

бойынша: \_\_\_\_\_

Отбасының

құрамы: \_\_\_\_\_

Әкесі, жұмыс

орны: \_\_\_\_\_

Анасы, жұмыс

орны: \_\_\_\_\_

Атасы:

\_\_\_\_\_ Ап

асы: \_\_\_\_\_

Балалары: \_\_\_\_\_ Ба

сқа

туысқандары: \_\_\_\_\_

Үй-тұрмыстық

жағдайлары: \_\_\_\_\_

Материалдық

жағдайлары: \_\_\_\_\_

Әлеуметтік ортаның

мінездемесі: \_\_\_\_\_

Контакт жасап тұратын мемлекеттік

мекемелер: \_\_\_\_\_

Оқу

мекемелері: \_\_\_\_\_

Наркологиялық

диспансер: \_\_\_\_\_

### **ОТБАСЫ КАРТАСЫ**

Оқушының аты-

жөні \_\_\_\_\_

Баланың әкесі

\_\_\_\_\_

қызмет орны:

\_\_\_\_\_

Баланың

анасы \_\_\_\_\_



қызмет

орны: \_\_\_\_\_ От  
басы жағдайы

Отбасындағы қарым-қатынас:

Отбасында қанша адам бар?

Олардың аты-жөні және туылған күндері:

Отбасы үшін маңызды күндер?

Отбасының діни-религиялық бағыты  
қандай?

Мекен-жайы:

Көршілері туралы қысқаша  
мәлімет:

Баланың жатын бөлмесі туралы:

Бөлме ауданы:

Бөлмедегі жиһаздарды атап көрсетіңіз:

Баланың денсаулығы туралы мәлімет:

Баланың ең сүйікті мұғалімі кім?

Қандай фильмдер мен кітаптарды таңдайды?

Бос уақытын кіммен және қайда өткізеді?

Күніне балаға қанша уақыт бөледі?

Сыныптастарымен қарым-қатынасы туралы не біледі?

## АТА АНАЛАРҒА ЖАДНАМА

### Балаларды әлеуметтік қорғау

Құрметті ата-аналар, қамқоршылар (баланың заңды өкілдері), егер қандайда бір жағдайда балаңыздың әлеуметтік қорғау саласына қатысты құқықтары бұзылды деп санасаңыз (жәрдемақыны тағайындау, есептеу және төлеу), онда сіз:

